Шәкәрімнің ұлтын сүйген отаншыл ұстанымының беріктігі Кенесары хан бастаған ұлттық-азаттық қозғалыс батырларына (Хан және оның батырлары Саркөк т.б.) арналған ықыласынан-пейілінен аңғарылады. Әсіресе, Кенесарының Сарыарқаға сыймай жат өлкеге қоныс аударғанына, қапыда мерт болғанына қатты күйзелген. Шәкәрім Абайдың әрбір жаңа өлеңінен тың ой түйінін тауып, өзі де сол бағытта жаңа шығарма туындатады. (Мысалы, Абайдың «Туысың да, досың да – бәрі екіұшты», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдері).

Абай отбасылық жұмыстарында да, елішілік әлеуметтік істерде де Шәкәрімнің басқаруымен орындауына тапсырады. Мысалы, келіні Кәмәлияны Семейден ұзатып алып келерде де, Шәкәрімді жұмсайды, Ал, Мәскеу түбіндегі Ясная Поляна мекеніндегі Лев Толстойға да хат жазып, Шәкәрімді арнайы аттандыруды Абай ұйғарады. Абай ағасының бағалаған сөздерінен Шәкәрім Лев Толстойдың адамзат қауымының ар, иманы көрсеткіші деңгейіндегі тұлға екендігін, оның Исламды Православиеден биік жоғары қойғанын, фәни дүниенің қызығын тәрк етіп, артық дүниесін нашарларға үлестіріп, күнделікті ішер асы мен киер киіміне ғана қанағат етуді ұстанған тағылымын гуманизм өнегесі тұрғысында бағалайды.

Шәкәрім романда Абай ұстазының дүниеден

өтер сәтінде де, өмірден озған кезінде де оқиғалар ортасында суреттелген. Романның идеялық-композициялық желісінде Шәкәрімді Абай тұлғасының бір бөлшегіндей, ұлылық әлемінің кейінге ұласқан бөліміндей етіп бейнелеу мұраты орындалғандай. Авторлық идеялық түйін – Абайдың да, оның дарынды шәкірттерінің де қаталдықтың, әділетсіздіктің құрбандары болғандығын дәлелдеу.

Романның соңғы беттеріндегі авторлық түйіндеу де тарихи тұлғалар тағдырының кезең қыспағынан қасірет шегуінің және жазалау құрбандары болуының мәнісін дәйектей түседі:

«Шәкәрім Абай ағасы өлгенде басына үйіріле берген қасірет бұлты ғана емес, дем алатын ауасының тарылып кеткенінен болған кесел екенін түсінді.

Салауат қаза, орны толмас өкініш – бұлар. Абайдың айналасында өз ажалынан өлген адам некен-саяқ. Шәкәрім қажыны Кеңес өкіметінің чекист-жендеті атып, терең құдыққа тастап жіберді. Бұдан соң атылғаны, айдалғаны, қараңғы үйде қамалып отырғаны бар – ұзын саны мыңнан асып жығылады. Өкімет құрығы жетпегені елінен, жерінен безіп кетсе, аман қалғаны. Орыс-Герман соғысының құрбаны болды» [5, 749 б].

Шәкәрім – хакім Абайдың даналық тұжырымдарымен ағасының көзінің тірісінде сүйсіне оқып, талқылап, өзінің өмір жолында тұрақты бағдар, тағылым алып өткенін «Абай марқұм өткен соң, өзіме айтқан жырларым» атты өлеңінде шын шәкірттік ойын білдірген:

«Ажал жетсе, өлдің бе?
Өлім келді, көрдің бе?
Баянсызға салынба»-
Десе, жоқтау бердің бе?
Жетпесті қудың жеттің бе?
Барша жаннан өттің бе?
Тағдырың жазған ақ өлім
Құтылып онан кеттің бе?
Қарманып едің, таптың ба?
Қарындасқа жақтың ба?
Қарсыласқан жауыңды,
Қаніки, жерге қақтың ба?
...Өлместей оны көруші ең,
Соған да қарсы келуші ең
Аяған сонан жаныңды
Кімге сақтап беруші ең?!» [6, 83 б].

Хакім Абайдың балалары өзіндей болмағанмен оның адамгершілік-имандылық ұйыған бітім-болмысына лайықты жаратылған қасиеттерімен танылған еді.

Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұл – бәрі де әкесінің әулеттеріндегі, халық ортасындағы абырой-беделіне лайықты өмір сүру дағдысын ұстанды, аталары Кеңгірбайдың, Өскенбайдың, Құнанбайдың елге сыйлы болған ұлағатты ұстанымдарына лайықты өмір сүруге тырысты.

Баласы Тұрағұл Абайұлы «Әкем Абай туралы» деген естелігінде сөз арқауындағы романдағы-

дай хал-ахуалдық деректі шындығын көз алдымызға әкеледі:

«Мен әкемді танығанда, әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай, салбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе, малай, малшы, қызметкер, қатыннан да болса, бір тәуір мінезін, қылығын тауып, жақсы көріп, ойнап-қалжыңдап отырар еді. Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адамымен мәжілісте болып ұзақ отыра алмаушы еді. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, ол уақытты өзіне абақтыдан кем көрмеуші еді. Сыпайылыққа салиха, әдептіленіп аяғының, басынан аңдап, аузынан шыққан сөзін санап отыратұғын адамға да, уақытқа да риза емес еді. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетұғын адамды аңсап сағынып, ондай адамы келгенде баласы да туған бауыры келген кісідей қуанып қалушы еді [7, 78 б]. Бұл хакім Абайдың табиғи жағдайдағы деректі шындығы, мінез-құлық дағдыларының тарихи сипаты. Ал, өзінің балаларына, туған інісі Шәкәрімді және талапкерлерді баулудағы ұстаздың өзі де осы естелікте айтылған.

«Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта жазған өлеңдерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдап, отырсам керек, менің соныма-ақ қаты қуанып, ырза болып, жолаушылап, келгенде соларға мені: «Мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып жалықпай тыңдады», – деп мақтады.

Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екенмін деп, сол жылғы бастығымыз Шаһкерім кажы болып хақиқаты олай емес, былай деп таласып жататын санды шәкірттің қатарында болдым.

Жасында ашу мен махаббатты қатар қолданғандығынан, қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан жылы махаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан жазатайым болса ашуланып кететұғын мінезінен қорқып жүретұғын еді» [7, 15 б].

Тұрағұлдың осы естелік дерегі – тарихи тұлғаның күнделікті тұрмыстағы жағдайын, табиғи қалпын көз алдымызға елестетеді. Абай балаларының ішіндегі Мағауия да ұлт тарихында қалдырған елеулі мұрасымен ерекшеленетін тұлғалардың бірі.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының бағалауы (С.Қорабай зерттеуі) бойынша: «Мағауия да ақын поэзиясынан үлгі алып, Абайдың ақыл-кеңесі бойынша Еуропа ақындарының үлгісімен терең сезімді махаббат, өршіл сарынды оқиғалы дастан – поэмалар жазу жолына түседі.

Ұстаз әке жолымен сюжеті мен образдар сомдау жағынан романтизм стиліндегі шығыстық сарындағы «Медғат-Қасым», негізгі идеялық мазмұны адал махаббат бас бостандығы жолын-

да құрбан болған екі жастың қайғылы тағдырын жырға қосқан Еңлік-Кебек қазақ халқының сыртқы жауға қарсы азаттық күресін паш етуге арналған «Абылай» поэмалары Мағауия қаламынан туады [8, 82 б].

«Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында Мағауияның да көркем бейнесі бар. Жазушы оны әкесімен қарым-қатынастары жағдайында кеңінен алып бейнелеген.

Мағауия – әкесінің қасқабағын көбірек қадағалаған қалпымен көрінген. Әкесінің жайдары да, көңілсіз де болатын аумалы-төкпелі мінез құбылыстарының барлығында да Мағауия әке жан дүниесінің демеушісі, ақылшысы тұғырында жүргендей сезіледі.

Абай осы сүйікті баласын еркелетіп «Мағаш», «Мағытай» деп атайтынын да роман сюжеттерінен оқимыз. Автор тарихи деректілігі анық осындай поэтикалық мәнін дұрыс үйлестірген.

Кейіпкерлердің сюжеттердегі іс-әрекеттерін, қимыл-қозғалыстарын тарихи деректер негізінде ала отырып, диалогтарымен, ішкі монологтарымен байланыстыра бейнелеуден шығарманың негізгі идеялық мұраты жинақталады. Абайдың алдына өзінің шығармашылық есебін беруге келгендей толқу сезімі торлаған Мағауияның психологиялық хал-ахуалына тән реалистік суреттеуден осындай поэтикалық ерекшелік байқалады:

«Мағауия үйге қолына белінде айылбасы бар сарғыш портфель ұстай кірді. Сәлем берген үні дірілдеңкірей шығып, ашаң өңі бұрынғысынан да ағара, жұқара көрінді. Жазық, кең маңдайына қарай көтеріле, керіле түскен жіңішке қастарының ұшы да қарлығаштың қанаты құсап діріл қағып тұр.

– Балам, кел, қасыма отыр! – деді Абай өзінің қатарынан орын нұсқап.

Мағауия ол орынға отырмады, қарсы алдынан кер құшақтай кетіп, айра-жайра кеудесіне ыстық бетін басып тұрып:

– Аяғы шықпай жатыр, аға. Сол бөгеді қолымды, – деп барып, жүрелей кетті.

Әкесі оның не жөнінде екенін жобалап қана түсініп:

– Енді бітті ме? Босандың ба? Арқаң қалтырап тұр ғой, – деді. Мағауия ауырсына жымиып, әлгінде көрпе үстіне тастай берген портфеліне қайта қолын созды.

– Жоқ, бітпеді. Шыдамадым ғой. Сізді көрмей жата беруге, аға. «Медғат-Қасымды» әкеп отырмын.

– Мен бір жаққа кетіп қалады дедің бе, балам? – Абайдың жасаурай қарайтын шарасы үлкен көздері кенет құрғап, ұшқын ата қалды. – Дәнеңе етпес бітпегені. Кейде осылай шолақ қайырылғаны жақсы. Қырық күні жетпей қосылған Тайбурыл да шабысынан танбаған ғой. Әкел бері...» [5, 696 б].

Абайдың шығармашылық тапсырмасы – Аф-

рика құрлығында, Ніл дариясы жағасында болған оқиғаның А.С.Пушкиннің «Дубровскийіне» ұқсастырып, жеке адам мен қалың көпшіліктің ортақ мұң-зары рухымен жырлануы.

Дастанның сюжеттік-композициялық сипатында бай мырзасы Медғаттың және оның асыранды қарындасы Марияның Қасым Құлдың адал сезімін қорлап жазалауын, Қасым бастаған топтың жауыздыққа қарсы күресінің романтикалық сипатын ойдағыдай игеріп жазып шыққан шығармашылық жұмысына ризалық білдіреді. Абай – өзінің баулыған шәкірттерін, оның ішінде өзінің балаларын шығармашылық ойдың биігінде болуын көксеген гуманист. Бұл ойларын шығармаларында реалистікпен айтқан:

Адамның бір қызығы бала деген,.

Баланы оқытуды жек көрмедім,

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» [9, 22 б].

«Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының осы Мағауия дастаны «Медғат-Қасымның» алғаш оқылған сәтіндегі ақын әкенің күткен үміті, ақталған, қуанған көңіл-күй құбылыстары нағыз тыңдаушы психологиясының шыншыл болмысымен елестетілген. Хакім Абайдың ауыр денесін сергектікпен қозғағаны, дастанды бейне бір өзі топыраққа енген дәннен өнген, мәуелеген жеміс ағашының тұрпатындай сезініп, жылдам көргісі, жан жүйесімен сезінгісі келген ынтызар ықыласын жазушы нағыз шығармашылық тұлға психологиясына тән құбылыстар тұтасқан күрделі сипатымен беруге ұмтылған:

«Өнер қайығына отырғанда ғана өзіңнің адамдығыңа еш шүбә келтірмей-сің. Алдыңнан арман жағасы, көңілің қалаған тұрақ-мекенің күтіп тұрғандай. Сәл шыдасаң махаббат, достық, ізгілік ағысына килігесің» [5, 697 б].

Мағауияның осы дастанынан кейін бойын жайлап жүрген ауыр ойлардан күрт серпілгендей күй кешкен хакімнің жадыраған көңіл-күйі өзін де, өзіне қарап отырған шәкірттерін де қуанышқа бөлейді.

Абай егделене бастаған кезде осы Мағауия баласының атақ-даңқы, елге ықпалы күшейгеніне де романда, жақсы баға берілген. Ел арасындағы билік шешімдері кезіндегі тиянақты, әділ іс-қимылдары, өнері, беделді әулеттің лайықты ұрпағына лайықты болмысымен дәлелденген:

Ол екі қолын шапанының жеңінен шығармай қаусырынып, қысықтау көздерін сығырайта қарап отырып, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шеше салады. «Тісіңдегі қарақұртың мен тізеңе ұялаған сарысуыңа сүліктей қадалады» деседі жұрт. Жанынан шығарып айтатын суырып-салма ақындығы көмейін бүлкілдеткен шешен тіліне үйлес. Оның бұған дейін жиын-тойларда айтылып келген «Еңлік-Кебек» жырына енді жаңадан шығып, тарап кеткен. «Медғат-Қасым» атты ұзақ дастаны қосылып, оның ел сөзін ұстаған Мағауия

атын көп орындарда арқалы ақын есебінде мәлім етеді» [5, 710 б].

Бұл – Абай хакімнің балалары арқылы өзі ұстанған адамгершілік-имандылық тағылымын халқына, кейінгі ұрпақтарына үлгі етіп, ұсынуының көрінісі. Романдағы тарихи дерек аясында сомдалған көркем бейне тағылымы осындай даналық тағылымын ұғындырғандай.

Романда Мағауияның ауырып жатқан кезі де біршама қамтылған. Оның денесіндегі, арқасының, кеуде тұсының қарайғанын, демігуі күшейгенін, түнде қатты аласұрып қиналып шығатынын, кейде жастыққа сүйеніп, басын көтеруге ғана жарайтыны, кейде шамалы жағдайы жақсарып көкірек ауруына тән алдамшы жағдайда болған сәттерін қамтыған баяндауларды оқимын.

Ауырып жатқан сәттерінде табиғат қозғалыстарын да, ұшқан, ұя салған қарлығаштарды да, көктемнің жадыраған аспанын да, өзін тіреу, медеу санайтын «ағайын-туыс ортасында отырып панасыз, әркімге бір жаутаңкөз» [5, 726 б].

Әкесі Абайды да – фәнидегі бүкіл тіршілікті ғашық көңілімен құшудан айнымаған Мағауияның жан әлемін түйсінеміз: Әсіресе, Мағауияның фәниден кетер сәттегі әкесі Абаймен өткізген соңғы сұхбаты да ұрпақтар жалғастығына негізделген тіршілік заңдылығын мойындаған дос еді. Осы дидарласу сәтіне дейін ауылдағы ағайындарының киіз үйлерін жағалап, түгел аралап шыққан Мағауияның іс-әрекеттері адамдармен, тіршілікпен мәңгілікке қоштасудай екендігін оқимыз. Ауылының балаларына бір күн дәріс оқығаны да, өнерпаздарды (сырнайшы, күйші, әнші) жинап сауық кешін өткізгені де, әкесімен бақұлдасып жатып сандырақтағанда да фәни дүниеге құштарлығын жоғалтпаған арманшыл, асыл ой иесінің жан әлемі жарқырай түседі. Көркем бейнеге тән эстетикалық дүниетаным кеңдігі де, тереңдігі де осы Мағауия тұлғасына біршама жинақталған сипатымен айқындалған.

Көтеріңкі көңіл-күй шығармашылықпен айналысатын тұлғалардың жаңа туындылар жазуына ықпал етеді. Ақын шәкірттеріне берген тапсырмаларының ойдағыдай орындалғанына қуанған хакім Абайдың шығармашылық шабытынан туындаған нәтижелер романда тарихи дерекпен көрсетілген:

«Осы күз және бүкіл қыс бойы Абай өзі де күні-түні қадалып отырып, көп өлең-жыр, «Қазақтың түбі қайдан шыққаны» сияқты тағы біраз қара сөздерін тоғытып жазып тастап еді» [5, 698 б].

Тарихилық деректері романдардағы эпикалық баяндаулардың да, кейіпкерлердің мінезделуі мен даралануын жүзеге асыратын диалогтардың да, ішкі монологтардың шынайылығын қамтамасыз етеді. Басты және жанама кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастарындағы үйлесімді және қақтығыс-тарды, олардың әлеуметтік ортадағы қызметтерін саралауда тарихи деректер туын-

дылардың оқырмандарын сендіретін реалистік сипатты күшейтеді. Ал, тарихилық негізіндегі көркем бейнелер шығармалардың халықтық сипатын айқындайды.

Қорытынды. Тарихилық арнасындағы көркем бейнелер көркем шындық поэтикасы аясында жинақталады. Көркем шындық – өмірде болған тарихи тұлғалардың да тұрмыс ағынында жалпыға ортақ қасиеттерін эстетикалық талғам, таным өлшемдеріне сай жинақтап, тұтастырып берілуін жүзеге асыратын поэтикалық тәсіл. Жазушылардың романдарында тарихтағы танымал тұлғалардың жан әлемін романтикалық және реалистік сарындар ұштасуымен бейнелеуі адам жан-дүниесіндегі өмірсүйгіш, арманшыл жүрек соғысын танытқандай әсер береді. Көркем прозадағы лирикалық-психологиялық кешенді бейнелеулер мен баяндаулар арқылы өмірдің аса таусылмайтын қызықтары да, сенім мен үмітке толы болашағы да қамтылады. Бұл – көркем өнері туындыларының бәріне де ортақ адам ойы те-

реңдігінің, шексіздігінің шынайы көрсеткіші.

Қорыта айтқанда, романдардың мазмұны мен пішін поэтикалық тұтастықпен жазуда өмір шындығын тарихи шындық поэтикасымен жазудың суреткерлік шеберлікке жеткізетіні айқындалады. Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының кең көлемді эпопеялық желісінде тарихи тұлғалардың өзара дүниетанымдық үндестігі де, әрқайсысының даралық өзгешеліктері де айқындалған. Қазақ тарихындағы әлемдік өркениет кеңістігіндегі озық көрсеткіштермен деңгейлес тұлғалардың өмір деректері тарихи-көркем шындық поэтикасымен жинақтала өрнектеліп, қазақтың рухани құндылықтары мұраларының мәңгілік ұлағаты анықталған. Қазіргі уақыт талабымен туындаған қазақ романы ұлт тарихының деректі кезеңдерін, көрнекті тұлғалар тағылымын эпикалық тыныспен бейнелеудің классикалық үрдісін жаңғырта жалғастыруымен ерекшеленеді. Бұл – қазақ сөз өнері дамуындағы тың серпілістің, өрлеудің көрсеткіші.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
3. Адамзат өркениеті-тарих және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары, 5-9 шілде 2005 ж. – Алматы: Университет «Қайнар», 2005. – 266 б.
4. Сөз тапқанға қолқа жоқ: Күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер, толғау-термелер / Ел аузынан жинағандар: А. Бейсенғалиев, С. Әбілғазин, С. Қарамендин. – Алматы: Жазушы, 1988. – 608 б.
5. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.
6. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
7. Құнанбаев Тұрағұл. Әлем Абай туралы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 56 б.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 610 б.
9. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 1: Өлеңдер мен поэмалар. – 304 б.

REFERENCES:

1. Dictionary of terms of literary studies / compiled by Z. Akhmetov, T. Shanbayev. – Almaty: native language, 1996. – 240 P.
2. Nazarbayev N. A. on the wave of history. Almaty: Atamura publ., 1999. – 296 P.
3. human civilization-history and modernity. Proceedings of the international scientific conference, July 5-9, 2005 – Almaty: University "Kainar", 2005. – 266 P.
4. there are no words: funny stories, oratorical words, tolgau-termes / collected from the mouth of the country: A. Beisengaliyev, S. Abelgazin, S. Karamendin. – Almaty: writer, 1988. – 608 P.
5. Tokhtarov R. The Riddle of Abai: the novel-Hamsa. Almaty: Al-Farabi publ., 1999. – 752 P.
6. Kudaiberdiev Sh. works: Poems, sagas, words of edification. – Almaty: writer, 1988. – 560 P.
7. Kunanbayev Turagul. The world is about Abay. – Almaty: native language, 1993. – 56 p.
8. history of Kazakh literature. Ten volumes. Volume 6. – Almaty: Kazinform, 2006. – 610 P.
9. Abay (Ibrahim Kunanbayev). Collection of works in two volumes. Almaty: writer, 1986. Vol. 1: poems and poems. – 304 P.

Сведения об авторах:

Айтимов Муратбек Кенжебаевич – Кызылординский университет имени Коркыт Ата Доктор филологических наук, профессор, Казахстан, Кызылорда, Айтеке би, 29А, 120014

Серикбаева Эльмира Габдоловна – Магистрант Кызылординского университета имени Коркыт Ата Казахстан, Кызылорда, Айтеке би, 29А, 120014

Авторлар туралы мәліметтер:

Айтимов Мұратбек Кенжебайұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Қызылорда, Әйтеке би, 29а, 120014

Серікбаева Эльмира Габдолқызы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты Қазақстан, Қызылорда, Әйтеке би, 29а, 12

Information about the authors:

Aitimov Muratbek Kenzhebaevich – Korkyt Ata Kyzylorda University Doctor of Philology, Professor Kazakhstan, Kyzylorda, Aiteke bi, 29A, 120014

Serikbayeva Elmira Gabdolovna – Master's student of Korkyt Ata Kyzylorda University Kazakhstan, Kyzylorda, Aiteke bi, 29A, 120014

А.У. ЕСЕНОВА^{1*}, К.К. КҮРКЕБАЕВ²

¹² әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(*E-mail: aidana17_97@mail.ru)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР ТІЛДЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРҒА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ және ұйғыр тілдерінің салыстырмалы лексикалық және грамматикалық сипаттарына талдаулар жүргізіледі. Түркі тілдер тарихын, грамматикасын жалпы қарастырып, зерттеген ғалымдар, олардың еңбектері әлі күнге дейін түркологияның негізгі оқу құралы боп келеді. Алайда сол еңбектердің қатарында түркі тілдерін жеке алып, салыстырмалы түрде жазылған жұмыстар аз. Қазақ тіл білімі үшін түркология саласында қатысты зерттеулер қашан да құнды болып саналады. XIX ғасырдың басынан бастап түркі тілдері салыстырмалы, салғастырмалы-тарихи әдіс тұрғысынан қызу зерттеле бастады. Бұл жерде XIX ғасырда зерттеу материалы ретінде ғылымға ұсынған орыс ғалымдарының (В.Радлов, Б.А.Серебряников, Н.Баскаков, П.Мелиоранский, П.Паллас т.б.) үлесі шексіз болғанын айтуымыз керек. Қазақ тіл білімінде де түркологияға қатысты үлкен зерттеулер жасалды. Бұл қатарда І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Томанов, К.Мұсабаев, А.Аманжолов, Р.Сыздық, Б.Сағындықұлының еңбектерін атасақ болады.

Қазақ және ұйғыр тілдері бір-біріне тарихи тұрғыдан да, грамматикалық тұрғыдан да, қай жағынан алып қарасаң да өте жақын әрі ұқсас тілдер. Дегенмен де, олардың қазіргі таңда тілдік дамуы, сөз қолданысы әр түрлі деңгейде. Мақалада қазақ және ұйғыр тілдерінің зерттелу тарихына, түркологиядағы алатын орнына, лексикалық-тақырыптық топтарына, грамматикалық жүйесіне арнайы талдау жасалады.

Түйіндемесөздер: лексика, грамматика, түркология, салыстырмалы әдіс, салғастырмалы-тарихи әдіс, грамматикалық жүйе.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЛЕКСИКО-ТЕМАТИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСКОМ И УЙГУРСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация: В данной статье проводится анализ сравнительных лексических и грамматических характеристик казахского и уйгурского языков. Ученые, изучающие историю, грамматику тюркских языков в целом, их труды до сих пор являются основным учебным пособием тюркологии. Однако в числе тех работ, которые были взяты отдельно на тюркские языки, мало работ, которые были написаны сравнительно. Для казахского языкознания исследования в области тюркологии всегда ценны. С начала XIX века тюркские языки начали активно изучать сравнительно, сопоставительно-исторический метод. Здесь в XIX веке в качестве материала исследования были представлены русские ученые (В.Радлов, Б.А.Серебряников, Н.Баскаков, П.Мелиоранский, П.П.Паллас и др.) надо признать, что их вклад был бесконечный. В казахском языкознании также были сделаны большие исследования по тюркологии. были отмечены работы И.Кенесбаева, Н.Сауранбаева, С.Аманжолова, М.Томанова, К.Мусабаева, А.Аманжолова, Р.Сыздық, Б.Сағындықовича.

Казахский и уйгурский языки очень близкие и сходные языки, как с исторической, так и с грамматической точки зрения. Тем не менее, в настоящее время их языковое развитие, употребление слов на разных уровнях. В статье рассматривается анализ лексико-тематических групп, грамматической системы казахского и уйгурского языков, начиная с истории изучения казахского и уйгурского языков.

Ключевые слова: лексика, грамматика, тюркология, сравнительный метод, сопоставительно-исторический метод, грамматическая система.

COMPARATIVE ANALYSIS OF LEXICO-THematic GROUPS IN KAZAKH AND UIGUR LANGUAGES

Abstract: This article analyzes the comparative lexical and grammatical characteristics of the Kazakh and Uyghur languages. Scientists who study the history and grammar of the Turkic languages in General, their works are still the main textbook of Turkology. However, among the works that have been taken separately into Turkic languages, there are few works that have been written comparatively. For Kazakh

linguistics, research in the field of Turkology is always valuable. Since the beginning of the 19 century, the Turkic languages have been actively studied by the comparative-historical method. Here in the 19 century, Russian scientists (V.Radlov, B. A. Serebrynikov, N.Baskakov, P.Melioransky, P.P.Pallas.b.) were presented as research material. It is infinitely necessary that the share of employees of the Kazakhstan traffic police. In Kazakh linguistics, extensive research has also been done on Turkology. They noted the work of I. Kenesbaev, N.Sauranbaev, S.Amanzholov, M.Tomanova, A.Amanzholov, R.Syzdyk, B.Sagyndyk.

Kazakh and Uyghur languages are very close and similar languages, both from the historical and grammatical point of view, from which side. However, currently their language development, the use of words at different levels. The article deals with the analysis of lexical and thematic groups, the grammatical system of the Kazakh and Uyghur languages, starting with the history of studying the Kazakh and Uyghur languages.

Key words: lexical, grammar, Turkology, comparative method, comparative-historical method, grammatical system.

Кіріспе. Тіл білімі білімі дамуының жаңа дәуірі тілді зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудан басталады. Бұл оқиға XIX ғасырдың алғашқы жартысында тіл білімі тарихында орын ала бастады. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында лингвистиканың даму қарқыны мен бағыты жаңа зерттеу әдісінің қажеттілігін көрсетті. Жаңа әдістің бой көтеруі – ежелден келе жатқан лингвистикалық ой-пікір дамуының заңды нәтижесі іспетті болды.

XX ғасырдың бас кезінде әр елде салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жазылған біршама еңбектер жарық көрді. Тіл білімінде бұл әдістің негізін салушы ретінде Франц Бопп саналады. Ғалымның үш томнан тұратын «Санскрит, зенд, армян, грек, латын, литва, көне славян, гот, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты еңбегі салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына ықпалын тигізді. Тілдерді зерттеу жұмысында салыстыру әдісін қодану арқылы тілдер туыстастығын анықтауға болатындығын да көрсетті.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі туыс тілдердің дамуын, салыстырмалы-тарихи грамматика мен этимологиялық сөздіктерді қарастырады. Түркі тіл білімінде салыстырмалы-тарихи тәсіл қолданысы М.Қашқаридың “Диуани лұғат-ат-түрк” еңбегінен басталады. Ескерткіште түркі тілдері мен диалектілері жинақталып, тілдердің лексикасы мен фонетикасы, грамматикасы салыстырмалы түрде берілген және алғаш рет тілдік карта жасалған. Түркі тілдерінің жеке тілдік деректерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырған Ә.Құрышжанұлы, Ә.Ибатов, А.Аманжолов, Б.Сағындықұлы, Е.Қажыбек, М.Оразов сынды ғалымдардың еңбектері жарық көрген.

Материалдар мен әдістер. Салыстырмалы-тарихи әдіс туыстас тілдер фактілерін бір-бірімен салыстыра отырып зерттейді. Мұндай салыстыру кезінде екі түрлі мақсат көзделеді. Бірі – салыстырылып отырған тілдер фактілері дамуының жалпы заңдылығы мен олардың арасындағы туыстастықты ашу болса, екіншісі – тіл не тілдер тарихын айқындауға қажетті мәліметтерді табу.

Жалпы, түркі тілдері тобындағы тілдердің тілдік құрылымы (грамматикасы) бірдей. Негізгі сөздік қорлары да біршама ортақ. Олардың тілдік құрылымы мен негізгі сөздік қорлары бір-

біріне қаншалықты жақын болғанымен, әрқайсысының дыбыстық жүйесінде тарихи түрлі жағдайларға байланысты қалыптасқан өзіндік айырмашылықтар бар. Сол себептен түркі тілдері тобына жататын тілдердің бәріне ортақ болып келетін көптеген сөздер әрқайсысында дыбысталу жағынан бір-бірінен бөлектеніп, ерекшеленіп тұрады (1: 354).

Түркі тілдерін әр қырынан зерттеу көптеген зерттеушілердің негізгі мәселесіне айналды. Бұл туралы Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А өз еңбектерінде былай дейді: Осы уақытқа дейін отандық (ресейлік) және шет елдік түркологтар тілдің синтаксистік құрылымына салыстырмалы-тарихи талдау мен түрлі синтаксистік бірліктердің тарихын зерттеуге арнайы жұмыс жүргізген жоқ. Алайда бұл түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын зерттеуге байланысты мәселелер лингвистердің назарын аудармады деген сөз емес (2: 5).

Салыстырмалы-тарихи әдісті қолданғанда, салыстырылып отырған тілдік фактілердің хронологиялық жүйеде болуы, тіл тарихын қоғам тарихымен байланыстыра зерттелуі ескеріледі.

Нәтижелер. Ұйғыр тілін зерттеу жұмысы Қазан төңкерісінен бұрын басталған болатын, бірақ оның ғылыми тұрғыдан жан – жақты зерттелуі Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде болды. Қазіргі ұйғыр тіл білімінің қалыптасуына С.Е. Малов, А.К. Боровков, Н.Наджи, Ә.Қайдар, Ғ.Садуақасов, Т.Талипов, Ә.Р. Тенишев, Г.Ярринг, В.М. Насилов, т.б. осы сияқты ғалымдар ат салысып келеді.

Баскаков Н.А. өзінің «Введение в изучение тюркских языков» атты еңбегінде ұйғыр тілін қарлұқ тобына жатқызады да, оны екі үлкен кезеңге бөледі. Ғалым қарлұқ тобы батыс хун мен шығыс хун арасында орташа орынды алады дейді. X-XI ғасырларда Қарахан әулетінің батыс және шығыс тілдерімен қарым-қатынасы нәтижесінде, бір жағынан тәжік және Орталық Азиядағы иран тілдерімен қатынасының нәтижесінде қарлұқ тобының тілдері пайда болды дейді (3: 298).

Ұйғыр тілінің диалектілерін анықтауда түрлі пікірлер бар. Мысалы, Г. Ярринг ұйғыр тілінде оңтүстік, солтүстік диалектілері бар деп есептесе, А.Н. Баскаков ұйғыр диалектісін мынадай төрт

бөлікке бөледі: 1) оңтүстік диалекті; 2) солтүстік диалекті; 3) лобнор диалектісі; 4) ганьсуй диалектісі. Ә.Қайдардың арнайы зерттеуінде ұйғыр әдеби тілінің негізін Шыңжаң ҰАР жағдайында 5 диалект: 1) солтүстік шығыс (қуча турфан); 2) солтүстік (Іле); 3) оңтүстік батыс (қашғар жаркент); 4) оңтүстік шығыс (хотанкерия); 5) шығыс (лобнор) (4: 186).

Лексикологияда сөз дегеніміз лексикалық единица ретінде қарастырылады. Қазақ тілі – өте бай тіл. Дегенмен де кірме сөздер қатары толып жатыр. Қазақ тіліне енген кірме сөздерді екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: а) VIII-IX ғасырдан бері арабизм мен парсизмдерді алып келген он ғасырлық уақыт; б) XX ғасырдағы интернационалдық терминдер мен русизмдер болатын. Қазақ тіліндегі араб пен парсы сөздерінің табиғатын зерттеген Л.Рүстемов олардың тілдегі үлесі 14,5 деп көрсеткен болатын.

Ұйғыр тілі лексикасы мыңдаған жылдық тарихқа ие. Ұйғыр тілі жайында монография жазған Руслан Арзиев өз еңбегінде былай дейді: Мемлекет ажырағаннан кейін ұйғыр тіліне араб пен парсы сөздері көптеп кіре бастады. Көне ұйғыр тілінде кірме сөздер үлесі 50 пайызға жетті (5: 158). Ал қазіргі уақытта ұйғыр әдеби тілінде араб пен парсы сөздерінің қосылу процесі тоқтап, Еуропа тілдерінен кірген сөздердің үлесі артуда.

Соматизмдер – лексикалық қабаттың ең көне әрі ең активті, танымдық функциясы тереңде жатқан ежелгі әрі танымдық, әрі лексикалық бірліктердің бірі. Оның халықтың когнитивтік табиғатында қандай символдар мен айырымдық бірліктер арқылы өрнектелген, халықтың өмірі мен тұрмысын көрсетуде, мәдени индикаторы болуда ретінде қаншалықты аударматану негіздері жүйесінде іске асырылады, мұның барлығы – аударманың әртүрлі аспектілерінде қарастырылуға тұрарлық мәселе саналады.

Талқылау. Зерттеуіміздің деректік негізі ұйғыр және қазақ әдеби тілінің лексемаларына негізделгендіктен аталмыш тілдердегі соматикалық лексика бірліктерінің салыстырмалы нұсқаларын көрсетейік:

Кесте 1. Қазақ және ұйғыр тіліндегі соматикалық атаулар жүйесі

Қазақ тілі	Ұйғыр тілі
алақан	уч, уч төбе
асқазан	ашказан
Ауыз	авыз
Аяқ	аяк
бармақ	бармак
Бас	баш
бауыр	бавыр
бел	бил
Бет	бит

бүйрек	бөр
--------	-----

Тілдегі соматизмдер лексикалық қабаттың ең көне бөлігі болғандықтан, оның тарихи даму сипаты бірқалыпты болады. Сондықтан болса керек, барлық түрік халықтары тілдерінде аталмыш лексика қоры дыбыстық, грамматикалық рәсімділігі, формасы жағынан алыс алшақтықтар болмайды. Жоғарыда байқап отырғанымыздай, қазақ тілінде кездесетін соматикалық лексикалардың барлығы да ұйғыр тілінде кездеседі әрі сөздердің формасы мен дыбыстың қабатын жағынан да бір-біріне сәйкес келеді.

Өсімдік атаулары мен жануар атаулары да ежелгі лексиканың қабаттарына жататындықтан туыстас тілдерге бұл атаулардың ортақтығы тән. Қазақ халқының да, кейінгі ғасырларға дейін ұйғыр халқының көшпенді шаруашылықпен айналысып, айналаны танып өскендіктен, аңшылық тәрізді хобби істермен айналысқандықтан қазақ және ұйғыр тілінде бірдей жан-жануар мен өсімдіктер атаулары кездеседі.

Кесте 2. Қазақ және ұйғыр тіліндегі зоонимдер

Қазақ тілі	Ұйғыр тілі
түйе	төгә
жылқы	ат
сиыр	сийир, кала
қой	қой
ешкі	өшкә
есек	ешәк
қоян	тошқан
бұғы	буға
үйрек	өдәк
арыстан	шир
аю	ейиқ
жолбарыс	йолвас
қасқыр, бөрі	бөрә
ит	ишт
түлкі	түлкә
мысық	төшүк

Көптеген атаулардың дыбыстық қабаты бір-біріне өте қатты ұқсайды, тек сыңар дыбыстардың тарихи дамуы кезінде аздаған ауысымдар орын алған. Мәселен, «аққу», «бұғы», «бүркіт», «қаз» атаулары ұйғыр тілінде «аққуш», «буға», «бүркүт», «ғаз» ретінде берілген де, екі тілдегі қ~ғ, ұ~у, ү~і секілді дыбыстардың алмасымы орын алған.

Одан өзге қазақ тілінде жеке атаулары бар жануарлардың ұйғыр тілінде жоқтығы байқалады. Мәселен, «ақбөкен», «елік», «құндыз» атауы ұйғыр тіліндегі баламасын таба алмадық. Ал кейбір атаулардың бір-біріне мүлдем ұқсамайтындығын, өзгеше атауларға ие болғандығын байқауға болады: қоян – тошқан, арыстан – шир, аю – ейиқ, мысық – төшүк.

Түркі халықтарының ортақ лексикалық

топтамалардың тағы бір қызықты бөлігі – космонимдер немесе ғарыштық атаулар. Косминимдік детальдардың ежелгі халықтар өмірінде үлкен мифологиялық таным мен жанрлардың қалыптасуына әсер еткенін ескерсек, мұндай атаулар туыстас тілдерде ортақ болып келеді. Жұлдыз атаулары мен ғарыштағы өзге де құбылыстарды байқап, соған шаруашылық өмірін бағыттап, бейімдеп отырған түркі халқы ғарыш әлемін терең игеру керек болды. Өйткені көшпелі мал шаруашылығы тұрмысы бұған мәжбүр қылды. Соған байланысты астронимия ғылымында «түркі мүшелі», яғни түркілер жасап шығарған күнтізбе жүйесі пайда болды.

Кесте 3. Қазақ және ұйғыр тіліндегі космонимдер

Қазақ тілі	Ұйғыр тілі
Ай	Ай
Жұлдыз	Юлтуз
Темірқазық	Төмүрқозуқ
Жетіқарақшы	Йәттәқарақчи
Шолпан	Чолпан
Жер	Иәр
Құс Жолы	Қуш Йолы
Күн	Күн
Ақбозат	Ақбозат
Көкбозат	Көкбозат

Атаулардың көбісі өзінің ұқсастығын сақтай алған.

Академик І.Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде: "Түркі халықтарында жыл санаудың бұл «он екі мүшел жыл» жүйесі қай дәуірде туған дегенге жауап бере қою қиын. Бірақ қалай дегенде де, өзге көршілес халықтарда осы жүйенің өте ертеде болған тарихи дерегі бізді түркі халқының арғы тегі көне дәуіріне қарай жетелей түседі", – дейді (6: 637).

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері халық өмірінің айнасы. (7:186).

І.Кеңесбаев фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы мен құрылымының тұтастығына қарай оларды екі топқа бөледі: фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес. Оның біріншісін идиома, екіншісін фраза деп атайды. Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде фразеологизмдерді былайша топтастырып көрсетеді: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес, фразеологиялық сөйлемше (8: 637).

Сонымен қатар Ә. Болғанбаев фразеологизмдерді «етістік мағыналы фразеологизмдер, сындық мағыналы фразеологизмдер, заттық мағыналы фразеологизмдер, үстеу мағыналы фразеологизмдер» деп төрт топқа бөледі (8: 205).

Ал ұйғыр тілінде Р.Арзиев өз еңбегінде былайша бөледі:

- фразеологиялық бірліктердің семантикалық белгісі;
- фразеологиялық бірліктердің лексико морфологиялық белгісі;
- фразеологиялық бірліктердің тематикалық белгісі (Арзиев Р., 2006: 131).

Қазақ және ұйғыр тіліндегі фразеологиялық тіркестер көбіне дыбысталуы жағынан да, мағына жағынан бір-біріне өте ұқсас келеді. Оны төмендегі кестеден байқай аламыз.

Кесте 4. Қазақ және ұйғыр тіліндегі фразеологизмдер

Қазақ тілі	Ұйғыр тілі
Төбесі көкке жету	Беши көккә йәтмәк
Екі езуі құлағына жету	Ағзи қулиғиға йәтмәк
Ат шаптырым жер	Ат чаптурмақ
Қолы ашық	Қоли очуқ
Көзді ашып жұмғанша	Көзни жумуп ачқичә
Тас жүрек	Таш жүрәк
Аузына құм құйылғандай	Қум чечәклигәндә
Аузынан сүттің ағы көріну	Ағзидин оғуз сүти кәтмигән
Бауырға басу	Бағриға басмақ
Көңілі судай тасыды	Көңли су ичмәк
Сіркесі су көтермеу	Сиркиси су көтәрмәс
Өкпесін қолына алу	Өпкисини қолиға елип

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыз, қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестер ұйғыр тілінде де дәл сол мағынада қолданылады. Айырмашылығы тек дыбыстық жағынан ғана болып тұр. Бұл дегеніміз, екі ұлттың да түптамасы бір екенін, бір өңірде шоғырланған, мәдени, тұрмыстық жағынан ұқсас келетін ел болғандықтан халықтың ұлттық дүниетанымын көрсететін фразеологизмдер тобы да бір-біріне жақын болады дегенді білдіреді. Дегенмен де, ұйғыр тілінде де қазақ тілінде де өзіне ғана тән фразеологиялық тіркестер баршылық.

Мақал – мәтелдердің негізгі мазмұны ақиқат туралы халықтың данышпан ой пікірлерінен, қанатты сөздерінен тұрады. Мақал – мәтелдер арқылы халықтың тұрмыс тіршілігі, мәдениеті, салт – дәстүрі, дүниеге көзқарасы көрінеді. Түркі халықтарының барлығында дерлік ұқсас мағыналы мақал – мәтелдер көп кездеседі. Оның бастапқыларын М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат – түрк» еңбегінен көре аламыз. Мұнда барша түркі халықтарына ортақ мақал – мәтелдер жинақталған.

Ал ұйғыр мақал – мәтелдерін жинап зерттеген Ғ.Сәдвақасов деген ғалым болды. Ұйғыр халқында да мақал – мәтелдер бірнеше тақырыптық топтарға бөлінеді. Олардың беретін мән мағынасы қазақ халқының мақал – мәтеліне жақын, тіпті бірдей десек те қателеспейміз. Оны төмендегі мысалдардан көре аламыз.

Кесте 5. Қазақ және ұйғыр тіліндегі мақал-мәтелдер

Ұйғыр тілінде	Қазақ тілінде
Икки ат тепишса, ешәкниң нери турғини әвзәл	Екі ат тебіссе, есектің әрірек тұрғаны абзал
Төгини шамал учатса, өшқүни асманда көр	Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көр
Төгә силкинсә, он ешәккә жүк чиқиду	Түйе сілкінсе он есекке жүк шығады
Бір қап яңаққа-муштәк таш	Бір қап жаңғаққа-жұмырықтай тас
Ала қарға алман болсиму, қарчиғиниң орнин басалмас	Ала қарға алман болса да, қаршығаның орнын баса алмас
Ешәк жүгриги ат болмас	Есек жүйрігі ат болмас

Бұл мәтелдер ауыспалы мағынада ғана қолданылады. Оларға бір жағынан ортақ жалпы мағына – күш-қайраты немесе рухы, тегі, болмысы жағынан алғанда байқалатын құдырет пен мықтылық, қайрат-қайсарлық пен өткірлік жатса, екінші жағынан күшсіздікпен, әлсіздік-әлжуаздық, нашарлық, құнсыз-құдыретсіздік, зайыптық салыстыру, бір-біріне қарсы қою жатады. (9: 69).

Тілде жаңа атаулардың пайда болып, қолданысқа ие бола бастау тілдің даму барысындағы жүйесін көрсетеді. Қаншалықты жиі қолданылатын болса, тілдің сақталып қалу мүмкіндігі соншалықты артып отырады. Қазіргі қазақ тілінде заманның, қоғамның дамуына байланысты көптеген жаңа сөздер, яғни неологизмдер пайда болды. Алайда олардың барлығы қолданысқа ие болды деп айта алмаймыз. Дегенмен уақыт өте келе олардың қоғам үшін қажет екенін білеміз. Ал ұйғыр тілінде неологизмдер бар ма? Жаңа сөздер қаншалықты зерттеліп, лексикаға еніп жатыр? Бар болса қолданылу аясы қандай? Осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Оны кесте ретінде зерделеп көрсек.

Кесте 6. Қазақ және ұйғыр тіліндегі неологизмдер

Қазақ тілінде	Ұйғыр тілінде
затын	қурал
зілзала(жер сілкінісі)	зилзилә, йәртәврәш
қылтима	балхана
мадақтама	сават
майса	чимәнлик
мәлімдеме	әризә
мәнбі	вәзипә
рұқсатнама	киргүзүш
сайқымазақ	қизиқчи

Қазақ тілінде	Ұйғыр тілінде
таптаурын	стереотип
бүктеме	буклет
тәртіптеме	режим
төлтұмар	символ

Біз жоғарыдағы мысалда қазіргі таңда көп қолданылып жүрген жаңа сөздердің аз ғана топтамасын жасадық. Бұдан байқағанымыз, қазақ тіліндегі жаңа сөздердің көпшілігі ұйғыр тілінде соған ұқсас сөздермен келген. Алайда ұйғырша баламасы жоқ, орыс тілінен тікелей алынған сөздер де бар. Біз келтірген қазақ тіліндегі неологизм сөздердің ішіндегі жартысы ұйғыр тілінде бар болса, қалған бөлігі әлі күнге дейін орыс тіліндегідей қолданылып келеді. Демек, ұйғыр тілінде неологизм сөздер 50 % орыс тілінде жүреді деген қорытындыға келеміз.

Қорытынды.

Түркі халықтары арасында ұйғыр халқының, оның лингвистикалық маңызы қазіргі түркология үшін аса маңызды. Ұйғыр тілі деп қазіргі уақытта Қазақстандық ұйғыр халқы мен Қытай мемлекетіндегі ұйғыр халқының тілін алып қарастырамыз. Ұйғырлар 1940 жылдан бастап орыс (кирилл) алфавитін пайдаланды.

Қазіргі таңда қазақ тілінде 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігі, онымен қоса синонимдік, антонимдік, омонимдік, диалектологиялық, орфографиялық, орфоэпиялық, аударма секілді отыз бір томдық салалық сөздіктер болса, ал ұйғыр тілінде ондай сөздіктер кемде-кем. Тіпті ұйғыр тіліндегі түсіндірме сөздіктің жоқтығы, өзге өзімен туыстас түркі тілдер арасындағы аударма сөздіктің жоқтығы тілдің жойылу қаупіне әкеледі.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен ұйғыр тілінің байланысы қаншалықты үлкен екенін, және оларды әлі де болса салыстырмалы зерттеуді қажет ететінін түсіндік. Ұйғыр тілі өзге түркі тілдерін қарағанда даму сатысында кеш қалып келе жатқан тіл. Бұған бір жағынан ұлттың өзінің жеке мемлекеті, отаны, жері болмауы да әсерін тигізген. Дегенмен де, бәріміз де түркі тілдер тобында болғандықтан, қандас бауырларымыздың тілін сақтап қалу, оның дамуына үлесімізді қосу біздің де міндетіміз. Зерттеп, зерделеу арқылы біз ұйғыр халқы тілінің жойылып кету қаупінен сақтап қаламыз деген үміттеміз. Бұдан шығатын қорытынды, біз болашақта түркі тілдеріне ортақ халықаралық тілдік аударма орталығы не болмаса түркі тілдер ұйымы құрылсын деген ұсыныс айтамыз. Сонда ғана, біз түркі тілдерін біріктіріп, тілдің дамуына, өркендеуіне және жойылып кетпеуіне үлкен үлес қосамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
2. Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – М.: «Наука», 1986 г. – 304 с.
3. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Издательство «Высшая школа», 1969 г. – 383 с.
4. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. 3-ші басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 360 б.
5. Арзиев Р.У. Уйғур тили. – Алмута: «Мектеп», 2006. – 448 б.
6. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 712 б.
7. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: «Елтаным аспасы», 2010. – 244 б.
8. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: «Мектеп», 1998. – 380 б.
9. Мырза М. Қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдерінің мағыналық өзгешеліктеріне қатысты кейбір пікірлер // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті хабаршысы филология сериясы. 2006, №6 (113), 68-72 б.
10. Орысша-ұйғырша сөздік // <http://www.tilachar.biz/dictionary>

REFERENCES:

1. Mūcabaev Ğ. Qazaq tıl bılıminin мәceleleleri. –Almaty: «Abzal-Ai», 2014. – 640b.
2. Gajieva N.Z., Serebennikov B.A. Spavnitelno-ictopicheckaia grammatika tüpkkih iazykov. Sintaksic. – М.: «Наука», 1986 g. – 304 s.
3. Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie türskih iazykov. – М.: İzdatelstvo «Vyssaia škola», 1969 g. – 383 s.
4. Qaidar Ä., Orzov M. Tүrkitanuğa kırıspe. Oqu qūpaly. 3-şı bacylym. – Almaty: «Arys» baspacy, 2004. – 360 b.
5. Arziev P.U. Uıǵur tili. – Almuta: «Mektep», 2006. – 448 b.
6. Keñesbaev I. Qazaq tılınıń frazeologialyq sözdıǵı. – Almaty: «Ğylym», 1977. – 712 b.
7. Smaǵūlova G. Maǵynalas frazeologizmderdın űlttyq-mädeni aspektıleri. – Almaty: «Eltanym aspasy», 2010. – 244 b.
8. Bolǵanbaev Ä. Qazaq tılınıń leksikologiasy. – Almaty: «Mektep», 1998. – 380 b.
9. Myrza M. Qazaq jäne űıǵyr maqal-mätelderınin maǵynalyq özgeşelikterine qatysty keibir pikirler // Äl-Farabi atyndaǵy Qazaq Ūlttyq Univerciteti habapsyсы filologia cepiacy. 2006, №6 (113), 68-72 b.
10. Oryssa-űıǵyrşa sözdik // <http://www.tilachar.biz/dictionary>

Сведения об авторах:

Есенова Айдана Уразайқызы – магистрант филологического факультета Казахского национального университета им. Аль-Фараби, г.Алматы, пр.Аль-Фараби 71, 87026869699, aidana17_97@mail.ru

Күркебаев Кенжетай Құрманбайұлы – доцент кафедры «Казахского языкознания» Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, г.Алматы, пр.Аль-Фараби 71, 87788844517, kurkebaevk@gmail.com

Авторлар туралы мәліметтер:

Есенова Айдана Уразайқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультетінің магистранты, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 71, 87026869699, aidana17_97@mail.ru

Күркебаев Кенжетай Құрманбайұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті, «Қазақ тіл білімі» кафедрасының доценті, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 71, 87788844517, kurkebaevk@gmail.com

Information about the authors:

Yessenova Aidana Urazaykyzy – Master's student of the Philological Faculty of the Kazakh National University named after S. Al-Farabi, Almaty, Al-Farabi avenue 71, 87026869699, aidana17_97@mail.ru

Kurkebayev Kenzhetai Kurmanbayuly – Associate Professor of the Department of "Kazakh Linguistics" Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Al-Farabi avenue 71, 87788844517, kurkebaevk@gmail.com

Z.N. KURMANALIYEVA^{1*}, R.M. TAYEVA²

¹al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

(*e-mail: kurmanaliyeva97@inbox.ru, e-mail: rozt@mail.ru)

THE ANALYSIS OF ADVERTISING TEXTS IN THE BILINGUAL SPACE OF KAZAKHSTAN

Abstract: The presented article examines the specifics of the functioning of advertising, in particular, advertising texts in a bilingual environment.

Bilingualism arises when languages come into contact which is preceded by socio-economic, cultural communication and long-term coexistence of two cultures that speak different languages.

The article also focuses on the linguistic analysis of advertising text, which allows identifying changes both at the levels of the language system itself and in the areas where the object of research is the relationship between language and consciousness.

Key words: bilingualism, advertising text, linguistic environment, linguistic analysis.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ ҚОСТІЛДІЛІК КӨРІНІСІ

Аннотация: Ұсынылған мақала жарнаманың, атап айтқанда қостілді ортадағы жарнамалық мәтіннің қолданыс ерекшеліктерін қарастырады.

Билингвизм тілдер байланысқа түскен кезде пайда болады, оның алдында әлеуметтік-экономикалық, мәдени қарым-қатынас және әр түрлі тілде сөйлейтін екі мәдениеттің ұзақ уақыт өмір сүруі ықпал етеді.

Жарнама мәтініне лингвистикалық талдау жасалынған. Бұл тілдік жүйенің өзі деңгейінде де, зерттеу нысаны тіл мен сананың арақатынасы болып табылатын салаларда да өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Түйіндемe сөздер: қостілділік, жарнамалық мәтін, лингвистикалық орта, лингвистикалық талдау.

АНАЛИЗ РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТОВ В ДВУЯЗЫЧНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация: В представленной статье исследуется специфика функционирования рекламы, в частности, рекламного текста в билингвистической среде.

Билингвизм возникает при контактировании языков, которому предшествуют социально-экономическое, культурное общение и длительное сосуществование двух народов, говорящих на разных языках.

Статья также сосредоточена на лингвистическом анализе рекламного текста, который позволяет выявить изменения как на уровнях собственно языковой системы, так и в направлениях, где объектом исследования выступает соотношение языка и сознания.

Ключевые слова: двуязычие, рекламный текст, языковая среда, лингвистический анализ.

Introduction

In the context of the observed processes of globalization bilingualism is becoming an integral attribute of modern society state. It is recognized that without bilingualism, it would be impossible to organize a normal cooperation of nations, nationalities in political, economic and cultural life [Desheriev Ju. D., 1976, p. 28].

For our linguistics, the problem of bilingualism is important due to the historically formed geopolitical and linguistic situation of the republic, the peculiarities of language planning and the interaction of languages in politics, economics and education.

This article provides an overview of the multilingual language system of Kazakhstan based on the identification of the features of the functioning of languages in one of the leading areas of communication – advertising.

The analysis of the interaction of languages in a bilingual state is always difficult and multidimensional research. There are a lot of events and historical processes which had a big influence into the country's language situation that we have today.

This process was described and analyzed in the most complete and comprehensive way in a sociolinguistic reference book "Yazyki narodov

Kazakhstana". The work was prepared and released by the number of authors, scientists known in Kazakhstan and abroad: Je.D. Suleimenova, N. Zh. Shaimerdenova, D.Kh. Akanova. In the presented guidebook, the republic's language situation is defined by scholars as exoglossic, diglossy and demographically unbalanced [Sulejmenova Je. D., 2007, p 161].

The use of English in Kazakhstan has led to the emergence non-contact type of bilingualism. As Ju.A. Tregubova notes the emergence of mass bilingualism is associated not only with direct linguistic contacts, but also with mastering a second language outside of such contacts with native speakers of a second language with the help of independent (individual) and collective purposeful study in such organized areas of human activity as education, as well as with the help of the media, the Internet [Tregubova Ju. A., 2009, p 13].

Materials and methods

In recent years, the attention of scientists has been attracted by the study of advertising communication. The material for our study was chosen advertising texts or advertising communication, and the subject of analysis was examples of advertisings in Kazakh and Russian languages. The comparative method is a technique that we use to contrast advertising texts in both languages and explore peculiarities of Kazakh and Russian advertising communication. Advertising text as an important part of modern culture reflects not only the level of economic development of society, but also programs behavioral patterns of members of this society state, thereby influencing speech of culture and speech of behavior. Linguistic analysis of advertising text allows to see changes both at the levels of the language system itself (in grammar, stylistics, word usage and word formation, graphics and phonology, etc.) and in those linguistic directions where the object of research became language and consciousness, language and speech, language and society. In this regard, a special scientific interest is induced in the analysis of advertising texts from the standpoint of psycholinguistics, pragmatics and communicative linguistics.

Advertising text is full of rich materials for linguistic analysis for a number of reasons:

- Firstly, it is a unique microtext, which must be sufficiently informative and accurate;
- Secondly, due to the fact that the main purpose of advertising is to movement of goods and services, the advertising text has a free structure that includes interrelated components (header, main text and slogan);
- Thirdly, advertising as a suggestive text has a huge impact action on society, manipulating its individual members;
- Fourthly, the advertising text reflects "functional health" of languages of a given society, demon-

strating such sociolinguistic indicators as dominance, prestige of language / languages, mixing languages, bilingualism and diglossia. It is known that a person remembers 10% of what he read, 20% of what heard, 30% of what saw, 90% of what he did himself [Vikentev I. L., 2001, p 103].

Advertising activity in the Republic is regulated by The Law of the Republic of Kazakhstan "On Advertising", adopted in 2003. According to the Law, advertising on the territory of the Republic of Kazakhstan is distributed and placed in the Kazakh and Russian languages, and also in other languages, at the discretion of advertisers.

According to Article 21 "Language of requisites and visual information", letterheads, signs, announcements, advertisements, price lists, price tags and other visual information should be presented in the state language and in Russian, if necessary in other languages [QR Til týraly Zańy, 1997].

The law also defines the procedure for formalizing text; in particular, all texts of visual information should be located in the following order: left or top – in the native Kazakh language, on the right or below – in Russian. The text should be written in letters of the same size. As if necessary, texts of visual information can be given additionally in other languages [QR Til týraly Zańy, 1997].

In the process of work, we carried out a linguistic analysis of advertising in Kazakhstan given in the Kazakh and Russian languages.

In the course of the study, the structural and functional rationale characteristics of advertising texts, features of creation advertising texts, the role of non-verbal components in the advertising message communication and their interaction with verbal components were examined.

First of all, the analysis made it possible to conclude that bilingual advertising text affects our citizens most strongly. This factor is influenced by the massive multilingualism of people and by the Russian and Kazakh languages competence of the country's inhabitants. Thus, sociolinguistic data testify to high level of Russian and Kazakh linguistic competence of Almaty city dwellers (95.9% and 93.1%, respectively) [Sulejmenova Je.D., 2009]. However, the English language competence of city dwellers is increasing (62.4%), which makes English a notable participant in the multilingualism of people of Kazakhstan [Sulejmenova Je.D., 2011, p 21].

Unfortunately nowadays advertisers' main goal is to promote the goods and ensure it sales, do not pay attention to the advertising text itself. Advertising text as any text should be structured, rationally holistic and most importantly literate. This provision concerns bilingual advertising.

Results and discussion

In the course of the research, we come to the finding that advertising texts in the Kazakh and Russian languages are not presented equally, some

of them acquire lack information on one of the languages. Moreover, grammatical and semantic errors are observed. For example, *In Ust-Kamenogorsk in May 2016, there was a curious case with the text of an advertisement in the state language. There was a mistake twice in the same word. In the first version, the billboard bore the phrase "tómen baǵa kepildshigi" (instead of "kepildigi"), which translated into Russian as "low price guarantee". After a resident of the regional center contacted the store administration, the banner with an error was changed. However, on the new poster, the same word was again misprinted. This time the sign said "tómen baǵa kepildigigi" [electronic resource].*

The Kazakh word "kepildik" means assurance or warranty. If in the Russian language the category of belonging is expressed in various syntactic ways, then in the Kazakh language this ratio is expressed morphologically. There are special possessive affixes that are attached to nouns and indicate belonging to a person or object. As noted by K.A. Bejsenbaeva, in the Kazakh language, before the possessive form of the noun, words are used to clarify affiliation [Bejsenbaeva K.A., 1994]. According to the grammatical norms of the Kazakh language, the text of this advertisement should be as follows: *tómen baǵa kepildigi*.

Orazkul Asangazy, advisor to the director of the Republican Coordination and Methodological Center for Languages named after Sh. Shayakhmetov, said that it is necessary to move away from the habit of translating advertising texts from Russian into Kazakh. "In the future, we should completely forget about the concept of translation. If an owner wants to locate a particular advertisement, it is not correct to translate it from another language. In our country, we have competent scholars who are professionals in their field", Orazkul Asangazy said. According to her, philologists can compose an advertisement in the Kazakh language, without resorting to translations from other languages [Bejsenbaeva K.A., 1994].

Now, entrepreneurs create advertisements in both languages where the meaning remains almost the same and the direct translation is not followed. In many cases direct translation causes ambiguity

and misunderstanding on the part of the consumer. As an example we can show the advertising text of "Askona": *Tañerteñ shuraq bolǵyń kelse júgir, azdap kofe ish jáne salqyn dýshqa tús. Biraq odan búrın jaqsylap uıqyńdy qandyryp al. Onynshy qarashaǵa deuin eki kisilik tósek, anatomualyq beıimdelgish matrasymen birge bar bolǵany júz otyz toǵyz myń toǵyz júz toqsan teńgege.* (Kazakh advertising text).

Dlia bodrogo ýtra nýjna probejka, nemnogo kofe i holodnyı dýsh. No dlia nachala horosho vospatsia. Tolko do desiatogo noiabria dvýspalnaia krovat s anatomicheskım matrasom vsego za sto trıdtsat deviat tysiach devianosta tenge. (Russian advertising text).

When advertisements are given in two or more languages, it is necessary for copywriters to be creative. And the most important task is to convey the meaning of advertising as planned at the beginning. For instance:

– *Stop, stop, stop.*

– *Chto?*

– *Sesh snikers. Ty sam ne svoi, kogda golodny.*

(Russian variant)

– *Toqta, toqta!*

– *Ne boldy?*

– *Snikers jeshi. Sen ash bolsań, ózińe uqsamaisyń.*

(Kazakh variant)

As we can notice from the example, the original English line "You always lose your edge when you are hungry" given differently in Russian and Kazakh variants. If translators used the direct translation method in this case the meaning of the text would be completely another.

Conclusion

To sum up advertising text displays trends taking place in modern Kazakhstan society and bilingual advertising is a "mirror" of the current language situation in our country. Advertising texts that use Kazakh and Russian variants, moreover, contain words or phrases from English language emphasize the homogeneity and globalization of advertising market. The use of several languages in advertising in a certain degree encourages potential consumers to learn languages.

REFERENCES:

- 1 Bejsenbaeva K.A. Sopostavitel'naja grammatika russkogo i kazahskogo jazykov. Almaty: Ana tili, 1994.–240 p.
- 2 Desheriev Ju.D., Protchenko I.F. Osnovnye aspekty issledovanija dvujazychija i mnogojazychija // Problemy dvujazychija i mnogojazychija.–M., 1976.–P. 26–42.
- 3 Qazaqstan Respýblikasynyń Til týraly Zańy (1997) 11 shilde QR. Memlekettik saıkestiligin qalyptastyryń Jarlyǵy. Egemen Qazaqstan.
- 4 Sulejmenova Je.D. Makrosociolingvistika. Almaty: Kazak Universiteti, 2011. – p 21.
- 5 Sulejmenova Je.D., Shajmerdenova N.Zh., Akanova D.H. Jazyki narodov Kazahstana. Sociolingvisticheskij spravochnik. – Almaty, 2007.– 380p.
- 6 Sulejmenova Je.D., Altynbekova, O.B., Ibraeva Zh.K., Madieva G.B. Jetnolingvisticheskaja situacija v Respublike Kazahstan: nastojashhee i budushhee. Almaty-Astana: Ministerstvo kul'tury i informacii Respubliki Kazahstan. Komitet po jazykam, 2009.

7 Tregubova Ju.A. Sociolingvisticheskiy aspekt interferencii pri nekontaktnom dvujazychii (na materiale russkogo i anglijskogo jazykov): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : spec. 10.02.19 "Teorija jazyka" / Ju.A. Tregubova. – Voronezh, 2009. – P. 13.

8 Vikentev I.L. Priemy reklamy i Public relations v. – SPb.: Izd. Dom «Biznes-pressa», 2001. – P. 102-116
<https://informburo.kz/novosti/kak-izbezhat-oshibok-v-reklame-na-kazahskom-yazyke-rasskazali-v-minkultury.html>

Information about the authors:

Kurmanaliyeva Zarina Nurzhankyzy – 2-year master student of specialty "Foreign philology" al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kurmanaliyeva97@inbox.ru

Tayeva Roza Masimhanovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Faculty of Philology and World languages, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: rozt@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер:

Курманалиева Зарина Нуржанкызы – «Шетел филологиясы» мамандығының 2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: kurmanaliyeva97@inbox.ru

Таева Роза Масимхановна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: rozt@mail.ru

Сведения об авторах:

Курманалиева Зарина Нуржанкызы – магистрант 2 курса специальности «Иностранная филология», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: kurmanaliyeva97@inbox.ru

Таева Роза Масимхановна – кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: rozt@mail.ru

А.Қ. МЕЙІРБЕКОВ^{1*}, Н.О. СӘРСЕМБАЕВА²

¹²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

(*E-mail:n.sarsembayeva@mail.ru хат жазушы)

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ БАТА ТІЛЕК МӘНДІ СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІНІҢ АЙТЫЛУ УӘЖДІЛІКТЕРІ МЕН ОРЫН АЛАТЫН СӨЙЛЕСІМ ЖАҒДАЯТТАРЫ

Аннотация: Мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерін сөйлесім жағдаятында коммуниканттардың жүзеге асыруларының уәжділіктері мен аталмыш сөйлеу актілерінің орын алатын тұлғааралық тілдік қарым-қатынас үдерістері қарастырылды. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерін зерттеу барысында сипаттау, талдау, бақылау, салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде адресант және адресат қостағанына байланысты ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық аспектісі сипатталынды. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілері салыстырмалы анализдеулерден өтіп, олардың, яғни ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталынды. Зерттеу нәтижелері ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерін сөйлесім жағдаятында коммуниканттардың жүзеге асыруларының уәжділіктерін болашақ ағылшын студенттеріне оқытудағы әдістемелік негіз бола алады.

Түйіндемә сөздер: бата, тілек, мәнді сөйлеу актілері, сөйлесім жағдаяты, адресант, адресат.

РЕЧЕВЫЕ АКТЫ И НОРМЫ БЛАГОПОЖЕЛАНИИ И ИХ РАЗЛИЧНЫЕ ВЫРАЖЕНИЯ В ОПРЕДЕЛЁННЫХ СИТУАЦИЯХ ОБЩЕНИЯ НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация: В статье исследуются осуществления коммуникаторов в речевом акте определенной ситуации общения, нормы благопожелания и проклятия на английском и на казахском языках, а также процессы межличностного общения, происходящее в данном речевом акте. При изучении актов благопожелания и проклятия на английском и казахском языках использовалось метод описания, анализ, наблюдение и сравнение. В результате исследования был описан прагматический аспект речевых актов на английском и казахском языках, связанных с адресантом и адресатом. Проведен сравнительный анализ а также рассмотрен сходства и различия актов благопожелания на английском и на казахском языках. Результаты исследования осуществления коммуникаторов в речевом акте определенной ситуации общения, нормы благопожелания и проклятия на английском и на казахском языках могут служить методической основой для студентов английских факультетов.

Ключевые слова: благопожелание, желание, речевые акты, речевая ситуация, адресант, адресат.

SPEECH ACTS AND NORMS OF BLESSING AND THEIR VARIOUS EXPRESSIONS IN CERTAIN SITUATION OF COMMUNICATION IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

Abstract: The article examines the motivations of communicators when performing acts of blessing in English and Kazakh, as well as the processes of interpersonal communication in which these actions take place. When studying the acts of blessing in English and Kazakh languages, methods of description, analysis, observation, comparison were used. As a result of the research, the pragmatic aspect of blessing in English and Kazakh was described through the use of the addressee and addressee. Comparative analysis of acts of blessing in English and Kazakh languages revealed the similarities and differences between them, that is, acts of blessing in English and Kazakh languages. The research results can be a methodological basis for teaching students.

Key words: blessing, wishing, meaningful speech acts, conversational situation, addressee, addressee.

Кіріспе

Сөйлеу актісі ғылыми айналымда кең қарастырылып, бүгінгі таңда тіл білімі ғылымының за-

манауи өзекті салаларының бірі лингвистикалық прагматика саласының негізгі зерттейтін тілдік бірліктерінің біріне айналған.

Тілдік бірліктер тұлғааралық тілдік қарым-қатынас құралы ретінде әр түрлі сөйлесім жағдаятында сан алуан қызметтер атқармақ. Жалпы адамзат баласы қатысым барысында тілдік құралдарды қолдана отырып, өздерінің әр түрлі коммуникативтік дiттемелерiн жеткiзiп жатады. Бiздiң күнделiктi тiлдiк қарым-қатынас кезiнде қолданып жататын аталмыш тiлдiк бiрлiктер сөйлеу актiсi ретiнде танылған. Тiптен бұл салада жүзеге асырылған ғылыми iзденiстердiң көп болғаны соншалық қазiргi кезде сөйлеу актiлерiн қарастыратын бөлек тiл бiлiмi ғылымының саласы «Сөйлеу актiлерiнiң теориясы» пайда болды. Тiлдiк бiрлiктердiң атқаратын қызметтерiн зерттеу үрдiсiнiң тiл бiлiмiне де және оны оқыту әдiстемесiне де қосар жаңалығы мол. Өйткенi тiлдiң функционалдық аспектiлерiн кешендi түрде зерттеу тұлғаның прагматикалық құзыреттiлiгiн жетiлдiруге өзiндiк септiгiн тигiзе бiлмек. Ол арқылы тiлдiк қарым-қатынасқа түсушi немесе оны құраушы комуникант сөйлеу актiлерiн өздерiнiң иллокутивтiк дiттемелерiнiң аясында оңтайлы қолдануға дағдыланады. Осы тұрғыда ағылшын және қазақ тiлдерiндегi бата тiлек мәндi сөйлеу актiлерiнiң адресант және адресат қостағанына байланысты тұстарын саралау тiл бiлiмi саласында мардымды заман талабынан туындап отырған зерттеу жұмыстарының бiрi ретiнде өзектi мәселеге айналып отыр. Сондықтан, мақаланың мақсаты – ағылшын және қазақ тiлдерiндегi бата тiлек мәндi сөйлеу актiлерiнiң орын алатын тұлғааралық тiлдiк қарым-қатынас үдерiстерiн салыстыра отырып зерттеу болып табылды. Зерттеу мақсатына жетуде келесi мiндеттер айқындалды, яғни екi тiлдi салыстыра отырып, бата тiлек мәндi сөйлеу актiлерiнiң айтылу уәждiлiктерi зерттелiндi.

Материалдар мен әдiстер

Сөйлеу актiлерiнiң теориясын (Дж. Остин, Р. Серл, П.Ф. Стросон, Л. Винтгенштейн, М.К. Мурзагалиева, Л.М. Шайкенова), прагматика (Ч. Моррис, В.Н. Телия), лингвопрагматика (В.А. Маслова, Р.С. Столнейкер, Н. Уэли, Г.Ю. Аманбаева, Н.Ж. Даулеткереева, З.Ш. Ерназарова, Қ.Ө. Есенова, Г.Машимбаева, Ф.З. Жақсыбаева), қазақ халқының бата сөз үлгiлерiне (В. Радлов, Ш. Уәлиханов, А. Васильев, Г. Потанин) т.б. зерттеушiлер өз үлестерiн қосты.

Берiлiп отырған мақалада баяндалған зерттеу үдерiсiн жүзеге асыру үдерiсi барысында сипаттау, талдау, бақылау, салыстыру әдiстерi қолданылды.

Талдау әдiсi – ағылшын және қазақ тiлдерiндегi бата тiлек мәндi сөйлеу актiлерiн зерттеуде тұлғараалық тiлдiк қарым-қатынасын тану мақсатында пайдаланылады.

Бақылау әдiсi – екi тiлдегi диалог, яғни нақты сөйлесiм жағдаятынан үзiндi арқылы зерттелiнедi.

Салыстыру әдiсi – ағылшын және қазақ тiлдерiндегi бата тiлек мәндi сөйлеу актiлерiн сөйлесiм жағдаятында коммуниканттардың жүзеге асырылуларындағы уәждiлiктерiн анықтауда қолданылады.

Нәтижелер

Бата беру мәндi сөйлеу актiсi сәлемдесу, көңiл айту, құттықтау, алғыс бiлдiру, кешiрiм сұрау, қарғау, тiлек мәндi сөйлеу актiлерiмен қатар бехабитивтi сөйлеу актiлерiнiң санатына жатады [Вежбицкая А., 1985, с. 265]. Кейбiр ғалымдар бата беру мәндi сөйлеу актiсiн сөйлеушiнiң тыңдаушыға өзiмен бiрдей әлеуметтiк топтың санатында көретiнiн бiлдiру мақсатында белгiлi бiр сөйлесiм жағдаятында айтылатын социативтi сөйлеу актiлерiнiң қатарына қосады. Ал өз кезегiнде бұл топтағы сөйлеу актiлерiне сәлемдесу, қоштасу, кешiрiм сұрау, құттықтау, алғыс айту, көңiл күй бiлдiру мәндi сөйлеу актiлерi де жатады [Трофимова Н. А., 2008, с. 22].

Сонымен қатар бата беру мәндi сөйлеу актiсi дегенiмiз сөйлеушiнiң өзiне таныс және жақын адамы үшiн Құдайдан жақсылық тiлеу әрекетi жүзеге асатын айтылым [Sharifi S., Karimirpour A., 2012, p. 55].

Бiздiңше бата тiлек дегенiмiз сөйлеушiнiң гипотетикалық адресаттан, яғни Алладан өзiне не өзгелерге қорғаныш немесе әр түрлi жақсылықтарды сұрау, жалбарыну, тiлеу. Зерттеу нысанымыз еткелi отырған тiлдiк бiрлiк бұрын соңды көбiнесе әдебиет тұрғысынан қарастырылса, бiздiң жұмыста ағылшын және қазақ тiлдерiндегi аталмыш тiлдiк бiрлiктер салыстырмалы тұрғыда сараланбақ.

Ағылшын тiлiнде бата беру дегенiмiз Құдайдан бiреуге қамқор болуын сұрау; белгiлi бiр нәрсеге арнап дұға оқу арқылы оны киелi ету деген мағыналарда қолданылады [Hornby A.S., 2005, p. 151].

Сонымен қатар, ағылшын тiлiнде бата беру дегенiмiз бiреуге алғыс айту деген мағынада да қолданылады [Longman Advanced American Dictionary, 2000, p. 131]. Әрi бiреуге жақсылық тiлеу деп те қолданылады [Merriam-Webster's Advanced LEARNER'S English Dictionary, 2014, p. 162].

Талқылау

Ағылшын тiлiнде бата тiлектер келесiдей семантикалық топтарға жiктеледi:

1. Аналардың денсаулығын тiлейтiн бата тiлектер. Бұл көбiне қыз келiншектердiң сәбилi болуына байланысты айтылатын баталар. Мысалы:

Congratulations on the arrival of your little angel, may you soon be feeling better, may God bless you and your child with all his love and happiness.

I congratulate you on such a happy and blessed occasion. May the new baby make us all proud. Our

blessings will ever shower on the new angel.

2. Сәбилерді жамандықтан қорғайтын бата тілектер. Мысалы:

Heavenly father I ask you to put a hedge of protection around my child, God I ask you to protect my child physically, emotionally, spiritually, mentally and in every way.

Heavenly Father, your infinite Love for us has chosen ablessed angel in heaven and appointed him our guide during this earthly pilgrimage. And you, holy, loving angel watch over my child with all your tenderness of your angelic heart.

May angels rest their wings beside your nursery door.

May God grant you always...

A sunbeam to warm you,

A moon beam to charm you,

A sheltering angel, so nothing can harm you

3. Үйлену тойда айтылатын бата тілектер. Мысалы:

Dear God, we praise for your love and faithfulness. Please fill our marriage and lives with truth and cover it with blessing.

May God make your love increase and overflow for each other

4. Туған күнде айтылатын бата тілектер. Мысалы:

God bless you today,

God bless you today,

God bless you and keep you

Today and always.[Hovhannisyann A.S., Nikolyan L.Ts., 2018]

Ағылшын тілінде бата тілектердің айтылу уәжділіктері мен орын алатын сөйлесім жағдаятына

Кесте 1

Ағылшын тіліндегі диалог, яғни нақты сөйлесім жағдаятынан үзінді	A: I congratulate you on such a happy and blessed occasion. May the new baby make us all proud. Our blessings will ever shower on the new angel. B: Thank you, my darling!
Сөйлеу актісінің қызметі	Адресанттың адресатқа деген ақ жарқын көңілі мен тілегін білдіреді
Қазақ тіліндегі аудармасы	A: Мен сізді осындай қуанышты сәтте құттықтаймын. Кішкентай балақай барлығымыздың мақтанышымыз болып өссін. Біздің бата тілектеріміз кішкентай періштеге әр дайым нұрын жауып тұрсын. B: Рахмет, жаным!
Коммуниканттар	Мұнда адресант балалы болып отырған ананың жақын туысы. Ал адресат балалы болып отырған ананың өзі.
Сөйлесім жағдаятының сипаты	Жас ананың сәбилі болуына байланысты онымен қуанышына ортақтас болып отырған туысының арасындағы сөйлесім жағдаяты.

Кесте 2

Ағылшын тіліндегі диалог, яғни нақты сөйлесім жағдаятынан үзінді	A: May God bless you on your birthday, and always! B: Thank you, uncle!
Сөйлеу актісінің қызметі	Адресанттың адресатқа деген ақ жарқын көңілі мен тілегін білдіреді
Қазақ тіліндегі аудармасы	A: Саған бүгінгі туған күнінде және өмір бойы Құдайдың нұры жаусын! B: Рахмет, аға!
Коммуниканттар	Мұнда адресант туған күн иесі. Ал адресат туған күн иесінің ағасы.
Сөйлесім жағдаятының сипаты	Туған күнге жайылған дастархан басында.

қарай классификациясын келесідей топтарға бөліп қарастырдық. Олар:

1. Тыңдаушының өміріндегі атаулы күндерге байланысты айтылатын бата тілектер. Мысалы:

Today I ask God to bless you with every kind on your birthday and always.

May God bless you on your birthday, and always!

May goodness and mercy follow you today and in the years ahead. Happy Birthday, brother.

2. Дастархан басында ас ішу үдерісі барысында айтылатын бата тілектер. Мысалы:

Bless this food to our use, and us to thy service. Fill our hearts with grateful praise. Amen.

We thank You Lord, for all you give; the food we eat, the lives we live; and to our loved ones far away, please send your blessing, Lord we pray. And help us all to live our days with thankful hearts and loving ways. Amen.

3. Экстралингвистикалық факторларға байланысты айтылатын бата тілектер. Мысалы:

Bless you! (Тыңдаушы түшкіргенде), God bless your soul!, God bless your heart!, God makes the back to the burden, I wish to God your health!

Әрине бұл келтірілген мысалдар қалпында берілген бата тілектерді бата беру мәнді сөйлеу актісі ретінде талдау мүмкін емес алайда оларды сөйлесім жағдаятында алсақ, яғни мәнмәтінде диалог формасында келтірілсе, онда берілген бата тілектерді прагматикалық тұрғыдан талдауға болады. Мысалы келесідей (кесте 1), (кесте 2):



Жоғарыда мысал ретінде алынған ағылшын тіліндегі бата беру мәнді сөйлеу актілерін осылайша мәнмәтінде талдау олардың әр түрлі сөйлесім жағдаятындағы прагматикалық және әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін анықтауға өз септігін тигізеді.

Бата «арабша фатиха – алғыс, ризашылық, тілек»– әлем халықтарының баршасында дерлік кездесетін, адамзат қоғамы сөздің магиялық құдіретіне күмәнсіз сенген қадым заманда қалыптасқан көне дәстүр. Әуел баста басқа түркі халықтарындағыдай қазақ халқында да «алғыс» деп аталатын тілекші сөздің «батамен» алмастырылуы ислам дінінің ықпалының арта түсуінің нәтижесі [Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық, 2010, б. 120].

Бата – қазақ халқының ғұрпында адал ниет, жақсы тілек білдірудің бір түрі. Өте ерте заманнан салтқа енген бата беру кейде өлеңмен, кейде тақпақ, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры болып қалыптасқан [ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ, 2-том, 1973, б. 194]. Сонымен қатар қазақ тілінде алғысты «оң бата» және қарғысты «теріс бата» ретінде анықтауға да болады [Ахметжанова Ф.Р., 2005, б. 9]. Бұл пайымдауға А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» келтірген «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз» деген тұжырымдамасы дәлел бола білмек [Байтұрсынов А., 2003, б. 137]. Көбінесе бата ас ішкен соң дастархан басында айтылады. Мысалы:

1) Құдайым жарылқасын, бай қылсын,
Төрт түлігің сай қылсын!
Кетпес дәулет берсін!
Кең пейіл берсін!

2) Құтты болсын қадамың,
Таудай болсын талабың.
Өзіңе тең жар тауып,
Келінжаным жарадың.
Ізін сыйла ағаның,
Сәбиім деп сипай сал,
Бабын біліп баланың.

Мысалдардан байқап отырғанымыздай батаның негізгі функциясы жақсы тілек тілеу. Жалпы бата беруші Жаратушы Алладан бақытты өмір, бақ пен байлық, жақсылық тілейді [Бата дарып, бақ қонсын, 2016, б. 4].

Негізінде қазақ халқы үшін бата аса киелі сөз ретінде қабылданған. Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, ел дәстүрлерінің қазынасында бата-тілек сөздердің мән-мағынасы, сымбат-көркі айрықша бағалы [Қазақтың бата-тілектері мен өсиеттері, 2007, б. 4]. Батаны атадан бері келе жатқан қасиетті дәстүріміз деп санау керек [Кемешев Н., 2010, б. 9].

Қазақта бата беру – ежелгі салт. Ақсақалдар үйде бір жақсылық бола қалған жағдайда үнемі бата беріп отырады. Бұның бір жағында үлкенді сыйлау жатса, екінші жағында «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген, ізгі ықылас-и-

гілікке деген тілектестік жатады. Қазақта батаны көбінесе келешегі алдағы жас өспірімдер сұрайды. Жақсылардың, көп жасағандардың, киелілердің, аузы дуалылардың батасын алуды жақсылыққа санап, ырымдайтындар ертеде осындай адамдарға алыста болса да арнайы жіберетін.

Ендігі бір түрі – қонағасына, сойылған соғым басына, жиналған егінге, күздікке, жауын жаумаса тасаттыққа, түрлі жақсылықтарға арналып жасалған той-томалақтарға, берілетін асқа, садақаға сойылатын малдарға берілетін бата. Мұндағы батаны жас өспірімдер – балалар сұрау шарт емес, үлкендердің де сұрай беруіне болады.

Қазақта батаның түрі тым көп. Әр адам өз білгенін айтуға рұқсат. Бірі – «батыр бол» десе, бірі – «ақылды бол» десе, бірі – «ақ сақалды сары түсті шал бол», бірі – «бәледен сақта», - дейді.

Бата – негізінде намаздың соңында қол жайып айтылатын дұға. Қазақ баталары соның үлгісінде айтылатын түрлері. Олардың ұзыны да, қысқасы да болады. Ол бата берушіге байланысты. Әрине, баталар да әр түрлі болады. Олардың қандай жағдайда қай түрі қолданылатынын аңғара білу керек. Олар – ел тірлігі, ұлттық намыс, азаматтық парыз, елдік тұтастық, берекелі бейбіт өмір, достық пен татулық, ағайынның адал көңіл ынтымағы мен бірлігі, жас отауға жақсылық, жорық-шерулерге аттанар сарбаздар мен сардарларға жеңіс тілеу, алыс жолға ат басын бұрғандарға сәттілік, өмір жолын жаңа бастаған өренге, жаңа туған нәрестеге ұзақ ғұмыр, өнегелі жол тілеу, мұсылмандық мұратына ұю, имандылық, әділеттілік, адалдық, елдік пен ерлік, дастархан берекесі. Ұзақ өмір, зор денсаулық, тыныштық, адамгершілік тағы басқалар жайында баталар түрін келтіруге болады.

Ақ тілек тілеу, бата беру халқымыздың ежелден айтылатын, әр адамның көңіл сарапындағы мейір шапағаты, жылы пейіл – ықыласы, шын жүрегінен шыққан лебізі, екінші бір пенденің дертіне қуат, рухына мизат ететін ақ тілегі. Адам баласына жақсылық тілеу, тілеп қана қоймай, өзің жақсылық жасау – «болмасын деген оңбасын» деп кесіп айтқанда ата-бабаларымыздың өсиетнамасы, адамгершілік аманаты, жанашырлық – біздің ұлттық мінезіміз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, оның себеп-сылтауы да көп: дастархан қайырса да, баласы атқа қонса, келін түсіріп, қыз берсе де, алыс сапарға шықса да, адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде, қуаныш иесіне, той иесіне т.б. жақсылықтарды ата-бабаларымыздың қол жайып, ақ тілек, ақ бата беру біздің дәстүріміз.

Бата берудің өзіне тән сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, әуен-сазы бар [Машимбаева А.Ж., 2009, б. 14]. Семантикалық тұрғыдан алып қарағанда ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата беру мәнді сөйлеу актілерін бірдей топтарға классификациялауға болады. Қазақ тіліндегі бата тілектер де келесідей топтарға бөлінеді:



1. Тыңдаушының өміріндегі атаулы күндерге байланысты айтылатын бата тілектер. Мысалы:

*Ақ батамды берейін,
Ақ тілекті – мерейім!
Қуанышқа толтырған,
Құтты болсын немерең,
Кеңі берсін керегең.*

*Туын тіккен ынтымақ,
Отауларың құтты болсын.
Бірге жаққан бұл шырақ,
Үбір-шүбір жанға толсын.*

2. Дастархан басында ас ішу үдерісі барысында айтылатын бата тілектер. Мысалы:

*Берейін бата жасыма,
Дастархан мен асыңа.
Бала-шағаң, қосағың,
Жүрсін күліп қасыңда.*

3. Экстралингвистикалық факторларға байланысты айтылатын бата тілектер.

Мысалы:

*Сау бол!
Ақ қас!*

4. Отбасы мүшелеріне берілетін бата.

Қазақ тілінде отбасы мүшелеріне арналған отбасының қариялары беретін баталар да кездеседі. Мәселен, келінге бата, келіншекке бата, жігітке бата, балама бата. Мысалы:

*Құтты болсын қадамың,
Келін болдың, қарағым.
Салтын ұстап ардақта,
Бұрынғы ата-бабаның.*

5. Түрлі наным сенімдерге байланысты айтылатын бата тілектер. Мәселен, қазақ тілінде жаңа туған айды көргенде айтылатын бата да бар. Мысалы:

*Ай көрдім, аман көрдім.
Жақсы да, жаман көрдім.
Ай-күннің аманында,
Әр қилы заман көрдім.
Ескі ай есіркедің,
Кеп жетті тамам дер күн.
Қоштасып ескі аймен,
Жаңа ай саған келдім.
Жаңа ай жарылқай көр,
Иіліп сәлем бердім!*

Сонымен қатар, дәл осындай салт-дәстүрге байланысты келесі бата баланы бесікке салғанда айтылатын бата беру мәнді сөйлеу актісі. Мысалы:

*Атыңды қойды, атың бар.
Текті атадан затың бар.
Өмірі ұзақ болсын деп,
Тыштымадан татыңдар.*

*Жарқын болсын көңілің,
Ұзақ болсын өмірің.
Бесікке салдым ырымдап,
Өмірдің көр жеңілін.*

Қорытынды

Қорыта келе айтқанда, зерттеулер нәтижесінде екі тілді салыстыра отырып бата тілек мәнді сөйлеу актілері уәжділіктері анықталынды. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерінің айтылу уәжділіктері мен орын алатын сөйлесім жағдаяттарындағы прагматикалық тұрғыдан талдау кезінде семантикалық топтары анықталынды. Жалпы адам баласы ықылым заманнан сөздің магиялық күшіне сенуіне байланысты ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де бата беру мәнді сөйлеу актілері бұрыннан бар. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата беру мәнді сөйлеу актілерінің лингвистикалық жасалу жолдары әр түрлі болғанымен аталмыш екі тілде де бата беру мәнді сөйлеу актілерінің семантикалық топтары мен сөйлесім жағдаятында атқаратын функциялары бірдей. Тілдердегі лингвистикалық бірліктерді салыстырмалы түрде зерттеу көбінесе тілдердің арасындағы лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауға өз септігін тигізсе, бата беру мәнді сөйлеу актісіне байланысты ағылшын және қазақ тілін салыстыра отырып саралаған зерттеудің нәтижесі аталмыш екі тілдің өзара ұқсастықтарын анықтады.

Зерттеу нәтижелері ағылшын және қазақ тілдеріндегі бата тілек мәнді сөйлеу актілерін сөйлесім жағдаятында коммуниканттардың жүзеге асыруларының уәжділіктерін болашақ мұғалімдер ағылшын студенттеріне оқытудағы негізгі оқу әдістемелік ұсыныстар ретінде қолданылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Вежбицкая А. Речевые акты / А. Вежбицкая // Новое в зарубежной лингвистике: [Сб. ст.]. – Вып. 16: Лингвистическая прагматика. – М.: Прогресс, 1985. – С. 251-276.
2. Трофимова Н. А. Экспрессивные речевые акты в диалогическом дискурсе. Семантический, прагматический, грамматический анализ: Монография //СПб.: Изд-во ВВМ. – 2008. – Т. 376.
3. Sharifi, S., & Karimipour, A. (2012). Thematic roles and grammatical features of cursing and blessing speech acts in Kurdish (Ilami Dialect). *Studies in literature and language*, 5(1), 54-58.
4. Hornby A.S. *Oxford Advanced Learner’s Dictionary of Current English*. – Oxford University Press, 2005. – 1780 p.
5. *Longman Advanced American Dictionary*. – Pearson Education Limited, 2000. – 1746 p.
6. *Merriam-Webster’s Advanced LEARNER’S English Dictionary*. – Encyclopaedia Britannica, 2014. – 1994 p.
7. Hovhannisyan A.S., Nikolyan L.Ts. *On Semantics of Blessings & Curses in English and Armenian*:

- Linguo-Cultural Perspective // Science and Education a New Dimension. Philology, VI (53), Issue: 182, 2018.
8. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. –576 б.
 9. ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ, 2-том, Алматы, 1973 – 640 б.
 10. Ахметжанова Ф.Р. Қазақ тіліндегі оң және теріс бата: Ғылыми басылым – Ф.Р. Ахметжанова, Ж.Қ. Ғафурова. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы, 2005. – 140 б.
 11. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
 12. «Бата дарып, бақ қонсын» / Республикалық ардагерлер ұйымы Орталық кеңесінің тапсырысы бойынша құраст.: Өмірзақ Озғанбай, Көпболсын Бекмағанбет. – Алматы: «Астана Медиа Пресс» баспасы, 2016. – 360 б.
 13. Қазақтың бата-тілектері мен өсиеттері. Құрастырған С.Негимов. Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2007. – 120 б.
 14. Кемешев Н. Ақ тілек, ақ бата. – Өскемен, 2010. – 100 б
 15. Машимбаева А.Ж. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы. Филология ғыл.канд. дисс.автореф. – Алматы, 2009.

REFERENCES:

1. Vezhbitskaya A. Speech acts / A. Vezhbitskaya // New in foreign linguistics: [Sat. Art.]. – Issue. 16: Linguistic Pragmatics. – М.: Progress, 1985. – S. 251-276.
2. Trofimova N. A. Expressive speech acts in dialogical discourse. Semantic, pragmatic, grammatical analysis: Monograph // St. Petersburg: Publishing house of VVM. – 2008. – T. 376.
3. Sharifi, S., & Karimipour, A. (2012). Thematic roles and grammatical features of cursing and blessing speech acts in Kurdish (Ilami Dialect). Studies in literature and language, 5(1), 54-58.
4. Hornby A.S. Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English. – Oxford University Press, 2005. – 1780 p.
5. Longman Advanced American Dictionary. – Pearson Education Limited, 2000. – 1746 p.
6. Merriam-Webster's Advanced LEARNER'S English Dictionary. – Encyclopaedia Britannica, 2014. – 1994 p.
7. Hovhannisyan A.S., Nikolyan L.Ts. On Semantics of Blessings & Curses in English and Armenian: Linguo-Cultural Perspective // Science and Education a New Dimension. Philology, VI (53), Issue: 182, 2018.
8. Kazakh literature. Encyclopedic reference book. – Almaty: Aruna Ltd. LLP, 2010. –576 p.
9. KAZAKH SOVIET ENCYCLOPEDIA, Volume 2, Almaty, 1973 – 640 p.
10. Akhmetzhanova FR Positive and negative blessings in the Kazakh language: Scientific edition – FR Akhmetzhanova, Zh.K. Gafurova. – Ust-Kamenogorsk: S. Publishing house of EKSU named after Amanzholov, 2005. – 140 p.
11. Baitursynov A. Literature guide. Research and poems. Almaty: Atamura, 2003. – 208 p
12. "Bless the garden" / Compiled by order of the Central Council of the Republican Organization of Veterans: Umirzak Ozganbay, Korbolsyn Bekmaganbet. – Almaty: Astana Media Press Publishing House, 2016. – 360 p.
13. Blessings and precepts of the Kazakh people. Compiled by S. Negimov. Almaty: Ana Tili Publishing House LLP, 2007. – 120 p.
14. Kemeshev N. White wishes, white blessings. – Ust-Kamenogorsk, 2010. – 100 p.
15. Mashimbaeva A.Zh. Suggestion and pragmatics of words of blessing. Candidate of Philological Sciences, dissertation author's abstract – Almaty, 2009.

Сведения об авторах:

Мейрбеков Асылбек Кайратбекович – Международный казахско-турецкий университет им.Х. А. Ясави, PhD, г. Туркестан, А. Байтұрсынов №2/ 3,87719159784, a.meirbekov@mail.ru

Сарсембаева Нурсулу Оралбаевна – магистрант 2-го курса Международного казахско-турецкого университета им. Х. А. Ясави, г. Кызылорда, Керейтбаев 39 / 1, 87077160195, n.sarsembayeva@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Мейрбеков Асылбек Қайратбекұлы – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, PhD, Түркістан қаласы, А.Байтұрсынов №2/ 3, 87719159784, a.meirbekov@mail.ru

Сарсембаева Нұрсұлу Оралбайқызы – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2 –ші курс магистранты, Қызылорда қаласы, Керейтбаев 39 /1, 87077160195, n.sarsembayeva@mail.ru

Information about the authors:

Meirbekov Asylbek Kairatbekovich – International Kazakh-Turkish University named after H. A. Yasavi, PhD, Turkestan, A. Baitursynov No. 2/ 3, 87719159784, a.meirbekov@mail.ru

Sarsembayeva Nursulu Oralbayevna – 2nd year Master's student of the International Kazakh-Turkish University named after H. A. Yasavi, Kereitbayev 39 / 1, 87077160195, Kyzylorda, n.sarsembayeva@mail.ru



Г.Ж. ӨТЕМІСОВА^{1*}, Р.Қ. ӨМІРБЕКОВА²
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
(*e-mail: Gumi_kaz@mail.ru)

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ШИРЕГІ ЖӘНЕ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ТІЛІ (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша)

Аннотация: Бұл мақалада XIX ғасырдың соңғы ширегінде өмір сүрген Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тілі, сол тұстағы қазақ тілінің қалыпты жай-күйі, қоғам өмірі, әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірде болған түбегейлі тарихи өзгерістер туралы баяндалған. Сонымен қатар, төл жазба әдебиетіміздің қалыптасуы, араб, парсы, шағатай, орыс тілінен аударылып ауызша да, жазбаша да тараған аударма әдебиет өмірге келуі туралы жазылған. Сондай-ақ, ақындар өмір сүрген тұста қазақтың көркем әдебиеті тіліне енген араб-парсы сөздері жайында дәлелді мысалдармен түсіндірілген.

Түйіндемe сөздер: көнерген аталымдар, ақын-жыраулар тілі, XIX ғасырдың соңғы ширегі, эпикалық шығарма, әдеби тіл, айтыс, жазба әдебиеті.

ПОСЛЕДНЯЯ ЧЕТВЕРТЬ XIX ВЕКА И ЯЗЫК ПОЭТОВ (По произведениям Нуртугана и Еримбета)

Аннотация: В данной статье описывается язык произведений Нуртугана и Еримбета, живших в последней четверти XIX века, нормальное состояние казахского языка в то время, коренные исторические изменения в общественной жизни, социально-политической, экономической и культурной жизни. Кроме того, написано о формировании у нас оригинальной письменной литературы, появлении переводной литературы с арабского, персидского, чагатайского, русского, как устной, так и письменной. Это также объясняется убедительными примерами арабско-персидских слов, вошедших в язык казахской литературы еще при жизни поэтов.

Ключевые слова: устаревшие имена, язык поэтов и поэтесс, последняя четверть XIX века, эпические произведения, литературный язык, айтыс, письменная литература.

THE LAST FOURTH OF THE XIX CENTURY AND THE LANGUAGE OF POETS (On the works of Nurtugan and Yerimbet)

Abstract: This article describes the language of the works of Nurtugan and Yerimbet, who lived in the last quarter of the XIX century, the normal state of the Kazakh language at that time, the radical historical changes in public life, socio-political, economic and cultural life. In addition, it is written about the formation of our original written literature, the emergence of translated literature from Arabic, Persian, Chagatai, Russian, both oral and written. It is also explained by the examples of Arabic-Persian words that entered the language of Kazakh literature during the life of the poets.

Keywords: obsolete names, language of poets and poetesses, the last quarter of the XIX century, epic works, literary language, aityс, written literature.

Кіріспе

Сыр бойы ақын-жыраулары Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы өмір сүрген дәуір, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегі қазақ халқының әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірде болған түбегейлі тарихи өзгерістердің, әр алуан тартыстардың заманы болды. Қазақ қауымының бұрынғы патриархалды-феодалдық тұрмыс-күйінің іргесі әбден сөгіліп, Ресей империясына қараған отар ел кешетін әлеуметтік-экономикалық тіршіліктің тасы мықтап қаланды. Осындай өзгерістер қазақ халқының мәдени-рухани дүниесіне де жаңалықтар туғызды.

Ең үлкен оқиға – қазақ көркем әдебиетінің жаңа кезеңі басталды. Төл жазба әдебиеті туды. Араб, парсы, шағатай, орыс тілінен аударылып ауызша да, жазбаша да тараған аударма әдебиет өмірге келді. Қысқасы, қазақтың әр алуан жанрдағы, әртүрлі мазмұндағы жазба әдебиеті жанданып, түрлері көбейе бастады.

XIX ғасырдың соңғы ширегі қазақ тілінің статикасы (сол тұстағы қалыпты жай-күйі) мен динамикасына (дамуына) қоғам өміріне тікелей қатты әсер еткен дәуір болды.

Бұл кезеңде тілді пайдалануда бұқарашылдық (демократизация) сипаты болды, яғни жазба

әдеби тіл шағын топтың (айталық, ислам дінін уағыздаушылардың) мүддесіне ғана қызмет етпей, оған қалың бұқара мүддесін өтеу талабы қойыла бастады. Осының барлығы сөз етіп отырған дәуірде жазба әдеби тілдің екі типінің қатар өмір сүруіне әкеп тіреді. Бірі – қазақтың ескі жазба әдеби тілінің сол тұста «кітаби тіл» аталған түрі, екіншісі – қазақтың ұлттық жаңа жазба әдеби тілі.

«Сөз болып отырған кезеңде қазақ әдебиетінің жанрлары көбейіп, түрлене түскеніне, соған орай жазба тілдің жаңа стильдері пайда болғанына қарамастан, әдебиеттің поэзия жанры қазақ тілінің даму барысында басым (доминант) сала болып қала берді. Бұған бір жағынан сан ғасыр бойы күшті дамып келген бұрынғы қазақ поэзиясы дәстүрінің әрі қарай ұласа бергендігі негіз болса, екінші жағынан осы кезеңде жаңа реалистік әдебиет туып, оның да негізгі жанры болып поэзия, яғни ұлы Абай шығармашылығы тұрғандығы себепкер болды» [1, 191], – деп жазды Р. Сыздықова.

XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ поэзиясы негізінен ақындық мектепке көшті. Оның өкілдері кең даланың барша түкпірінен көптеп көріне бастады. Олардың әлеуметтік үні, жырлау мәнері, тақырып ауқымы, таралу шегі, мұра байлығы жағынан, сөз жоқ, бір қатарда тұрмады. Шортанбай, Мұрат, Жанақ бастап, Сүйінбай, Шөже, Ақтан, Базар, Біржан, Жаяу Мұса сияқты байырғы дәстүрді әрі қарай жалғастырған Ыбырай Алтынсарин, Әбубәкір Кердері, Ақан сері Қорамсаұлы, Мағауия Құнанбаев сияқты ақындар да болды.

Ендігі тоқталатынымыз, XIX ғасырдың соңғы ширегінде Сыр, Арал өңірінен шыққан қазақтың даңғайыр ақындарының бірегейлері – Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы шығармашылығы.

Нәтижелер. Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы қазақтың ауызша дамып келе жатқан әдеби тіл үлгісін әрі қарай дамытушылар болды. Бірақ бұл дәуірде қазақтың бұрынғы поэтикалық мектебі өзгеріссіз қалмады. Ақындар шығармашылығының тақырып аясы да, мазмұны да, жырлау стильдері де өзгеріске ұшырады. Әрине, ілгері дәстүрден қол үзушілік жоқ; бұрыннан келе жатқан кәнігі теңеу, метафора, эпитет сияқты көркемдеуіш құралдарды көп өзгертпей жиі пайдалану Сыр бойы ақындарына да тән. Өлең өлшемдері: 7-8 буынды жыр ағымы мен 11 буынды қара өлең болып келеді. Сөйте тұра алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда байқалатын өзгешеліктер едәуір.

Аталған ақындардың шығармаларында ең алдымен, шындық суреті, нақтылық басым. Бұл кезде арнау өлеңдер мен портреттер, енді-енді көріне бастаған пейзаждық өлеңдер молырақ орын алады. Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы шығармаларында көбіне затты, құбылысты, адамды, оның мінез-құлқын, іс-әре-

кетін, сын-сипатын нақты суреттеу көзге түседі. Ерімбет Көлдейбекұлының «Халықтың қалсын сөзің құлағында» деген арнау-толғауында шайдың жақсы жағы мен жаман жағын айта келіп, түйе мен жылқы малдарының атауын өлеңнің тіліне енгізіп нақты суреттеу жасайды.

«Шай! шай!» деп шамадан сырт кетті халық,
Әй, сары су, ақырында құртасың сен!
Қала ма қатпа шөпті жеген түйе,
Сары су ішкен жылқы ықыласымен?!
Ішкенде шай сандықтың пұрыш болмасын,
Былғары, сабын, сірке, құрыш болмасын.
Таусылып табылмастай болғанынша,
Таза тұт тәрбияттан келсе шамаң,
Ойлама бар шығар деп шай жолдасың! [2, 106-109], – деген өлең жолдары кездеседі.

Нұртуған Кенжеғұлұлының «Көсем салған жол анық» арнауында:

Көп қатын алған найсап пен
Дүмшелер жатыр сұралып.
Өсек айтқан бай мен бек
Тілінен жүр байланып.
Күн бермеуші еді кедейге,
Бай алынды енді айналып [3, 247].

Бұл – әдеби тілдің сөздік қазынасына көптеген лексикалық топтардың молынан ене бастауы деген сөз. Әсіресе тұрмыстық лексика мен жалқы есімдер және адамның әр алуан қимыл-әрекетін білдіретін етістіктер өлең тіліне еркін араласады, осының нәтижесінде сөз мағынасының саралана түсуі немесе мағына ауыстыру процесі активтенеді.

Екіншіден, бұл ақын-жыраулар жеке туындылармен қатар, айтыс өлеңдерінің иелері. Ал бұл кездегі айтыс – тұрмыс-салттық тақырып шеңберінен шығып, әлеуметтік үн ала бастаған жанр. Демек, бұл – айтыстардың сөз байлығы да, көркемдеуіш құралдары да, тіпті көлемі де өзгерді деген сөз. Айтыс компоненттері монологке ауысады. Ал монолог – ақынның өз айналасына, заманына, өмірге, қоғам тіршілігіне, жеке адамның іс-әрекетіне, ойын, мінездемесін көрсететін сөз түрі.

Ақындар айтыста қарсыласын жеңу үшін тек тақырып, факт, логика, аргумент мықтылығын ғана көздеп қоймайды, сөз – образдың орынды, әсерлі әрі соны болуына да қам жейді. Ол үшін тілдік-көркемдік дүниелердің дәстүрлі түрлерін пайдаланумен бірге, жаңаларын да тудыруға тырысады. «Ерімбет пен қыз Жекейдің айтысында»:

Мен көлдегі көлбеңдеген қоңыр қазбын,
Сен шөлдегі қара бауыр боз бұлдырық.
Тауда өсіп, таста туған мейірімсіз,

Сен мені шақырасың үйде отырып! [2, 133] – деген өлең жолдарында көзін де қыз Жекейді де белгілі бір құстың образы арқылы суреттей отырып, әдемі теңеу жасайды.

Үшіншіден, ақындар әр алуан эпикалық шығармаларды (дастандарды, батырлық жырларды) тудырушылар мен таратушылар. Ақындардың

жыр-дастандарының тамыры бұрынғы поэзия дәстүріне терең бойлап кетеді. Авторлар ораз таңдауда болсын, суреттеуде болсын кәнігі сөздер мен тіркестерге иек артады. Солай бола тұрса да, бұларда нақты суреттеу басымдау. Нұртуған Кенжеғұлұлының «Мәулімнияз-Едіге» дастанында:

*Бадана көзді ақ сауыт,
Киген ерді тындырмас.
Байласаң белге ақ алмас,
Сілтесең мұнан жан қалмас!
Ілулі тұр сарыжа
Серіппесі қатты жауырынша
Тартатұғын ер керек [4, 168].*

Қаттау киген деніне,
Тақымға қысып көк сүңгі,
Байлаған алмас беліне.
Қорамсақтағы сұр жебе
Қырықтан асар кемінде [5, 20-21] – деп жырлап кетеді де «Шұбырынды ақтабан» дастанында соғысқа дайындық картинасын былайша суреттейді:

*Найзаны салып түйретті,
Садақты тартып үйретті,
Осылай баулап өсірді
Ұрпақты іске шыдамды [3, 340].*

Әрине бір қарағанда мұнда жаңалық жоқтай: картина бұрынғыша қимыл, іс-әрекет атау арқылы берілген, сөйлемдер шағын (бір тармақтық), өлең етістік ұйқасқа құрылған. Ал Ерімбет Көлдейбекұлының «Атымтай жомарт» дастанында соғыс құралдарына арналған мынадай жолдар кездеседі:

*Садағын сала байлап, асынып алмас,
Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас!
Арада бірнеше күн жол жүрген соң,
Бір күні түсті тұман жол таба алмас [2, 203].*

Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы осылайша қимыл құралдарды яғни, *ақ сүңгі, ақ сауыт, ақ алмас, сарыжа, жауырынша* сияқты қару атауларын өлең тіліне келтіріп, нақты суреттеу жасайды. Нақты сурет – тілдік қолданысқа өзгеріс енгізетін құбылыс: ол дәстүрлі эпитеттерге, кәнігі штамптарға көп жібермейді, оның есесіне сөздердің жаңа тақырыптық топтарын қосады, оларды сан жағынан молайтады.

Төртіншіден, тағы бір сипатты белгілерінің бірі – бұл кездегі ақындардың дені мұсылманша, сауатты болды [1, 194]. Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілінде де араб және парсы тілінен ауысқан сөздер қай кезең болса да едәуір орын алып келеді. Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтың ислам дініне енуі, там-тұмдап болса да мұсылманша оқу-ағартудың орын алуы, ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды.

Ақындар өмір сүрген тұста қазақтың көркем әдебиеті тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөл-

шерде кездеседі. Олардың бір тобын бұрынғысынша дерексіз ұғымдарды білдіретін, халықтың тіліне сінген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар мен дін иелерінің аттары құрайды. Одан қалды, бұл қатарда мәдени-рухани дүниелерге қатысы бар сөздер тұрады. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы автордың сауаттылығына байланысты болды. Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы мұсылманша сауатты болған адамдар. Ал мұсылманша хат танығандардың араб-парсы тілдерінен азды-көпті хабары болатыны даусыз. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан дүниелерде шет тілдік элементтердің, оның ішінде жалпыхалықтық сөйлеу тіліне енгендерден өзге сөздердің ұшырауы заңды. Оның үстіне қазақ тіліне бұрын еніп, фонетикалық жағынан қазақыланып кеткен сөздердің өзі Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында түркі тілдеріне жақындастырылып берілген. *Атымтай мұны естіп тұрады орнынан, Таниды ғақылы барлар сөз форманын [2, 204]. Омар ол ғаділ болсаң парықты ойла, Ғаділетпен заманында шашқан заңын [2,71]. Қысқаша жаздым қысылып, Артық көріп пәміңді. Дәмесіз қылған сауда халал Шариғат жолы нанымды [4, 46]. Пайғамбар Ғали Шерідей арыстанды, Рузадан шығармады рұқсат беріп [2, 294].* Мұнда *ақыл, әділ, әділет, адал, арам, ораза, әр* сөздері араб тіліндегі нұсқасынша *ғақыл, ғаділ, ғаділет, халал, харам, руза, һәр* түрінде келіп отырады.

Қазақ жазба дүниесінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы, әсіресе соңғы ширегіндегі араб-парсы сөздерін түпнұсқаға жуықтатып жазу орфографиялық норма болды. Демек, көптеген араб-парсы сөздерінің, әсіресе арабизмнің қазақ тілінде сыртқы тұлғасы жағынан дублеттік қатар түзіп (*өмір/ғұмыр, ғылым/ілім, әріп/харіп сияқты*) қолданылуы XIX ғасырдан басталды деуге болады. Мұның ізі бүгінге дейін жалғасып келеді. Ақындардың шығармаларының басым көпшілігінде тек қана дінге қатысты *пейіш, тамұқ, зекет, жаббар, құбыла, мүһмин, иман, құда, ахирет, тәкбир, сират, шайтан, махшар күні, құдайдың пәрмәні, раббы пір, сүннет, парыз, уәжіп, хатим қылу* деген «діни» сөздер оралады.

Талқылау. Сыр бойы ақындары Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы тілдерінде бұрынғы ақын-жазушыларда да, халықтың сөйлеу тілінде де қолданылмаған бірсыпыра араб-парсы сөздері орын алған. Бұрынғы қазақ көркем тілінің дәстүр-тәртіптерін берік ұстанған Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы өздері бейтаныс арабизм-фарсизмдерді мол қолданбаса да, тілге ене бастағандарын актив қолдану бағытын ұстанған. Мысалы, *гауһар, насихат, мехнат, уәж, харам, халал* сияқты сөздерді еркін қолданған.

Ал шын мәнінде аталған ақындар шығармаларында бұл – XIX ғасырдың II жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы ширегінде туған көркем

әдебиет жанры, оның ішінде поэзия дүниесіне қол артқан үлгілер. Олардың шығармаларының ерекшеленген негізгі белгілері: біріншіден, сюжетті, оқиғалы, көлемді шығарма болулары; екіншіден, тақырыбы мен сюжеті араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған үлгілерден алынғандықтары; үшіншіден, тілдерінде, әсіресе грамматикалық тұлға-тәсілдерінде шағатайлық, ескі қазақтың жазба дәстүр элементтерінің қатысуы болып табылады. Ақындар шығармаларында қазақ тілінде баламасы бар сөздердің орнына араб-парсы, шағатай, яғни көне түркі сөздерін қолданады. Мысалы, *нама (хат), рауан болу (жүріп кету), нама біту (хат жазу), ұғыл (ұл бала)* сияқты сөздерді діни мазмұнды өлеңдерде көптеп кездестіруге болады.

Қорытынды

Сөйтіп, аталған ақындар шығармаларының құрамындағы кірме сөздердің молдау қабатын араб пен парсы сөздері құрайды.

Сыр бойы ақын-жыраулары Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ерімбет Көлдейбекұлы сол кезеңдегі қоғамның мәдени-рухани өмірі мен діни ұғымдарға қатысты толып жатқан сөздер әкелді, сол замандағы сөйлеу тілін, оның ерекшелігін хатқа түсіріп, алуан түрлі сөздермен байытып отырды және қазақ тіліне көркем шығыс поэзиясының кейбір қонымды образдарын қосты, сол образдар арқылы жеке сөздер мен тұлғалар енгізді (*дүлдүл, аузынан дүр шашу, жер-жиһан т.с.с.*).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сыздық Р., Қазақ әдеби тілінің тарихы, «Арыс» баспасы, Алматы, 2004.
2. Көлдейбекұлы Е., Ұлағат сөзім ұрпаққа. Алматы, Маржан, 1995.
3. Кенжеғұлұлы Н., Кәнеки тілім сөйлеші...III том. Алматы, Маржан, 1994.
4. Кенжеғұлұлы Н., Кәнеки тілім сөйлеші... I том. Алматы, Ғылым, 1992.
5. Кенжеғұлұлы Н., Кәнеки тілім сөйлеші...II том. Алматы, Маржан, 1994.

REFERENCES:

1. Syzdyk R., Қазақ әдеби тілінің тарихы, «Arys» baspasy, Almaty, 2004.
2. Koldejbekuly E., Ұлағат сөзім ұрпаққа. Almaty, Marzhan, 1995.
3. Kenzhegluly N., Kәнеки tilim sejlेशi...III tom. Almaty, Marzhan, 1994.
4. Kenzhegluly N., Kәнеки tilim sejlेशi... I tom. Almaty, Fylym, 1992.
5. Kenzhegluly N., Kәнеки tilim sejlेशi...II tom. Almaty, Marzhan, 1994.

Сведения об авторах:

Өмірбекова Роза Қалдыбекқызы – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета имени Аль-Фараби, г. Алматы, проспект Аль-Фараби, 71, umyrbekova.roza68@mail.ru

Өтемісова Гүлмира Жеткергенқызы – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета имени Аль-Фараби, г. Алматы, проспект Аль-Фараби, 71, 87011393080, Gumi_kaz@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер:

Өмірбекова Роза Қалдыбекқызы – Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, аль-Фараби даңғылы, 71, umyrbekova.roza68@mail.ru

Өтемісова Гүлмира Жеткергенқызы – Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қ., аль-Фараби даңғылы, 71, 87011393080, Gumi_kaz@mail.ru

Information about authors:

Omirebekova Roza Qaldybekkyzy – Candidate of Philology, Associate Professor of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Al-Farabi Avenue, 71, umyrbekova.roza68@mail.ru

Utemisova Gulmira Zhetkergengyzy – Candidate of Philology, Associate Professor of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Al-Farabi Avenue, 71, 87011393080, Gumi_kaz@mail.ru

Г.М. РАЕВА^{1*}, Г.М. КЕНЖЕБАЕВА²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(*e-mail: raeva09@mail.ru)

СӨЗ СЕМАНТИКАСЫ: МАҒЫНА ЖӘНЕ ДЫБЫС

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тіліндегі сөз варианттарының лексика-семантикалық ерекшеліктері қарастырылып, тарихи түбірлес сөздер салыстырмалы әдіс арқылы анықталады. Екі түбір сөздегі дауысты дыбыстардың алмасуынан мағынаның лексика-семантикалық, стилистикалық өң алып ерекшеленуі талданады. Жуанды-жіңішкелі түбірлерде негізгі ой, іс-әрекет тіл арты дауыстыларымен айтылатын жуан түбірлерде орнықса, осы іс-әрекет нәтижесі тіл алды дауыстыларымен келетін жіңішке түбірлі сөздерге тән екендігі айқындалады. Тілдегі дыбыстар кез келген дыбыспен алмаспайтындығы, дыбыс сәйкестіктерінің белгілі бір алмасу заңдылықтары бар екендігі анықталады. Қазақ тілі және жергілікті тіл ерекшеліктерінің деректерін салыстыру арқылы дауысты дыбыстардың алмасуынан екі түбірдің мағыналық тұрғыдан саралануы, түркі тілдеріндегі жуанды-жіңішке дыбысталып варианттас келетін сөздердегі ежелгі жуан сөздерді қалпына келтірумен, тарихи түбірлес сөздерді анықтаумен байланысты қалыптасқан тарихи өзгеріс екендігі нақтыланады.

Түйіндеме сөздер: сөз, варианттар, сөз мағынасы, дыбыстық өзгеріс, жуанды-жіңішкелі сөздер.

СЕМАНТИКА СЛОВО: ЗНАЧЕНИЕ И ЗВУК

Аннотация: В данной статье рассматриваются лексико-семантические особенности вариантов слов в казахском языке, сравнительным методом определяются исторические коренные слова. Анализируется лексико-семантический, стилистический фон значения в двух однокоренных словах. Путем сравнительного освещения определяется, что в корнях с твердыми гласными сохраняется основная мысль, действие, а результат этих действий закрепляется в корнях с мягкими гласными. Выясняется, что в языке существуют определенные закономерности чередование, соответствие звуков. Сопоставляя данные особенностей казахского языка и его диалектов, уточняется, что смысловая дифференциация двух корней произносимые твердыми и мягкими гласными, представляет собой сложившиеся исторические изменения, связанные с восстановлением древних первичных твердо рядных слов в тюркских языках, которые определяют исторические коренные слова.

Ключевые слова: слово, варианты, семантика слова, звуковые изменение, твердые-мягкие слова.

SEMANTICS OF THE WORD: MEANING AND SOUND

Abstract: This article examines the lexical and semantic features of the variants of words in The Kazakh language, the comparative method is used to determine the historical root words. The lexical-semantic, stylistic background of meaning in two words of the same root is analyzed. By comparative illumination, it is determined that the roots with hard vowels retain the main idea, action, and the result of these actions is fixed in the roots with soft vowels. It turns out that in the language there are certain patterns of alternation, correspondence of sounds. Comparing the data of the features of the Kazakh language and its dialects, it is clarified that the semantic differentiation of the two roots pronounced with hard and soft vowels represents the established historical changes associated with the restoration of the ancient primary hard-row words in the Turkic languages, which determine the historical root words.

Key words: variant, word, word semantics, sound change, hard-soft words.

Кіріспе

Тіл-үнемі өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын тарихи категория. Тілдің дамуы мен кемелденуіне тікелей әсер ететін сөз бойында болып жатқан әр түрлі фонетикалық, лексика-семантикалық өзгерістер. Тіліміздегі жарыспалы түбірлердің пайда болуы мен өмір сүруі объективті заңдылық. Осы мағынасы тепе-тең сөз варианттарының тілде орнығып, игерілуі олардың мағыналарының сараланып, жіктелуіне ықпал етеді. Сөйлеушінің

тілдік элементтерді айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш түсірілмеуін көздеу бағытында ежелде тек жуан дыбысталған сөздердің “тілдің алдыға жылжу” процесі негізінде жіңішке түбірлермен ауысты. Осы тарихи құбылыстың нәтижесінде түбірлерінде жуанды-жіңішкелі дыбыстар алмасып қолданылатын мағынасы тепе-тең сингармониялық параллельдерді, яғни жарыспалы түбірлердегі дауыстылардың алмасуы лексика-семантикалық өзгеріс тудыратын тілдік

бірлікті қалыптастырды.

Материалдар және әдістер: Зерттеу барысында келесі әдістер пайдаланылды: нақты материалды зерттеу, жалпылау, түсіндіру, салыстырмалы-тарихи (қазақ тілі мен диалектілерінің, әдеби тіл мен жергілікті тіл ерекшеліктері материалдарын зерттеу кезінде) сияқты әдістерді қамтитын сипаттамалық әдістер. Мұндай кешенді тәсіл қазақ тіліндегі сингармоникалық нұсқалар мен параллельдерді жүйелі зерттеуге мүмкіндік берді. Тілдер тарихы тұрғысынан сөз мағынасы мен дыбыс өзгерістерін зертеудің маңызы келесідей: бұл құбылыс ежелгі тамырлар мен фонемалардың бұрынғы түрінде қалпына келтіру ісінде әдіснамалық аспектіде өте ерекше рөл атқарады.

Нәтижелер. Дауысты дыбыстардың алмасуынан жарыспалы екі түбірдің мағыналық тұрғыдан саралануы, біздің ойымызша, түркі тілдеріндегі жуанды-жіңішке дыбысталаып варианттас келетін сөздердегі ежелгі жуан сөздерді қалпына келтірумен қатар тарихи түбірлес сөздерді анықтауға септігін тигізеді. Қазақ тіліндегі *жалбыра-желбіре, жаудыра-жаудіре, жаутаңда-жаутеңде, қоқаңда-кекеңде, далпылдау-делпілдеу, далдаңда-делбеңде, далақта-делекте, қомпылда-күмпілде, қолбаңда-көлбеңде* де сияқты бірде жуан, бірде жіңішке айтылатын жарыспалы түбірлерді осындай тілдік бірлік қатарына жатқызуға болады. Мысалы, *шашы жалбырады немесе жапырақтай жалбырады* тіркестеріндегі *“дудырап жайылу”* және *“тербетіліп жайқалу”* мәнімен *“ту желбірейді”* дегендегі *“дамылсыз қозғалақтау”* ұғымы бір қимылдың әр сипатта өтуін аңғартады. Ал *жылжы* етістігінің *“бір нәрсенің белгілі бір бағытта ақырын қозғалуы”* мағынасы мен *“ілбі”* етістігін *“баяу қимылдау, әрең-әрең қозғалу”* мәндерінде де айырмашылық бар. Екеуі де баяу қимылдың атауы, бірақ, *“жылжу”* етістігі белгілі бір бағыттағы қозғалысты білдірсе, *“ілбу”* етістігі сол бағыттағы субъектінің мейлінше жай жүрісін, әрең-әрең қозғалысына мегзейді. Осындай ортақ мағыналарын сақтайтын жарыспалы түбірлер тілдегі синоним сөздермен біршама ұқсас болып келеді. Синонимдер әртүрлі дыбысталғанмен көбінесе мағынасы жақын болып келетін, бірақ әрқайсысының өздеріне тән мағыналық, не стильдік, не эмоциялық ерекшеліктері бар сөздер, ал сингармониялық параллельдер екі түбір сөздегі дауысты дыбыстардың алмасуынан мағынаның лексика-семантикалық, стилистикалық өң алып ерекшеленуі. Синонимдер белгілі бір ғана ұғымды білдірсе, сингармониялық параллельдердегі белгілі бір ұғымның қалыптасуы әр түрлі мағына тұтастығынан келіп туындайды. Осылайша синонимдер мен жарыспалы қолданылатын сингармониялық параллельдердің конотативті белгілері бірде тоғысып, бірде ажыратылып тұрады. Қазақ тіліндегі *аңыра* “бақырған дауыс шығару, боздау” – *еңіре* “ағыл-тегіл жылау, көз жасын көл қылу”; *сарқыра* “судың биіктен төмен қарай күшті

сарынмен құлауы, сұйық заттың, (су, сүт т.б.) қаты құйылуы, сорғалауы” – *сіркіре* “жаңбырдың себезгілеп бүркіп жаууы”; сабала “үсті-үстіне төпеу” – себеле “үсті-үстіне борау, төгіп-төгіп жіберу” мағыналарын беретін түбірлердің төркіндестігі фонетика, лексика-семантикалық тұрғыдан да айқын. Сондай-ақ қазақ тіліндегі *“бір затты өзіне қарай жылжыту, сүйрету”* деген қимыл атауы *“тарт”* етістігінен жіңішке дауыстыларға ауысу негізінде қару атауы *“терте”* *“арба-шананың көлік жегетін жетек ағашы”* сөзі жасалған. Ал *аст(ы)* *“бір заттың үстіне қарама-қарсы жағы мен үсті”, “үстіңгі беті, жоғарғы жағы”* антонимдік қатынаста тұр.

Сөз мағынасын өзгертетін фонетикалық әдісті айқындау сөздің пайда болуы мен мағына ажыратушылық функциясының қалыптасуымен тығыз байланысты. Тіліміздегі *ұңғы-үңгір, сыла-сіле, шоқы-шөкі, қыс-кісен* тарихи түбірлері жуандардың жіңішкеру, қатаңдардың ұяңдану үрдісі негізінде қалыптасқан варианттар. Мысалы: қазақ тіліндегі *үңгі* “бір жерді қуыстап қазу, үңгірлеу”. Осы сөзді жуандатсақ, *ұңғы* сөзі шығады. *Ұңғы* сөзі әдеби тілімізде бар “кетпен, шоттың, балтаның сапқа кигізетін қуыс жағы, сап кигізетін тұсы”. *Ұңғ-үңг* түбірінен семантикалық жағынан өзгешелігі бола тұрса да, “қуыс” деген ортақ мағына табылады (салыстырыңыз: *шұңқыр, үңгір* “таулы жерлерде кездесетін табиғи, я болмаса қолдан кеуектеп қазылған қуыс”). Сондай-ақ, “сілесі қатты” деген сөз тіркесіннің мағынасы “қатты шаршады, болдырды, діңкеледі”. «Сіле» сөзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды. Бұл сөзді жуандатсақ, “сыла” сөзі шығады. “Сыла” якут тілінде “күш, қуат” деген мағынаны білдіреді. Күш, қуаттың таусылуы қазақ тіліндегі “сілесі қатты” тіркесінде тұр. Сонымен қатар, тіліміздегі “бір шөкім” тіркесіндегі *шөкі* сөзін *шоқы* етістігімен параллель деп қарастыруға болады. *Шоқы* етістігінің мәні “құстың бір нәрсені тұмсығымен теріп жеуі”, ал “аспаңда бір шөкім бұлт жоқ” деген тіркестегі *бір шөкім* “үш саусақтың ұшымен шымшып алғандағы өлшем, азғантай, кішкене” деген мағынаны береді. Байыптап қарасақ, құстың тұмсығымен бір нәрсені теріп жеуі мына үш саусақтың ұшымен алғандағы мөлшерге саймасай. “Бір шөкім” мәні басқа ауыспалы мағынада қолданылмайды. Өзге түркі тілдерінде жуан дыбысталады: сар.ұйғ. т. *чүк пер* “только один”; шағ “маленький кусок от чего-либо, небольшая часть от целого предмета”, ал өзб. т. *чоғ* “малый, маленький”. «Шөкім» сөзін «шөк» етістігімен байланыстыруға негіз жоқ. Шөкі сөзін жуандатсақ, шоқы етістігі шығады. «Шөкі» сөзі зат есім тудырушы –м жұрнағы арқылы заттанып шөкімге айналған, кейінірек “бір шөкім” тіркесінде көрініс берген. Сондықтан, *шоқы-шөкі* тарихи түбірлес сөздер деп қарастырамыз. Бұл сөздердің “шұқы” етістігімен де сабақтастығы бар. Мағынасы “құралдың не қолдың ұшымен бір затты түрту, нұқу”.

Осы тәріздес тарихи түбірлер байланысы жуан сөздердің жіңішке варианттарымен салыстырғанда анықталып жатады. Мысалы, түсіндірме сөздікте “бір нәрсені екі заттың арасына салып сығу, жаншу” мағынасы “қыс” етістігі арқылы беріледі. “Қыс” етістігінен “қысаң” сын есімі туындайды, мәні “енсіз, тар”. *Қысаң-кісен* сөздерін байланыстыруға негіз бар. Кісен “темірден соғылған, малдың аяғына не адамның қолына салынатын кілті бар тұсау, темір бұғау”. Кісен аяққа немесе қолға салынғанда босап кетпей, қысып ұстап тұру үшін салынады. Өзге түркі тілдерінде башқ.т. *кысала* “рак”, ұйғ. диал. *қысмақ* “волосная петля для ловли птиц и зверей” [1;320]. Сонымен, «кісен» атауының қалыптасуына негіз болған қыс, қысу етістіктері деп зерделеуге болады. Осы «сыла-сіле», «шоқы-шөкі», «қыс-кісен» түбірлерін талдауда олардың мағыналық ұқсастықтарын, ортақ семаларын негізге алдық. Бір жағынан, мағыналық ұқсастық түбірдегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың өзгерісімен байланысты болса, екіншіден, функционалды семантика заңы бойынша заттың аты оның сыртқы формасына, қызметіне байланысты да қойылатынын ескердік. Дәл осы тәсілмен тіліміздегі *дәу* сөзінің жуан түбірі *тау*, *бүк* сөзінің жуан түбірі *бұқ*, *елес* сөзінің жуан түбірі көне зат есімі *алас* екендігін дәлелдеп, *жықпыл – секпіл* (зат ес) , *қауза – кеузе*, *қос-көш* (зат ес.) *бұршақ-бұршік* сөздерінің нақтылауға болады. Сөз мағынасының дамуы өте күрделі. Тарихи даму барысында әр түрлі фонетикалық, лексика-семантикалық өзгеріске түскен атаулар қазір мүлде басқа ұғымдарға ие болады. Сөз мағынасы өзгереді. Мысалы, *жантық-жәндік* параллельдерін алайық. *Жантық* 1. тұзу емес, қисық. 2. ауыс. астыртын арамдық істейтін жымысқы, пасық. Осы мағыналары арқылы жантық сөзі адам есімі ретінде тілде қолданыс табады. Ғашықтық жырлардағы «Жантық» -опасыздықты бойына жинаған, жағымсыз кейіпкер. Ал *жәндік* атауы “бақа-шаян, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейдің жалпы атауы”. Бұл мағыналық байланыс жантық-жәндік сөздерінің түбірлестігін дәлелдейді, дыбыстық та алмасулар белгілі а-е, ы-е, қ-к сәйкестіктерін көрсетеді. Мағына құрылымындағы әр түрлі архисемалардың болуы бірде жуан, бірде жіңішке түбірлердегі сөзді түрлі жағынан және әр түрлі абстракция деңгейінен қараудан болса керек. Мысалы, *жыңғыл-шеңгел* екеуі де “бұта”. Бірақ, *жыңғыл* 1. шөл , шөлейт жерде өседі. 2.өзен бойында өседі; *шеңгел* “гүл шашатын тікенек бұта”. Сөз мағынасын салыстыруда жуанды-жіңішкелі түбірлердегі ұғымның тоғысуы мен ажырауы семаның мағынасымен айқындала беріледі. Ықтималды семаларды анықтау жарыспалы түбірлердегі ұсақ семаларды салыстырудан қалыптасады. Тілімізде “*толағай*” зат есімі бар. Бұл сөзді тілші Р. Сыздықова түркі-моңғол сөзі деп анықтайды [2,152]. Мағынасы “*бас*” зат есім. “*Толағай*” қазақ тіліндегі “*делегей*” көне сөзімен тү-

бірлес. *Делегей* “ертеде қыздар киетін бас киім”, “еркектер киетін бас киім” семаларына ажырайды. Негізгі “*бас*” семасы «толағай» атауында тұрса, “басқа киетін киім” «*делегей*» мәнінде көрінеді. Сондықтан, «толағай» сөзіндегі «бас» семасы «*делегей*» түбірінің ықтималды семасы болып табылады. Жуанды-жіңішкелі түбірлерде негізгі ой, іс-әрекет тіл арты дауыстыларымен айтылатын жуан түбірлерде орнықса, осы іс-әрекет нәтижесі тіл алды дауыстыларымен келетін жіңішке түбірлі сөздерге тән. Мысалы, шаған “биік әрі діңі тұзу, бұтақсыз өсетін ағаш”, ал шеген “құдыққа қималанған ағаш”. Негізгі *шаған*-ағаш, ал ағаштың қималанған түрі “*шеген*”. Сондай-ақ, *тұта-түте* вариантын алайық, *тұта* “от алып жана бастау”, *түте* “түтіндеу, түтіннің бұрқырап шығуы”. От жанбаса түтіннің шығуы мүмкін емес, тұтанған оттан түтін шығатыны белгілі. Жуан түбірлерінде негізгі мағынасы бар параллель сөздердің мынандай түрі қазақ тілінде кездеседі:

қанта “бір нәрсенің тоздырмас үшін сыртынан қап жасау”;

күпте “заттың сыртын бір нәрсемен қаптау”;

тұтық “жекелеген сөздерді, буындарды дұрыс айта алмау”

түтік “қап-қара болып өңі қашу, түсі бұзылу”;

ұрпақ “тұқым жұрағат, нәсіл”;

үрпек “жаңа өсе бастаған түк”, “бұғанасы қатпаған жас бала”;

кәнік “дәнігу, дөндеп қалу”;

шау тартты “малдың, адамның қартайған кезі”;

шау тартты “қыран құстың қартайған шағы”;

өң ет. “ілгері басу, маңду, үдеу”;

оң ет. “жөні болу, жетісу”;

құбақан “ақ пен қоңыр түстің аралығы”, “қылаң боз, сұрғылт”;

көбеген “ерте туған қозы”.

Талқылау. Тіл өз бойында артық элементтерді сақтамайды. Қолданыста жүрген жуанды-жіңішкелі жарыспалы түбірлер бірде тілде орнықса, енді бірде қолданыстан шығып қалады. Мысалы, қазақ тіліндегі *ажа-әже* сингармониялық варианттардағы *ажа* сөзі “*ай дер ажа, қой дер қожа*” тіркесінде сақталса, «әже» сөзі тілдік нормаға айналған. Жарыспалы түбірлердің мағыналық өзгеріске түсуіне негіз болатын тілдік категориялар ортақ болып келеді. Солардың бірі – еліктеуіш сөздер. Белгілі ғалым, тілші А.Ысқақов: “еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстың не ашық, не қысаң болуы сол сөздің мағынасына әсер етеді. Еліктеуіш сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс ашық болса, құлаққа келетін табиғат дыбысы да қатты естіледі, қысаң болса ақырын естіледі. Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстардың я жуан, я жіңішке болуы да сөз мағынасына әсер етеді. Мысалы, *шыңқ етеді*, *шіңк-шіңк етеді* дегендердің мағыналарында дауысты дыбыстың жіңішке болуынан



сәл өзгеше болып тұр. Демек, одан дыбыс әлсіз болатыны, соған сәйкес лажсыздан ащы келетіні аңғарылады” – дейді [3,362]. Сондықтан түбірінде бірде жуан, тіл арты, бірде жіңішке, тіл алды дауыстыларынан жасалатын еліктеуіш сөздердің мағына ажыратушылық, сөз жасаушылық қызметіне назар аударған жөн. Қазақ тіліндегі *тоңқ-тоңқ*, *“солқ-солқ, зірк-зірк қозғалыс”* – *дүңк-дүңк* *“томырық, ұрт, қос еспе”*, *тық-тық* *“тырсылдаған дыбыс”* – *дік-дік* *“солқ-сол тық-тық”*, *тысыр* *“жүргенде, қозғалғанда шығатын дыбыс”* – *дүсір* *“тасұр-тұсыр еткен дыбыс”* т.б. жуан түбірлердің жіңішкеруінде қатаңдар өз алдына ұяңдармен алмасқан [3;362] – деп түбірдегі дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке болуы сөз мағынасын өзгертетініне назар аудартады.

Семасиология ғылымында сөз мағынасы – заттың, құбылыстың, я қарым-қатынас нәтижесінің адам санасындағы белгілі сәулесі. Тілде барлық жаңа мағына жоқтан бар болмайды. Оның пайда болуына тілдегі бар сөздік материалдар негіз болады. Сингармониялық параллельдердегі мағынаның саралануы бір жағынан тілдегі бар сөздің негізінде болса, екіншіден сол мағынаны көрсету мұқтажы сол сөздің семантикалық дамуына, сол сөзден жаңа сөз жасауға себеп болады. К.Хасанов: “адам санасында қалыптасуына қарай мағына екі жақты сипатқа ие болады. Олар коммуникативті (коммуникативті актіден сөз мағынасының бөлініп шығуы) және коммуникативті емес (қоғамдық практикадан алынған). Лексикалық мағына сөз ішінде ешқандай мағына сақтамайды, тек мағына компоненттерін (бөлік, бөлшек) сақтайды” – дейді [4,35]. Сондықтан жарыспалы сингармониялық параллельдердегі мағынаны коммуникативті сипаттау мағына құрылымындағы компоненттерді тізіп беруге мүмкіндік береді. Ал мағынаны дифференциялау бағыты арқылы айқындау, компонентті талдау мен лексиканың жүйелілігін зерттеудің нәтижесі болды. Бұл фактор мағынаның құрылымы, оның бөлшектенетіндігі туралы идеяны дамыта отырып, семасиологияда үлкен рөл атқарады. Семантикалық элементтердің көптеген түрін бөліп тануға және лексикалық функциялардың негізгі құрылымдық компоненттерін зерттеуге жол ашады.

Сөз мағынасын компонентті талдау үшін қажетті нәрсе аналитикалық анықтауысын табу. Сингармониялық параллельдердегі жуанды-жіңішкелі айтылатын түбірлердің жуан түбірінде негізгі ұқсастық сақталса, екінші жіңішке түбірінде сөзді нақтылаушы бөліктері орнығады. Мысалы, қалаңқа *“ықтарма, пана, таса”* – көлеңке *“күн көзінен саялап отыратын пана”*, *“уақытша баспана”*. Негізгі ұқсастық сөз *“пана”*, ал нақтылаушы сыңары *“көлеңке”* түбіріндегі 1. *“күн көзінен саялайтын”*, 2. *“уақытша”* семалары. Сондай-ақ қалқа *“пана, таса, ықтырма”* жуан сөзінің нақтылаушы сыңары жіңішке дыбысталатын

“күрке” сөзіндегі *“шағын, баспана, лашық”* семалары. Семалық нақтылаушы – семантикалық белгіні нақтылайтын семаның бөлігі.

шау тартты *“құстың қартайған шағы”*, *шау тартты* *“адамның қартайған шағы”* мағыналарындағы нақты сема *“құстың қартаюуы”*, *“адамның қартаюуы”* негізгі ұқсастық *“кезеңі, уақыты, шағы”*. Сөз мағынасы ұғыммен тығыз байланысты. Сөздің формасын жамылған ұғымның мазмұны сөздің мағынасы болады. Ал сингармониялық параллельдерде дауыстылардың еркін алмасуы нәтижесінде дыбысталу мен мағынаның саралануы қалыптасатындығы белгілі. Лексика-семантикалық өзгеріс оларға тән ұғымды сақтайды. Ұғымның сақталуы өз алдына мағына варианттарының ерекшеленуімен тығыз байланысты. Сондықтан сингармониялық параллельдердегі жаңа мағынаның пайда болуында шешуші рөл ұғымға тән. Тілде бар ұғымның әр қырынан нақтыланып, қолдану қызметіне қарай бір-бірімен ажыратылуы сөз мағынасын құрайтын жалпы семалар, оларға бағынышты басқа ұсақ семалардан да байқалады:

Мысалы, *балдырған-бүлдірген* параллельдерін салыстырсақ, ортақ ұғым сақталып, дифференциалды семалар бірнеше қатар түзеді. Мысалы:

балдырған: бүлдірген

1. *өсімдік 1. өсімдік*
2. *ұзын қуысты сабақты 2. топырақты жерде өсетін*
3. *үлкен жапырақты 3. ылғал жерде өсетін*
4. *мал жемейтін шөп 4. жер бауырлап өсетін*
5. *түп-түп болып өсетін*
6. *ұсақ тікенді өсімдік*

Аталған дифференциалды семалар *“өсімдік”* мағынасын беретін *балдырған-бүлдірген* атауларын бір-бірінен ажыратып, олардың қасиетін, формасы, пішінін айқындайды. Олай болса *“өсімдік”* аталған жарыспалы түбірлердің архисемасы болады. Ал архисема – ол семаның тірегі, ортасы болады, яғни семема құрылымында архисема ешкімге тәуелді емес, ол басқа семаларды тікелей немесе басқа сема арқылы архисеманы анықтайды. Екіншіден, архисеманы ерекшелендіретін қасиет оның жалпылығы мен жалғыз болмауы, басқаша айтқанда кез-келген мағына үшін бірқатар архисеманың болуы.

Мағына құрылымындағы әр түрлі архисемалардың болуы бірде жуан, бірде жіңішке айтылатын түбірлердегі сөзді әр түрлі жағынан әр түрлі абстракция деңгейінен қараудан болса керек. Мысалы, *жыңғыл-шеңгел* екеуі де *“бұта”*. Бірақ *жыңғыл 1. шөл, жерде өседі. 2. өзен бойында өседі, бойы 1-3 м; шеңгел “гүл шашатын тікенек бұта”*. Сөз мағынасын салыстыруда жуанды-жіңішкелі түбірлердегі ұғымның тоғысуы мен ажырауы құрамындағы семаның мағынасымен айқындала береді. Ықтималды семаларды анықтау жарыспалы түбірлердегі ұсақ семаларды салыстырудан қалыптасады.

Қорытынды

Тілдегі фонетикалық өзгерістер, оның ішінде жуанды-жіңішкелі түбір сөздердің қалыптасуы мен орнығуы саралануы мыңдаған жылдарды қамтып, сыртқы және ішкі тілдік себептермен өзгеріп, дамып отырды. Бұл жүйе кездейсоқ құбылыс емес-заңдылық. Сөйлеушінің тілдік элементтерді айтуға жеңіл болуын көздеу бағытында ежелде тек жуан дыбысталатын сөздердің “тілдің алдыға жылжу” процесі негізінде жіңішке түбірлермен ауысты. Осы тарихи құбылыстың нәтижесінде түбірлерінде жуанды-жіңішкелі дыбыстар алмасып қолданылатын мағынасы тепе-тең

сөздердің одан әрі дамуы тілдегі дыбыстардың алмасуы нәтижесінде бір-бірінен лексика-семантикалық тұрғыдан ажыратылған (мыс. жықпыл-секпіл, қауза-кеузе, қос-көш (зат ес.) сөздер тобын қалыптастырды. Бұндай сөздерді талдау жуанды-жіңішкелі сөздердің тарихи түбірлестігін нақтылайды, ежелде тек жуан түбірлі сөздер қолданылғанын дәлелдейді. Мағына саяси бірде кеңейе түсіп, бірде тарылады, түрлі бейнелі мағыналар үстемелеп, бірде соны мағына туады, заман ағымына қарай кей ретте сөз де, сөз мағынасы да мүлдем жаңарып, сөздің семантикасы екшеленіп отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Баскаков Н.А. Язык прииссыкульских уйгуров. -Алматы: Наука, 1978. – 48с.
- 2 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. -Алматы: Санат, 1994. – 189б.
- 3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -Алматы: Ана тілі, 1991. -383б.
- 4 Хасанов Ф. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы (қазақ тілі материалдары бойынша). -Алматы, 1997. -175б.

REFERENCES:

- 1 Baskakov N.A. Jazyk priissykul'skih ujugurov. -Almaty: Nauka, 1978. – 48s.
- 2 Syzdykova R. Sөzder seylejdi. -Almaty: Sanat, 1994. – 189b.
- 3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Morfologija. -Almaty: Ana tili, 1991. -383b.
- 4 Hasanov F. Sөzdiң leksikalық maғыnasynuң құrylymy (қазақ тілі materialdary bojnynsha). -Almaty, 1997. -175b.

Авторлар туралы мәліметтер:

Раева Гулзат Мағауовна – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, академик С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Алматы қ., Достық даңғылы, 13. 87072828028, raeva09@mail.ru.

Кенжебаева Гүлдарига Мерекебайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, академик С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Достық даңғылы 13, 87072089790, dariga64@mail.ru.

Сведения об авторах:

Раева Гулзат Мағауовна – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы имени академика С. Кирабаева, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы проспект Достык, 13. 87072828028, raeva09@mail.ru.

Кенжебаева Гулдарига Мерекебаевна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры казахского языка и литературы имени академика С. Кирабаева, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы проспект Достык, 13, 87072089790, dariga64@mail.ru.

Information about authors:

Raeva Gulzat Magauovna -candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh Language and Literature named after Academician S. Kirabayev, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Avenue, Almaty. 87072828028, raeva09@mail.ru.

Kenzhebayaeva Guldariga Merezhebayevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer of the Department of Kazakh Language and Literature named after Academician S. Kirabayev, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Avenue, Almaty. 87072089790, dariga64@mail.ru.

Б.М. СҮЙЕРҚҰЛ¹, С.Е. УМБЕТЬЯРОВА^{2*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Шығыстану факультеті
(e-mail: *umbetyarovas@gmail.com)

«МӘЛИКЕНІҢ МЫҢ ЖҰМБАҒЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ПРЕЦЕДЕНТТІ ЕСІМДЕР

Аннотация: Прецедентті есімдер – «ғаламның тілдік бейнесін» қалыптастыруда шынайы болмыстың көрінісі ретінде танылатын тілдік бірліктер және жалқының жалпылануы арқылы халық санасында ұлттық және мәдени бейнені қалыптастыратын және дамытатын маңызды құрал. Мақалада жұмбақ айтыс үлгісінде жазылған «Мәликенің мың жұмбағы» діни-әлеуметтік күрделі шығармасындағы антропонимдер мен олардың қазақ тілінде прецедентті есімге айналуы қарастырылады. Агионимдердің фразеологиялық және қазақ әдеби тілінің сөздігінде кездесу жиілігі анықталып, орыс және ағылшын тілдеріндегі мазмұндас, мағыналас тілдік бірліктермен салыстырыла талданады. Антропонимдердің, агионимдердің халық арасында фразеологизм, еркін тіркес, мақал-мәтелдерде қолданылу деңгейі анықталады. Сонымен қатар, мақалада аңыз әңгімелердегі агионимдердің прецедентті есім ретінде танылуы баяндалады. Осылайша, діни сипаттағы антропонимдердің социумның когнитивтік санасын қалыптастырудағы айрықша орны мен рөлі айқындалады.

Түйіндемe сөздер: прецедентті есім, агионим, антропоним, Мәликенің мың жұмбағы, теолингвистика.

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ИМЕНА В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТЫСЯЧА ЗАГАДОК МАЛИКЕ»

Аннотация: Прецедентные имена – языковые единицы, признанные проявлением истинного бытия в формировании «языковой картины мира» и важнейший инструмент, формирующий и развивающий в народном сознании национальный и культурный образ, превращая имена собственные в нарицательные. В статье рассматриваются антропонимы в сложном религиозно-социальном произведении «Тысяча загадок Малике», написанном на примере жумбак айтыс, и их перевоплощение в прецедентные имена в казахском языке. Выявлена частота использования агионимов в фразеологическом и толковом словаре казахского литературного языка, проанализировано их содержание и сопоставление со сходными языковыми единицами в русском и английском языках. Определяется уровень употребления антропонимов, агионимов в фразеологизмах, в свободных словосочетаниях, пословицах и поговорках. Также, в статье рассматриваются репрезентация агионимов в мифологии. Таким образом, выявляется особое место и роль антропонимов религиозного характера в формировании когнитивного сознания социума.

Ключевые слова: прецедентные имена, агионим, антропоним, Тысяча загадок Малике, теолингвистика.

PRECEDENT NAMES IN THE WORK «THE THOUSAND MYSTERIES OF MALIKE»

Abstract: Precedent names are language units that are recognized as a manifestation of true being in the formation of a "language picture of the world" and are the most important tool that forms and develops a national and cultural image in the national consciousness, turning proper names into common names. The article examines the anthroponyms used in the aityys «A Thousand riddles of Malike» and their transformation into precedent names in the Kazakh language. The frequency of using hagianyms in the phraseological and explanatory dictionary of the Kazakh literary language is revealed, their content and comparison with similar language units in Russian and English are analyzed. The level of use of anthroponyms and agionims among the population in phraseology, free phrases, proverbs and sayings is determined. Also, the article discusses the representation of Ageenkov in mythology. Thus, the special place and role of religious anthroponyms in the formation of the cognitive consciousness of society is revealed.

Keywords: precedent names, hagianym, anthroponym, A thousand riddles of Malike, the linguist.

Кіріспе

XX ғ.с. мен XXI ғ.б. тұтас бір мәдениетті немесе халықты тілдік бірліктердің, атаулардың ерекшеліктерін тану арқылы түсіну, этностың ерекшеліктерін анықтау, таным дүниесінің қырларын ашу – тіл біліміндегі жаңа белестердің біріне айналды. Сол себепті ғалымдардың назары антропоэзектік бағытқа бұрылғаны мәлім. Антропоэзектік бағыттағы зерттеулер сан қырлы қалыпта, тіл білімімен байланысты сан салада қарастырылды. Мысалы: онимдердің, соның ішінде антропонимдердің, басқа, ұлттық-мәдени, танымдық-когнитивтік қырынан зерттеліп-зерделенуі. Бұл мақалада «Мәликенің мың жұмбағы» шығармасындағы прецедентті есімдерге айналған антропонимдерді және олардың өзге шығармада, өзге еңбектерде қолданылуын қарастырамыз.

«Прецедент» ұғымы тіл білімінде XX ғ.с. қарай Ресей ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған, ал прецедентті есімге Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Е.Л. Березович, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева, О.С. Боярских, Г.Г. Сергеева т.б. ғалымдар өз еңбектерінде тоқталады. Мысалы, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева Ресей және Америка мерзімді басылымдарындағы прецедентті есімдерді қарастыра келе, терминге анықтама беріп, денотативті немесе экстенционалды қолданылатын прецедентті есімдерге тоқталған [1, б. 2].

Қазақ ғалымдары Т. Жанұзақ, Т. Қоңыров, Е.Керімбаев, Қ. Рысбергін сынды ғалымдар көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлердің жалқы есімдерінің жалпы есімге ауысуын тілдің танымдық қызметімен байланыстырады. Профессор Т. Жанұзақов жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу мәселесін қарастыра отырып, көркем шығарма жалқы есімдері белгілі бір топтастырылған образды белгілеу мәнін ашқан. Қазақ әдебиетінде көптеген есімдер антономасия негізінде қолданылады. Осыған байланысты Т. Жанұзақов адам әрекеті мен психикасын ашатын бірнеше кейіпкерлерді көрсеткен: Қарабай (Қарынбай), Шығайбай – өте сараң адам, Асанқайғы – қайғымұңға берілген адам т.б. [2, б. 99]. Профессордың шәкірті Б.Ә. Көшімова осы тақырыпқа байланысты «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» атты кандидаттық диссертация қорғады [3].

Қазақ тіл ғылымында прецедентті тілдік бірліктер арнайы зерттеу нысаны ретінде Н. Таированың «Функционирование прецедентных текстов в русскоязычных и казахоязычных газетах» атты еңбегінде қарастырылған [4]. Ал теориялық және практикалық жағынан прецедентті есім мәселесін кеңірек қарастырған Г.Б. Мадиева [5].

Б.М. Сүйерқұл және Э.И. Избасарова бұл терминге мынадай анықтама береді: «Прецедентті есім дегеніміз – кең танымал прецедентті мәтіндер қатарына жатқызылатын немесе прецедентті жағдаймен байланыстырылатын дербес есім. Прецедентті сөйлем – тұлғаның сөзінде бірнеше мәрте қайталанатын сөйлеу және ойлау қызметінің қайтадан келтірілетін нәтиже» [6, б. 24]

Материалдар мен әдістер

«Мәликенің мың жұмбағы» – жұмбақ айтыс үлгісінде жазылған діни-әлеуметтік күрделі шығарма. Туындыда Үрім патшасының қызы Мәликенің Бықия данышпанға дінтану тақырыбында, атап айтқанда, шарифат, мұсылмандық қағидалар, парыз, сүннет сынды діни ұғымдар мен ер мен әйелдің, әке мен бала қарым-қатынасы тақырыбында қойылған сұрақтары мен данышпанның нақты да әсерлі жауаптары көркем баяндалады.

Туындыны әдеби шығарма ретінде оқып қана қою жеткіліксіз, ол антропоэзектік парадигмада, теолингвистикалық бағытта зерттеліп-зерделенуі қажет. Себебі шығарманың теонимдер, демононимдер және т.б. діни ұғымдар қоры өте бай. Мысалы, айтыста 30-ға жуық пайғамбар, 10-ға жуық бинарлық ұғым, тоғыз бас мұхаррам періште туралы мәліметтер келтіріледі.

Нәтижелер

Әр нәрсенің түп бастауында Алла тұратындықтан, шығармадағы діни атаулар да Алла сөзінен басталады:

Патша Мәлік, Алладан тілеп бала,

Мекке барды қырық түйе құрбан шала [7].

Алла – он сегіз мың Ғаламды, Қиямет-қайымды жаратушы Құдай, асқан құдірет иесі [8, б. 424]. Шығармадағы жаратушыны атау кезінде «Алла» сөзі басымдыққа ие, яғни мәтінде ол шамамен қырық рет қайталанатын, «Құдай» сөзі екі рет кездессе, «Тәңір» сөзі мүлдем жоқ. Бұл шығарманың Тәңіршілдік немесе басқа діндерді қатыстырмай, тек Ислам дініне негізделіп жазылғанын дәлелдейді.

Бір Алланың атымен басталған айтыста Адам ата (а.с.) мен Мұхаммед (с.а.с) арасында өмір сүрген пайғамбарлардың өздеріне тән қасиеттері мен қысқаша тарихынан хабар береді. Ескеретін бір жайт, пайғамбарлардың басқа да тарихи тұлғалардың есімдері әр түрлі нұсқада кездесетіндіктен, біз сілтеме алынған дереккөздегі нұсқасын сақтап жазуды жөн көрдік.

Хазіреті Адам (а.с.) – адамзаттың түп атасы әрі алғашқы пайғамбар. Алла Тағала оны жоқтан бар етіп, топырақтан жаратқан. Кейінірек оған серік әрі жұбай ретінде сол қабырғасынан Хазіреті Хауа ананы жаратты. Алланың әмірімен періштелер оған сәжде етті, тек Ібіліс қана сәжде етуден бас тартты. Алла Адам ата мен Хауа ананы алғашқыда жәннатқа орналастырды. Бірақ олар шайтанның арбауына түсіп, тыйым салынған ағаштың жемісін жеп, жәннаттан шығарылып, жер бетіне түсірілді. Кітап ретінде Хазіреті Адамға (а.с.) 10 парақ түскен [9]. «Адам ата мен Хауа ана» қиссасында былай делінеді: «Бұрыннан келе жатқан мынадай әңгіме бар. Адамнан сұрапты: «Сіз не себепті Адам атандыңыз?» – деп. Жауап беріпті: «Ли инни халиқта мин адим ал-арзи». Яғни: «Мен жерің терісінен жаратылдым». Араб Тілінде жердің үстіңгі қабаты «адим» делінеді» [9, б. 257].

Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) – адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) қасиетті Құран Кәрім түсірілген және ол ең соңғы иләһи заңдылықтардың жиынтығы болып табылады. Мұхаммедке (с.а.с.) 610 жылы 40 жасында пайғамбарлық ұлық міндет жүктеліп, 632 жылы 63 жасында Алла Тағаланың әмірімен бұл дүниеден озады [10]. Бұл ақпарат «Мәликенің мың жұмбағы» айтысында да кездеседі. Айтыста Мұхаммед (с.а.с.) есімі бірнеше рет кездеседі, Ислам дінінде, жалпы үмметі үшін орны ерекше екендігі аталып өтіледі.

Шығармада жиырма абзал пайғамбардың есімі аталады, олар: Адам ата, Нұх, Ибраһим, Исмағұл, Жүніс, Ыдырыс, Дәуіт, Лұт, Жақия, Жүсіп, Закария, Сәлім, Қайса, Сүлеймен, Қызыр, Айоп, Илиәс, Мұса, Жақып, Хақ Мұхаммед. Автордың абзал пайғамбар деп отырғаны Құран кәрімде аты аталған пайғамбарлар. Сонымен қатар, «нәби» мен «мұрсалдың» да айырмашылығын көрсетеді:

Нәбилер Жәбірейілді түсінде көрген,

Ояуында періште сөзіне ерген.

Ал мұрсалдар бұларға ұқсамайды,

Ояуында періште кеп оларға хабар берген [7].

Исламда пайғамбарларды «нәби» және «расул» деп бөлетіні белгілі. Расул – Алла тарапынан кітап түскен, Жәбірейіл періште арқылы тікелей уахи алған пайғамбар болса, нәби – Алладан түс арқылы уахи алған пайғамбарлар.

Әрбір пайғамбарға Алланың берген мұғжизасы (қайталанбайтын керемет) бар екені хақ, солардың бірқатары айтыста аталған, мысалы:

Сегіз жәннат иманға болар мекен,

Иманың кәміл болсын берік бекем.

Мәлике, сен сұрасаң мен айтайын,

Сопылық Ыдырыс пайғамбардан қалған екен...

Дүние опасы жоқ бекер жалған екен,
Қызықтырып қу түлкі өмірді алдар екен.

Сабырлық бұл дүниеде мысал болып,

Абзал пайғамбар, Айоптан қалған екен [7].

Осылайша, «Сүлейменнің жүзігі», Дәуіттің қоржыны», «Мұсаның аса таяғы», «Ибраһимнің қошқары», «Ыдырыстың түйесі», «Нұхтың кемесі», «Зұлхарнайымның мүйізі», «Қайсаның білгірлігі», «Айоптың сабырлығы», «Жүсіптің түс жоруы», «Қызырдың ғылымы», «Сымағұлдың ыразылығы», «Адам атаның намазы», «Салихтың дұғасы», «Лұттың тас бораны», «Құзайырдың күпірі», «Шұғайыптың шүкірі», «Қадыр түннің қадірі» аталады.

Талқылау

Дәуіт пайғамбардың есімі Құранның он алты жерінде ұшырасады. Дәуіт пайғамбар хазірет Жақыптың ұлы, патша әрі пайғамбар болған тұлға. Оның есімі «Мәликенің мың жұмбағы» айтысында бірнеше рет кездеседі. Бірінде, Алланың қаһарына ұшырап 30 ұлынан айырылғандығы, кейін асқан сабырлығына Алланың ризалығы

ретінде Сүлейменді бергені, Дәуітке Зәуірді (Забур) түсіргендігі және Дәуіттің қоржыны туралы айтылады. Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың ішіндегі тағамы қанша жесе де таусылмайтын қасиетті қоржыны болған көрінеді. Қазақ халқында осыған байланысты «Дәуіттің қоржынындай» тіркесі қалыптасқан. Мысалы, Аяз би ертегісінде мынадай жолдар бар: «Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар» [11, б. 11].

Сүлеймен пайғамбар – Дәуіт пайғамбардың (ғ.с.) Құран Кәрімде аты аталатын ұлы, патша әрі пайғамбар. Діни аңыздарға сүйенсек, Сүлеймен пайғамбардың (а.с.) ұланғайыр билік, орасан зор даңқ пен ілімнің иесі болып, жан-жануарлардың, тірі жәндіктердің тілін білгендігі айтылады. Орыс және ағылшын тіліндегі еңбектерде Дәуіт пайғамбарды өмірде болған, шынайы кейіпкер, патша ретінде көрсетсе, Сүлеймен пайғамбардың шынайылығына күмән келтірушілер бар. Бұл біріншіден, Дәуіт пайғамбардың билік құрған кезіндегі елдің жағдайы қарапайым, тарихта аты қалған сол замандағы елдерге ұқсас болса, Сүлейменнің кезіндегі патшалықтың қиял-ғажайып ертегіге ұқсас болғандығы мен Сүлейменнен кейін қайтадан бұрынғы қалпына түсуімен байланысты. Екіншіден, пайғамбар ретінде Дәуіттің аты «Інжілде» көп кездеспейді, ал Сүлейменнің аты жиі аталып, адам сенбес құдірет иесі ретінде сипатталуына байланысты. Яғни, бұлар – скептикалық көзқарастың нәтижесінде туындаған еңбектер [12, б. 715]. «Мәликенің мың жұмбағында» Сүлейменнің он төртінші абзал пайғамбар екендігі және Дәуітке сабыры үшін Алланың разылығы ретінде берілген перзент екендігі аталады:

Он үшінші абзал болады ол көкке Қайса,

Адам байқұс не болады серттен тайса.

Он төртіншісі Сүлеймен патша болған,

Өлеңіме қосып келтірейін осылайша...

Бір нәрсе татиды екен мыңға дейді,

Мың нәрсе татымайды бірге дейді.

Отыз ұлға татыр бір Сүлейменді,

Дәуітке нығмет үшін берді дейді [7].

«Сүлейменнің жүзігі» тіркесі халық арасында тұрақты тілдік бірлікке айналған. Жүзікке байланысты халық арасында кең таралған аңыз мынау:

Сүлеймен пайғамбар ашуланып, ызаланған кезде, шыдамсыздық танытқанда “Не істеймін?”-деп бір данышпаннан сұрапты. Ол бір жүзік берген екен, онда: “Бәрі де өтеді” деп жазылыпты. Пайғамбар басына қиын жағдайға тап болғанда осы жүзікке қарап сабасына түседі екен. Бірде шыдамсызданған ол жүзікті лақтырып жібереді, бірақ ішкі бетіндегі жазуға назар аударады. Онда: “Бұл да өтеді” деп жазылған екен [13]. Осылайша халық ішінде «Сүлейменнің жүзігі» сабырлықтың, көркем мінездің символына айналған.

Ағылшын тілінде де «key of Solomon»,

«the lesser key of Solomon», «Solomon's knot», «Solomon's Seal» тіркестері прецеденттік есім ретінде қолданыста бар. Сүлеймен туралы аңызы Ислам дініндегі аңызбен мазмұндас, тұрақты тіркес ретінде де дәл сол мәнде қолданылады. Сонымен қатар, ағылшын және орыс тілдерінде «Сүлейменнің жүзігі» тағы бір мәнге ие: Ring of Solomon – a small line forming a semicircle around the base of the finger of Jupiter and usually held by palmists to indicate a love of and possible proficiency in occult studies [14]. Яғни, саусақтың түбінде жартылай шеңбер құрайтын кішкентай сызықты «Сүлейменнің жүзігі» деп атайды және оны махаббаттың символына балайды. Бұл тіркес ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде де бар [14].

Пайғамбар есімі жоғарыда айтылған аңыздан бөлек прецеденттік есім ретінде екі түрлі жағдаятта қолданылады:

Біріншісі, халық арасында мынадай қанатты сөз бар:

Қолда жүзік барында Сүлейменім Сүлеймен,
Қолдан жүзік кеткен соң Сүлейменім сүмірейген.

... Алла тағала Сүлейменнің қателіктері үшін жаза тартқызып жүзігінен айырады, Сүлеймен қарапайым адам қалпына түсіп, қиын күндер кешеді. Аңыз соңында Жаратқанның құдіретімен жүзігін қайта тағады. Бұл оқиға Шораяқтың Омарының «Нақ Сүлеймен» дастанында да сипатталады.

Жебірейіл нақтан келіп беріпті ілхам:

"Айтты – деп, – досың сәлем Сізге, сұлтан.

Таубасын тәрік айламай қабыл еттім,
Үш түрлі етті алжарыс қате баһам [15, б. 179].

Қазіргі кезде бұл «Жүзігі бар – Сүлеймен, жүзігі жоқ – сүмірейген» деген мәтелге айналып кеткен. Әркім бұл мәтелді әр түрлі түсінеді. Бірі «қолында билігі бардың, бағы артық та, билігі жоқтың соры қалың» десе, енді бірі бұл мақалдың сырын байлық пен кедейлік арқылы ашқысы келеді.

Екінші аңыз Наурыз мерекесінің пайда болуына қатысты туындап, халық арасында кең таралып кеткен. Жалпы Наурыз туралы әр түрлі гипотезалар ұсынады. Соның бірі Сүлейменнің жүзігі табылған күн наурыз мерекесі деседі. Ал тағы бір аңызда байланысты тағы бір аңызда былай делінеді: «Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татыпты. Содан бұл күнді – Ұлыстың Ұлы күні деп жариялайды» [13].

Нұх пайғамбардың мұсылмандар мен христиандар арасында жалқы есім ретінде кең таралғаны, ал «Нұх кемесі» немесе «Ноев ковчег» тіркесінің прецедентті ұғым ретінде кең танылғаны мәлім. Фольклорымыздағы:

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған... деген жолдар – осының айғағы.

Аңыз бойынша, Нұх пайғамбарға сенбеушілер: «Егер пайғамбар болсаң, кереметіңмен бізді жазала» – деп қасарысады. Осы оқиғаға байланысты Құран Кәрімде Нұх пайғамбардың Құдайға жалбарынып, дінсіздерге қандай шара жасайтыны туралы медет сұрағандығы айтылады. Алла Нұх пайғамбарға кеме жасап, өзіне ергендер мен жақындарын және дүниедегі тіршілік иелерінен бір-бір жұптан кемеге мінгізіп алуға бұйрық береді. Содан кейін «тандыр пештен қайнап шыққан су мен көктен саулап құйылған су» жер дүниені топан болып басады. Дінсіздер қырылып, кеме таудай толқын арасынан аман қалып, су қайтқан соң, тау басына тоқтайды [10]. Мифте Нұх пайғамбар адамзатты апаттан құтқарушы. Қиындықтан шығар жол тапқанда айтылатын символ, тілдік бірлік.

Айтыста бұл оқиға туралы Бықияның атынан мынадай үзінді келтіріледі:

Әр ұлттың өзіне тән бар отаны,
Билейді сол отанды бір сұлтаны.

Үлкенін дарияның сұрасаңыз,
Тарихтағы болып өткен Нұх топаны [7].

Фразеологиялық сөздіктегі анықтамасы: Нұх пайғамбардың кемесіндей (діни). Бұл жерде «қатер дариясында қалу» деген мағынада. Адам баласының келешегі тұйыққа тіреліп, топан су ортасында қалуы дегенді меңзейді [16, б. 226].

Орыс тілінде «Ноев ковчег» тіркесі адам толы ғимарат/мекен мағынасын береді. Дом большой: мало ли людей ходит в такой ноев ковчег, всех не запомнишь. *Ф.М. Достоевский* «Униженные и оскорбленные» [17, б. 72].

Мұса пайғамбар туралы Құран Кәрімде толығымен баяндалып, дүниеге келу оқиғасынан бастап егжей-тегжейлі айтылған. Анасы, әпкесі мен ағасы жайлы да үзінділер бар, тіпті, қайын атасы мен әйелі жайлы да аяттар бар. Құран Кәрімнің Таһа сүресінде: «Ол – таяғым. Оған таянамын. Онымен қойларыма жапырақ қағып беремін әрі онда басқа да істерім бар», – деген аят бар [1]. Бұл – көптеген аңыздар мен діни мифтердің негізіне айналған Мұса пайғамбардың аса таяғы. Айтыста Мәликенің:

«Басы жоқ, жаны да жоқ бұл дүниеде,
Шөп жеп, су ішеді, ол не еді?» – деген сұрағына
На Бықия былай жауап береді:

«Шөп жеп, су ішкен бұл дүниеде.

Ол Мұса пайғамбардың асасы еді» [7].

Зерттеуші Н.А. Оңдасынов «аса» сөзін өзінің «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінің» екінші томында былай деп анықтама береді: «(асан) аса – таяқ, жіңішке таяқ Мұсаның (О.Моисей) «қасиетті» асасы болыпты-мыс. Мұнда ол асасымен алуан түрлі ғажайыптар жасайды екен. Діни аңызда Мұса асасымен Ніл дариясының суын қақ бөліп, сол жерден өзінің Мысырдағы қауымын алып өтіпті-міс. Араб-иран тілдерінде аса-таяқ,



таяқша деген сөз». Аталған еңбекте «Аса-мұса – Мұсаның асасы, таяғы» деп берілген. Мысалы: «Жаппар ту сырты мұп-мұздай боп қоя берсе де, қобалжыған жоқ. Бірақ аяғының астынан *асай-мұсайын асынып Мұңкір-Нәңкірдің* өзі көтеріліп келе жатқандай, өне бойын біздің ұшындай дызылдатып бара жатқан әрі өткір, әрі сұп-суық бір тосын түйсік билеп алды» (Ә.Кекілбаев) [19, б. 56].

Қорытынды

Антропонимдердің, агионимдердің халық арасында фразеологизм, еркін тіркес, мақал-мәтелдерде қолданылу деңгейі пайғамбарлар туралы аңыз-қиссалардың көп таралуына байланысты. Ал бұл, әрине, орта ғасыр ескерткіштері мен кейінгі әдебиет теориясындағы ізденістермен де сабақтас. Мұндай қолданыстарды, мысалы, Хорезми «Мұхаббатнамесінен» де таба аламыз. Хорезми өз шығармасында Мұхаммед Хожа бекті мадақтап, оны білімді, салтанатты патша, тіршілік иесінің тілін білген Сүлеймен пайғамбарға ұқсастады, ал оның сұлулығын әлемде теңдесі жоқ Жүсіп пайғамбарға теңейді [20, б. 121].

Қазақ шежірелеріндегі өткен дәуірдегі тарихи тұлғалардың бейнелері туралы айта келіп, тарихшы-этнограф М. Алпысбес былайша ой қорытады: «...батырлардың ерлігі (батырлар жырында,

тарихи әңгімелерде), билердің шешендігі (билер сөзінде), қариялардың шежірешілігі, даналығы (қария сөзде), хандардың рахымдылығы (төрелер туралы әңгімелерде), байлардың дархандығы, әулиелердің кереметтері (агиологиялық мифтерде), сыншылардың сыншылығы, бектердің бектігі, мырзалардың мырзалығы, сондай-ақ әншілердің, ақындардың, жыраулардың өнері, қасиеттері – осылардың барлығы, бір жағынан, ұлттың тарихи-мәдени мұрасы болғанымен, екінші жағынан, ең бастысы, негізінен, өскелең ұрпақтың қалыптасуына тәрбиелік қызмет еткен. Тарихта өткен әрбір әйгілі тұлғаның әрекеттерін оңтайлы түрде оның жарқын жағынан да, көлеңкелі тұстарынан да көрсетіп, олардың мінезінен жақсы-жаман өнегесін көрсетіп тәрбиелей білген» [21, б. 42].

Қорыта келгенде, жазба жәдігерлерімізде кездесетін агионимдердің тілдік табиғатын антропозектік бағытта зерттеуде қол жеткізген нәтижелеріміз бен пайымдауларымыз қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттану, теолингвистикалық және ономастикалық зерттеулердің теориялық негіздері мен принциптерін дамытып, айқындай түсуге септігін тигізетіні анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ворожцова О.А., Зайцева А.Б. Прецедентные имена в российской и американской печати // Проблемы образования, науки и культуры. – 2006. – № 45. – 19 с.
2. Жанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алматы, 1982. – 177 с.
3. Көшімова Б.Ә. Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы: ҚР ҒА ТБ, 2001. – 28 б.
4. Таирова Н. Функционирование прецедентных текстов в русскоязычных и казахоязычных газетах: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы: КазГУМОиМЯ, 2002. – 28 с.
Классикалық шығарма қай уақытта болса да, ол классика болып қала бермек. Біздің санамызға ол ешбір өзгермеуі, әр түрлі кезең өкілдерін тамаша өнер туындыларымен таныстырып, эстетикалық ләззатқа, тәрбиелік тағлымға бөлеуі тиіс деген ой келеді. Дегенмен де, соңғы жылдарда креативті режиссерлер, оларды қайта қарап, театр өнері саласындағы жетістіктерге, өзінің логикалық ойлау ерекшелігіне байланысты интерпретация жасауға талаптануда және белгілі нәтижелерге қол жеткізуде. Осындай интерпретация жасалып сахналанған классикалық туындыларды айта кетуге болады: Астана опера, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, Астана мюзикл театрлары қойған Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсын (режиссерлер Франко Драгоне, Е.Нұрсұлтан, А.Маемиров), М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылған У.Шекспирдің «Король Лир» (Е.Нұрсұлтан) т.б. Бұл жерде осы аталған қойылымдардағы қол жеткен жетістіктер кейіпкерлердің сахналық бейнесін сомдайтын актерлердің «Егер де...» деген киелі күш арқылы К.С.Станиславскийдің жүйесіндегі «нысана», «орта», «дән», «қарым-қатынас», «сезім қисыны», «роль перспективасы», «әрекет арқауы» элементтерінің әрқайсысын өздері сомдаған сахналық бейнелеріне байланыстыра отырып жұмыс істей алу дағдысына тығыз байланысты деп ойлаймыз.

3. Нәтиже: «Сахналық бейне» құрастыру – ол актердің әрқашанда өзін-өзі «қамшылап», ішкі дүниесін аша, өзін-өзі көрсете білуі. «Рольді сезіну» актердің қыруар, тынымсыз еңбегінің нәтижесі болып табылады. Ол сомдайтын кейіпкердің бітім-болмысы, табиғаты мүмкін оның жүрегіне, күнделікті тыныс-тіршілігіне жақын емес те шығар. Бірақ актер оны күнделікті дайындық барысында, ой елегінен өткізе жүріп, өзінің дарындылық деңгейіне қарамастан, аз уақытта ма, ұзақ дайындықтан соң ба, шығармашылық үдерісте біртіндеп, «жоқтан бар жасап» жинақтайды. Нәтижесінде актер оны өз қолымен жасап, сахналық бейнеге алып келуі тиіс. Сахналық кейіпке ене білу ол тек шынайы таланттардың ғана қолынан келетін іс деп ойлаймыз. Г.А.Товстоноговтың сөзімен айтсақ, «шынайы кейіпке ену – біздің сахнамыздың төрінен әлі де жиі көріне бермейтін құбылыс» [Ливнев Д.Г., 1978. 95 стр.]

4. Талқылау: Алғашқы ұлттық театр өнеріміздің негізін қалаған аға буын корифейлеріміздің қай-қайсысын болса да жеке-жеке алып қарасақ,

олардың өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар, ерекше дарынды, тума талант болғандығын байқаймыз. Әдебиеттерден оқып білуімізше, олардың кейбірінің ешқандай өнер ордаларынан білім алмаған, тіпті кейбірі «қара танымайтын» алғашқы актерлеріміздің ойындарын көрген жұрт олармен бірге күліп, бірге жылап, ерекше күйге бөленеді екен, сондықтан да олардың қойылымдарына барып, көргісі келетін халықта есеп болмайтын болыпты. Олардың ерекшелігі де міне осында еді.

«Өзі күлдіргі әңгіме шығарушы, өзі ақын, әнші...», бесеудің жанжалын бір өзі орындап беретін» Қ.Қуанышбаев (М.Әуезов), «...домбырасы желкесіне өрмелеп, өлеңінен айрылмай қоса жүретін» Иса Байзақов (Е.Өмірзақов), «...елден шыққан, аршылмай жатқан қазына» Е.Өмірзақов (С.Сейфуллин) т.б. секілді халық арасынан суырылып шығып, актер өнеріне терең сүңгіп, өздерінің бойларына біткен ерекше қасиеттерімен көрермендердің «көзайымы» болған ерекше дарын иелері осылар еді. Бұдан түйіндейтініміз – осы ғажап дарынды жандардың бейнелерді сомдау қабілеттілігін бүгінгі таңда қалай жалғастырамыз, қалай жүзеге асырамыз, нендей қағидаларға сүйенуіміз керек, сахналық бейне сомдаудың түп-тамырын қайдан іздейміз, олардың сахналық бейне сомдауында қандай «сыр» бар деген сұрақтар туындайды. Әрине, сонау жылдардан бері қарай болып жатқан әртүрлі оқиғаларға, театр өнері саласындағы өзгерістерге байланысты, сахналық бейне құрастыру үдерісі де көптеген кезеңдерді басынан кешіргендігін, сахналық бейне құрастыру тәжірибесінде де үлкен өзгерістер болғанын аңғарамыз (мәні емес, көрінісінде).

Кезінде «Бейне дегеніміз не?» – деген сұраққа Вл.И.Немирович-Данченко былай деп жауап берген екен: «Сіз белгілі бір шығармаларды оқыған кезіңізде, сөзсіз өзіңіздің ішкі дүниеніңде оны басқаша көру, сезіну пайда болатындығын байқайсыз, бұл жерде тіпті Сіздің жеке ерекшелігіңіздің әсері де болуы мүмкін (ол авторлық идеяға қарама-қарсы немесе онымен сәтті түрде қиюласатын). Міне, осылай сіздің санаңызда жинақталатын құбылыс – ол бейне» [Немирович-Данченко В.И., 1952. 442 с.].

Өмірдің әр кезеңі, ондағы болып жатқан түрлі құбылыстарға байланысты қарайтын болсақ, бұл үдеріс өнерге де, оның дамуына да өз әсерін тигізбей қоймайтынын байқар едік. Оның үстіне, адамның зердесі де уақыт өткен сайын көп нәрселерді естен шығарып жібереді. Бірақ, жоғарыда көрсеткеніміздей әсерлі, тамаша, көркем, жарқын нәрселер оны көрген, санасына түйген адамдардың есінде мәңгі сақталып, оны келер ұрпаққа жеткізгісі келеді.

Роль сомдау барысында жоғарыда көрсетілген ешбір элемент назардан тыс қалмау керек. Одан өзге, рольге қатысты барлық материалдар-

ды жинақтап, оларды жан-жақты, мұқият ой елегінен өткізіп, қайталанбас, ешкімге ұқсамас роль сомдауға қажетті дейтін тұстарды, деректерді мүмкіндігінше шығармашылық, өзіндік «мен» деген өзінің табиғи талантымен байланыстыра, өрбіте түсуі қажет. Әрине, бұл жерде роль сомдауға қажетті барлық нұсқауларды режиссер тарапынан күтіп, тек соны ғана жүзеге асырып қарап отыруға болмайды, онда нағыз таптаурындылыққа кез боламыз.

Таптаурындылық туралы М.Байсеркенов былай деп көрсетеді: «Таптаурындылықтың төркіні кәсіпқойлық өнерден басталады. Өйткені, онда толғану, тебірену, рольдің ішкі дүниесін бастап кешу деген болмайды. Кәсіпқой актерлер тек жалаң сөздің өзін ғана баяндаушы. Мұндай жеңіл тәсіл оңайға түседі. Ал, рольдің сезімін жеткізу үшін ең алдымен бүкіл жан дүниеніңмен терең түйсінуің керек, түйсіну үшін тебіреніске бару керек. Кәсіпқой актерлер тебірене білмейді, сондықтан олар жалаң баяндаудың сыртқы пішінін ғана қанағат тұтады.

Мұндай әдіс – біреудің жан дүниесі мен жалаң сезіміне сырттай еліктеу болады. Актер ойын-өрнегінің осындай оңай түрін К.С.Станиславский сезімді келемеждеу (передразнивание чувств) деп атаған. Өйткені, кәсіпқойлық әдіс өрнегінде сезім мен рухани мазмұн болмайды.

Жалпы, таптаурындылық актердің шеберлік арсеналдарына жататын: қимыл-іс, ым мен ишарат, сөз саптауы мәнерінде ғана емес, шешім және ой толғау процестерінің бәріне тән қауіпті кінәрат. Сондықтан сахна санаткерлерінің күллі-

сі болып, таптаурындылық індетімен ұдайы күрес жүргізе беру керек. К.С.Станиславский өсиет етіп кеткен қағиданың бар мақсаты осы демекпіз [Байсеркенов М. 1993. 336 б.].

5. Қорытынды: К.С.Станиславский жүйесі элементтері қағидасының барлық ұсынылған жағдайын қамтып, бір мақала төңірегінде сипаттау мүмкін емес. Оның аясы сахналық кейіпкер бейнесін сомдау үшін жүргізілетін іс-әрекет секілді кең де, саналуан. Сондықтан біз өзіміздің ғылыми мақаламызда бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда жас буын актерлерге өте қажетті деп саналатын кейбір элементтерге ғана тоқталдық: ол ұсынылған тосын жағдайдың, вокалдық өнердің роль сомдаудағы маңызы, актердің қиял мен елестету әлемін меңгеруі, жалпы режиссерлік шешімнің анықталуы. Себебі, олар актер қиялының оянуына түрткі болады.

Бұл тек біздің жеке пікіріміз ғана, сондықтан сахналық кейіпке енудің сан қилы мәселелері мен қағидалары әлі де зерттеу тұрғысынан алып қарағанда «өз кезегін» күтіп тұрған үдеріс екендігін айта кетпекпіз. Біздің мақаламызда көтерілген мәселелер ол нақты бағдарламаны анықтап беру емес, киелі сахна өнерінің киелі ұстаздарының салып берген сара жолын меңгере отырып, әрі қарай іздену, шығармашылық тұрғыда өсу.

Егер біздің мақаламызда көрсетілген қағидалардың бірі назарға ілініп, қойылым қоюда өз орнын тауып жатса, онда біздің бағытымыздың дұрыс болғаны, міндетіміздің жүзеге асқаны.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бирман С. Труд актера. – М.-Л., «Искусство», 1939, 55 б.
2. Кенебаев О.С. Актер шеберлігінің элементтері. «Театр өнері» факультетінің студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы: КазНАИ им.Т.Жургенова, 2013 ж., 90 б.
3. Ливнев Д.Г. Предлагаемые обстоятельства и образ. Труд актера. Вып.24. М., «Сов.Россия», 1978. 95 стр.
4. Немирович-Данченко В.И. Театральное наследие: В 2 т. /Сост., ред., примеч. В. Я. Виленкин. М.: Искусство, 1952. Т. 1. Статьи. Речи. Беседы. Письма. 442 с.
5. Байсеркенов М. Сахна және актер («Станиславский жүйесі» әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). Оқу құралы. – Алматы, Ана тілі, 1993. – 336 б.

REFERENCES:

1. Birman S. Labor of the actor. – M.-L., "Art", 1939, 55 b.
2. Kenebaev O.S. Actor sheberliginiñ elmentteri. "Oneri Theater" Faculty of Students Terin Arnalğan onu-Adistemelik Ural. Almaty: KazNAA named after T. Zhurgenov, 2013, 90 b.
3. Livnev D.G. Proposed circumstances and image. The work of an actor. Issue 24. M., "Sov.Russia", 1978. 95 pages.
4. Nemirovich-Danchenko V.I. Theatrical heritage: In 2 volumes / Comp., Ed., Note. V. Ya. Vilenkin. Moscow: Art, 1952. T. 1. Articles. Speeches. Conversations. Letters. 442 s.
5. Bayserkenov M. Sakhna zhane actor ("Stanislavsky zhyesi") m onuñ tezisteri men negizgi zadylyqtary). Оқи құралы. – Almaty, Ana tili, 1993. - 336 b.

Сведения об авторах:

Ризабекова Инабат Ризабекқызы – Магистрантка 2 курса Образовательной программы Артист музыкального театра Казахской Национальной Академии искусств имени Т.К.Жургенова, г.Алматы, ул. Панфилова 127, 87029121932, inka.rizabekova@mail.ru

Карамолдаева Дана Омаржановна – кандидат педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой «Музыкальный театр» Казахской Национальной Академии искусств имени Т.К.Жургенова, г.Алматы, ул. Панфилова 127, 87783292296, k_arna@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер:

Ризабекова Инабат Ризабекқызы – Музыкалық театр артисі білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Панфилова көш.127, 87029121932, inka.rizabekova@mail.ru

Карамолдаева Дана Омаржановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, музыкалық театр кафедрасының меңгерушісі, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Панфилова көш.127, 87783292296, k_arna@mail.ru

Information about the authors:

Rizabekova Inabat Rizabekkyzy – 2nd year Master's student of the Educational program Artist of the musical theater of the Kazakh National Academy of Arts named after T.K.Zhurgenov, Almaty, st. Panfilova 127, 87029121932, inka.rizabekova@mail.ru

Karamoldayeva Dana Omarzhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department "Musical Theater" of the Kazakh National Academy of Arts named after T.K.Zhurgenova, Almaty, st. Panfilova 127, 87783292296, k_arna@mail.ru

З. САПАР^{1*}, Д.О. КАРАМОЛДАЕВА²

¹²Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан
(*E-mail: k_arna@mail.ru)

Е.БРУСИЛОВСКИЙДІҢ АЛҒАШҚЫ ОПЕРАЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Ғылыми мақалада Е.Брусиловский операларының музыкалық драматургия мәселелері қарастырылады. Олардың пайда болуы, мәнерлік құралдары, опералық драматургия құрастырудағы оркестрлік сүйемелдің ролі туралы сөз қозғалады.

Кілттік сөздер: Опера, музыкалық драматургия, мәнерлік құралдар, халық әндері, күйлері, либретто.

НЕКОТОРЫЕ ДРАМАТУРГИЧЕСКИЕ И КОМПОЗИЦИОННЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАННИХ ОПЕР Е.БРУСИЛОВСКОГО

Аннотация: В научной статье рассматриваются проблемы музыкальной драматургии опер Е. Брусиловского. Речь идет об их происхождении, выразительных средствах, роли оркестрового сопровождения в построении оперной драматургии.

Ключевые слова: Опера, музыкальная драматургия, выразительные средства, народные песни, кюи, либретто.

SOME DRAMATURGIC AND COMPOSITIONAL FEATURES OF E.BRUSILOVSKY'S EARLY OPERAS

Abstract: The scientific article deals with the problems of musical drama of E. Brusilovsky's operas. We are talking about their origin, expressive means, the role of orchestral accompaniment in the construction of operatic drama.

Keywords: Opera, musical drama, expressive means, folk songs, libretto.

1. **Кіріспе:** Халқымыздың ән-күйі, жыр-толғауы, терме-желдірмесі, қай-қайсысын алып қарасақ та, уақыт сынынан өтіп, биік шығармашылық тұғырға көтерілген «інжу-маржандары» болып саналады. Қазақтың кәсіби музыкалық өнерінің қалыптасып, әрі қарай дамуына бірден-бір себепкер болған да осы асыл қазынамыз, ұлттық музыкалық мұрамыз.

Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» опералары да осы халық ән-күйлері, терме-желдірмелерінен бастау алғандығы барша өнер сүйер қауымға жақсы мәлім.

Біз өзіміздің ғылыми мақаламызда алғашқы «үштік» операның құрамына кіретін Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» операларының кейбір көріністері арқылы оның музыкалық драматургиясы мәселелерін қарастырамыз.

2. **Материалдар мен әдістер:** 1934 жылы ең алғаш тұсауы кесіліп, қазақтың тұңғыш операсы атанған «Қыз Жібек», аттас лирикалық эпос негізінде дүниеге келді. «Сол кездегі Халық ағарту комиссары Т.Жүргеновтың қазақстан өлкелік партия комитеті қабылдаған қаулыдағы музыкалық

театр ашу жайлы шараларды іс-жүзіне асыруға бар күшін жұмсағанын атап өту керек», – деп жазады Қ.Жандарбеков [1. Жандарбеков Қ., 112 б.]. Ежелден келе жатқан халық мәдениетінің тамаша туындысы өзінің жаңа музыкалық келбетінде терең поэтикалық, музыкалық, мәнерлілігімен, көркемдік құралдарымен, жеткізілу формасының айшықтығымен, тақпақтық құрылымының, көркем бейнелерінің байлығымен, композициясының батылдығымен, драматургияның тұтастық мәселесімен ерекшеленеді. Либреттосын жазған Ғабит Мүсірепов (Либретто – италия тілінде libretto, нақтысы – кітапша деген сөз. Музыкалық-драмалық шығармалардың (опера, оперетта, бұрынырақта – кантата, ораториялар) сөздік мәтіні).

Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы күні бүгінге дейін сахнадан түскен жоқ. Қазіргі кезде еліміздің облыс орталықтарындағы барлық музыкалық-драмалық театрларда қойылуда. Ол барлық ұлттық тақырыпқа жазылған опералардың сенімді фундаменті болды. Көркем бейнелердің өзіндік ұлттық ерекшеліктері, олардың өміршеңдігі мен шыншылдығы оны халыққа тү-

сінікті және көрермендерге жақын етті. Композитор Евгений Брусиловский қазақ әуендерінің байлығын, әдемілігін, өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін заманауи симфониялық үндеу тіліне ауыстырды. Бұл композитордың өзіндік мақсаты, қызығушылығы емес, шығарманың мазмұнын халық әндерінің рухында жеткізуі барысында атқарған ерен еңбегі деп білеміз. Е.Г.Брусиловский ғасырлар қойнауынан келіп жеткен халық мұрасының үздік үлгілеріне жаңаша сипат, реңк беріп оның әрі қарай жандануына, кең көлемде таралуына мүмкіндік берді. Эпикалық поэманың поэтикалық бейнесі мен музыкалық бейнесінің бірлігі, үндестігі барлық шығарманың көркемдік тұтастығын анықтады, оны көркемдік толыққанды әсер ететін музыкалық-драмалық бейнелерге айналдырды.

Бұл туралы «Қыз Жібек» операсының алғашқы басылымы клавирінде жазған өзінің «Халық қазынасы» деп аталатын кіріспе сөзінде либретто авторы Ғабит Мүсірепов былай деп жазады: «Е.Брусиловский еңбектерінің, ең берісі, мынадай жақтарын жете бағаламау барып тұрған қиянат болар еді. Бірінші, ол либреттоның мазмұнына қарай Қазақстанның төрт бұрышында туған ән мен күйдің бәрін екшеп-елеп, осы тақырыпқа ұнамдыларын алып отырды. Осы беталыс арқылы батыстың ән-күйлері шығысқа жетті, оңтүстіктің ән-күйлері солтүстікке жетті. Бұрын бірінің ән-күйлерін бірі біле бермейтін алыс жататын елдер ұлттық ән-күйлердің өзінен байи түсті. Операға барған адам үйіне тағы бір жаңа ән алып қайтатын кездері болды...Сол алғашқы опералар арқылы мен Қазақстанның төрт құбыласының әндерін түгел үйрендім, домбыраға қоса аламын. Сол әндердің либретто жазуға да жәрдемі аз болған жоқ.

Екінші, драматургиядан хабары бар адам музыкалық драматургиядан да хабары болуға тиіс. Е.Брусиловский әрқайсысы өз бетімен туған халық әндерінен музыкалық драматургиясы толыққанды опералар тудырды...Ол – оқиғалық драматургия мен музыкалық драматургияны шебер қосақтай алды» [2. Е.Брусиловский, Ғ.Мүсірепов].

Осы орайда музыкалық драматургия түсінігі нені білдіретіндігіне тоқталмақпыз. Музыкалық-энциклопедиялық сөздікте ол былай талқыланады: «Музыкалық драматургия – музыкалық сахналық жанрдағы (опера, балет, оперетта) драмалық әрекеттерді музыкалық кейіпте жүзеге асыратын мәнерлік құралдар мен тәсілдер жүйесі. Музыкалық драматургияның негізіне өнер түрі ретіндегі драманың жалпы заңдылығы жатады: әрекет етушілер мен қарсы әрекет етуші күштердің шиеленістері мен жан-жақты ашылатын, айқын көрініс табатын орталық қақтығыс», драмалық ой-түйіннің біртіндеп дамуының белгілі бір кезеңдері (экспозиция, қақтығыс түйіні (завязка), дамуы (развитие), шарықтау шегі (кульминация),

түйіннің шешілуі (рязвязка) т.б.). Бұл жалпы заңдылықтар музыкалық драмалық өнердің қайсыбір түрлері болсын, олардың спецификалық ерекшеліктеріне, табиғи мәнерлік құралдарына байланысты көрініс табады, оның үстіне музыка әдеби драманың құрылымынан өзгеше, олардың композицияларының бір қатар ерекшеліктерін анықтап береді. Тарихи даму барысында драматургияны жүзеге асырудың белгілі түрлері қалыптасты: операда – речитатив, ария, ариозо, әртүрлі ансамбльдік орындау, хор; балетте – классикалық, характерлік билер, хореографиялық ансамбльдер. Бұлар өзгермейтін дүниелер емес, бірте-бірте уақыт өткен сайын вокалдық формалардың функциясы мен құрылымдарына да өзгерістер енеді. Мысалы, опералық драматургияда аспаптық музыка аясында қалыптасқан симфониялық дамудың екі-үш тәсілі арқылы байи түседі. Опералық шығармаларды симфонизациялаудың негізгі құралдарының бірі – кейбір кейіпкерлерге өзіндік тақырып немесе интонациялық кешен анықтап, бекітіп беруі.

Әдеби поэтикалық дереккөзбен салыстыра қарағанда «Қыз Жібек» операсының драматургиясына заманауи көзқарас А.Омарованың ғылыми очеркінде келтірілген. Автор операның музыкалық драматургиясын дәстүрлі айтыс жанрымен салыстыра отырып қарастырады.

Біз өз зерттеуімізде А.Омарованың осы пікіріне сүйене отырып, «Қыз Жібек» операсының музыкалық драматургиясына тоқталуды жөн көрдік. «Қыз Жібек» операсының бірінші пердесіне 18 музыкалық тақырып кіреді, 2 – пердеде 7 музыкалық тақырып қолданылған, 3 – перде 3 музыкалық-тақырыптан тұрады. 4 перденің 1-суретінде – 5, 2 суретінде – 2 музыкалық тақырыптар бар. Операның прологі іспетті «Көш керуен» музыкалық кіріспесі симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен әйелдер хорына жазылған. Бұл музыкалық кіріспе халықтың ең сүйікті эпосы «Қыз Жібек» шығармасының қайғылы тағдырынан хабар бергендей және операның сол сияқты аяқталатынын ескертетіндей. Өйткені оның музыкалық кіріспесіндегі өте ақырын орындалатын ауыр дыбыстар, оның фонындағы пайда болатын әйелдер хорының мәнерлілігі «өткен оқиғаға көз жүгіртіңіздер» дегендей әсер қалдырады. Одан соң екінші музыкалық тақырып басталады. Ол «Қыздардың шығуы және хор» деп аталады. Бұл музыкалық сахна өте ашық, нәзік дыбыстардан басталып, бірден көңілді қыздар хорына ұласады, кейінгі кезде бұл сахнада жігіттер хоры да қосылып әндететінін байқаймыз. Қыз Жібектің сахнаға шығуын күтетін сәт Жібектің серік қызы Дүрияның әні және әйелдер хорымен жалғасады. Әрі қарай ерекше музыкалық тақырып пайда болады. Ол Қыз Жібектің шығуы. Музыкалық драматургиядан хабары жоқ адам болса да осы музыка арқылы бір жылылықтың, бір өзгерістің бір әдеміліктің келе жатқанын байқайды. Әрі қа-

рай қыздар хоры «Гэкку» әнінің қайырмасымен Жібекті күтіп алады. Осы Қыз Жібектің шығуына дейінгі көріністі алсақ музыкалық тақырыптардың бір-бірімен шынайы жалғасып, әрекет желісін либреттомен бірдей әкеле жатқанын көреміз. Әрі қарай заңды түрде жастар сахнасы, әзіл-қалжың бір-бірімен қауышып, қуанышты кездесулерін паш ететін сахналар өтеді. Халық күйі «Айжан қыздың» тақырыбына қойылған «Қыздар биін», олардың ерекше әдемілігін кенеттен өз жігіттерімен шыға келген Бекежанның Қыз Жібекке деген сөзі тоқтатады. Осы тұста зерттеуші А.Омарованың көрсеткеніндей Бекежан және Қыз Жібектің серік қызы Дүрия және жеңгесі Батысайының арасындағы қайым айтыс үлгісіндегі диалог орын алады. Мысалы Бекежан:

«Ер арманы – Жібек,
Тұғырыңда түлеп,
Түлеуменен жүдеп,
Отырмысың, тотым?», – деген сөздеріне Батсайы:

«Отырмысың тотым?
қай уақытта болып ед
Жібек сенін тотың?»
Имену жоқ, сыйлау жоқ

Сенікі осы қай көку?, – деп қағытпа жауап береді. Әрі қарай бұл қақтығыс шиеленсе бастағанда Қыз Жібек араласады. «Оларды қайтесің Бекежан, көкірек барын естуші ек, күш көрсеткеніңе жол болсын», – деп Бекежанды тоқтатуға тырысады. Бекежан өзінің «жоқ, күшіммен бірге сөзім бар өзіңде» деген жолдармен әрі қарай өзінің ниетін, тілегін «Бір өзің – айтарым да, тындарым да...» деген ән жолдарымен білдіреді. Бұл сахна операда Бекежан мен Қыз Жібектің айтысы ретінде берілген. Бұл көріністегі Бекежан мен Қыз Жібектің тақырыптары ретінде алынған «Сары мойын» және «Раушан» әндері кейіпкерлердің музыкалық бейнесін дәл тауып, олардың ішкі қуатын дәл жеткізе білген. Біз бұл жерде айта кетпегіміз, айтыс жанрынан бөлек, әр кейіпкердің өзінің жеткізетін ойын сөз астарымен беруі. Мысалы, Бекежан өзін «қияда өскен мұзбалаққа», Жібекті «қызыл түлкіге» теңейді. Бекежанның өзіне деген сенімділігі «Тастүлек» әніндегі («Аққұм») «е-ги-гай-гик-кай» деген буындармен берілетін, тек қана қазақ әндеріне тән музыкалық көркемдік құралдар арқылы жеткізеді.

Астарлы сөзді өте жақсы түсінетін Жібек сөз арқылы Бекежанға жауап береді: «Бар айтарың осы болса, Бекежан мырза, сен де тоқтат ендеше», – деп жауап береді. Жібектің оның айтқан әніне, осылай жауап бергеніне шамданып, «солай дедің бе, көрермін кезінде» деп сахнадан шығып кетеді. Біз «Қыз Жібек» операсындағы музыкалық драматургия мәселелерін бірінші актіндегі Жібек пен Бекежан, Дүрия, Батсайы, хор сахналары арқылы барынша ашып көрсетуге тырыстық.

Е.Брусиловскийдің қаламынан туған келесі

туынды «Жалбыр» операсы. Либреттосын жазған Б.Майлин.

«Жалбыр» операсының негізгі кейіпкері – халық. Олар өзінің жарқын болашағы үшін күреседі. «Жалбыр» операсының музыкалық негізін құрайтын да халық әндері мен күйлері. Осындай, операның лейтмотиві іспеттес халық әні «Елім-ай» (Лейтмотив (нем. Leitmotiv, негізгі әуен деген ұғымды білдіреді). Музыкалық драмаға байланысты айтар болсақ, белгілі бір кейіпкердің, нәрсенің, құбылыстың, эмоцияның тағы басқа сипаттамасын білдіреді). Ән халқымыздың басынан өткен «Ақтабан – шұбырынды» деп аталатын жоңғар шапқыншылығы кезеңінде туған тарихи шығарма. «Елім-ай» әні арқылы операда халықтың музыкалық бейнесі берілген. Қайғы-мұңға толы бір дауысты әуен кәсіби композитор шеберлігі мен музыканың мәнерлік құралдары арқылы толыққанды, біртұтас халық образын жасап шығарады, симфониялық даму барысында «Тағдыр» тақырыбы өзінің жан-жақты көркемдік кейіпкермәнділік түріне енеді. «Елім-ай» әнінің интонациясы операның алғашқы дыбысынан бастап, соңғы финалына дейін бірде қайғылы, бірде қайратты, бірде жігерлі, бірде үрейлі түрде жан-жақты көрініс табады. Елім-ай әні немесе оның кейібір интонациялары сахналық көріністің қай тұсында орындалса да, ол міндетті түрде қақтығыстық жағдайлардан хабар береді. Музыкалық тақырыпты («Елім-ай») біртіндеп жарты тоңға көтеру арқылы халықтың ашу-ызасынан хабар береді. Лейт тақырып бұл жерде көтеріңкі, жігерлі, қуатты сипат алады. Бұл «Жалбыр» операсының шарықтау шегі.

3. Нәтиже: Егер «Қыз Жібек» операсында музыкалық драматургия негізі басты кейіпкерлердің вокалдық партиялары болса, «Жалбыр» операсында вокалдық партиялармен бірге, симфониялық оркестрдің ролі күшее түседі. Өйткені, мұндағы негізгі күш – халық. Оның ашу-ызасы, күш-қайраты, жігерін жеткілікті дәрежеде көрсете білуі, драматургия тұтастығы үшін симфония оркестрі аспаптарының тембрлік ерекшеліктерін, музыка тілі құралдарын өте шеберлікпен жеткізе білудің маңызы зор. Сондықтан да, опера желісіне негіз болған тарихи шындықтың үзілмейтін шынайы көрінісін тапқан.

«Ер Тарғын» операсы халықтың батырлық эпосы негізінде жазылып, музыкалық мәнерлік құралдары, музыка тілі арқылы ұлтымыздың өз байлығы – ән-күйі арқылы музыкалық драматургияның қайталанбас классикалық дүниесі дәрежесіне көтерілді.

4. Талқылау: Е.Брусиловский «Жалбыр» операсымен жұмыс істеу барысын былай деп еске алады: «Спектакльге арқау етіп, біз халықтың тамаша патриоттық әні «Елім-айды» алдық. Увертюраның өзінен «Елім-ай» әнімен басталатын

спектакль солистердің, хордың және оркестрдің қосыла орындайтын «Елім-ай» әнімен аяқталады. «Жалбырда» мен сондай «өзекті» әннің бірі – Ақан серінің «Құлагер» әнін пайдаландым. Бұл ашумен буырқанған кектің әні, қысқа ғана бірақ өте әсерлі ән... «Жалбырдағы» лирикалық жас қаһарман Елемес айтатын осынау жарқын ән оның ішкі жан сезімі мен мінезін әдемі бейнелейді. Әлбетте, осынау тақырыпты жоғары көркемдік-профессионалдық деңгейге көтеретіндей, пьесадағы кейіпкерлердің жеке басының романтикалық лирикасын революциялық күрестің пафосымен ұштастыра отырып, мазмұнын ашатындай шеберлік те, оған лайық ой-өріс те театрымызда әлі кемшін еді. Қалай десек те біз сол бір кезеңде қолдан келгеннің бәрін істеп бақтық», – деп еске алады Е.Брусиловский [3. Е.Брусиловский, 157 б].

«Операның кейбір сахналарының айтыс өнерімен байланысы айқын көрініп тұратындығын көптеген музыка зерттеушілері айқын байқайды және бұл мәселенің бұрын ешқайда көтерілмегені белгілі», – деп жазады музыка зерттеушісі А.Омарова [4. Кузембаева С., Егинбаева Т. 232 б.]. Оның пікірінше «Қыз Жібек» операсы негізінен халқымыздың дәстүрлі айтыс жанрына құрылған.

«Ер Тарғын» операсы 1937 жылы Ленинград қаласында қойылып, оған бұқаралық ақпарат беттерінде өте жоғары баға берілді. Соның бірі «Известие» газетіне жариялаған белгілі орыс жазушысы А.Толстойдың пікірі. Ол: «Бұл батырлық эпос қызу қанды қазақ музыкасының қазіргі заманауи тілінде бұрын байқалмаған таңғажайып сұлулықты ашты, парасатты, өр мінезді, таңқаларлық мейірімді халықтың жан-дүниесінің байлығы мен жомарттығын көрсетті. Мен ұлы Дала ны көрдім», – деп жазады.

Е.Брусиловскийдің алғашқы сөз текстісіз жаз-

ған операсы – Батырлық жыр негізінде жазылған «Ер Тарғын» (1937) жыл. Либреттосы музыкалық театр негізін қалаушылардың бірі талантты жазушы С.Қамаловтікі. Ол өз либреттосында халықтың батырлық жыры негізінде Тарғынның біртұтас, жинақы бейнесін құрастырады. Кейіпкердің өмірі халқына, еліне қызмет ету, бақыт кілтін іздеу, сырт жауларымен күреске арналады. Бұл операда 19 ғасырдың атақты әнші-композиторы Естай Беркімбайұлының (1868-1946) «Қорлан» әні үлкен маңызды роль атқарады. Осы әннің негізінде жатқан эмоциялық көтеріңкілік, сәтті бейнелілік, тебіреніске тола лиризм оны операның барлық шешуші драматургиялық түйінінде қолдануға мүмкіндік берді. Егер операның прологінде әуен тақырыбы жаулап алушылардан жапа шеккен халық бейнесі ретінде көрінсе, соңғы сахнасында әркет етуші халықтың азаттығы мен қуанышты сәтін бейнелейтін патетикалық бейнесі ретінде қолданылған. Бұл образды шешуде композитор музыкалық мәнерлік құралдарының өлшемдері, ырғақтары дыбыстардың саздық жүйелері, айшық-әшекейлерін түсіністікпен, шебер үйлестіруі арқылы қол жеткізген.

5. Қорытынды: халықтың бай музыкалық мұраларын, вокалдық мәдениетін «Қыз Жібек», «Жалбыр» «Ер Тарғын» операларында қолдана отырып, Е.Брусиловский нағыз өзіндік, халық ән-күйлерін сараптап, ой-елегінен өткізіп, «елеу-екшеуі» арқасында қайталанбас әндік драматургия құрастыра алды. Оның халықтың көркем және психологиялық тұрғыдағы терең де, сымбатты халық әндерін шебер қолдануы музыкалық жанрдың түрі – операның қалыптасқан біртұтас шығармасын сомдауға мүмкіндік берді. Е.Брусиловскийдің феномені де міне осында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жандарбеков Қ. Көргендерім мен көңілдегілерім /Әдеби жазбасын жасаған және құрастырған Ф.Оразаев. – Алматы: Өнер, 1989. – 112 б.
2. Е.Брусиловский, Ф.Мүсірепов «Қыз Жібек» клавиір. Алматы «Өнер» 1981 ж.
3. Е.Брусиловский // Жалын 3.4. 1994 ж., 157 б
4. Кузембаева С., Егинбаева Т. Лекции по истории казахской музыки. – Алматы, 2005. – 232 б.

REFERENCES:

1. Zhandarbekov Q. Kurgenderim men kildegilerim / Adebı zhazbasyn zhasagan zhane Arastyrgan F. Orazayev. – Almaty: Oner, 1989. -- 112 b.
2. E.Brutilovsky, F.Musirepov "Kyz Zhibek" clavier. Almaty "Oner" 1981
- 3.E. Brutilovsky // Zhalyın 3.4. 1994 f., 157 b
- 4.Kuzembaeva S., Eginbaeva T. Lectures on the history of Kazakh music. – Almaty, 2005. -- 232 b.

Сведения об авторах:

Сапар Замира – Магистрантка 2 курса Образовательной программы Артист музыкального театра Казахской Национальной Академии искусств имени Т.К.Жургенова, г.Алматы, ул. Панфилова 127, 87013133792, zami_happy@mail.ru

Карамолдаева Дана Омаржановна – кандидат педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой «Музыкальный театр» Казахской Национальной Академии искусств имени Т.К.Жургенова, г.Алматы, ул. Панфилова 127, 87783292296, k_arna@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер:

Сапар Замира – Музыкалық театр артисі білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Панфилова көш. 127, 87013133792, zami_happy@mail.ru

Карамолдаева Дана Омаржановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, музыкалық театр кафедрасының меңгерушісі, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Панфилова көш.127, 87783292296, k_arna@mail.ru

Information about the authors:

Sapar Zamira – 2 nd year Master's student of the Educational program Artist of the Musical Theater of the Kazakh National Academy of Arts named after T.K.Zhurgenov, Almaty, st. Panfilov 127, 87013133792, zami_happy@mail.ru

Karamoldayeva Dana Omarzhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department "Musical Theater" of the Kazakh National Academy of Arts named after T. K. Zhurgenova, Almaty, st. Panfilova 127, 87783292296, k_arna@mail.ru



МАУЛЕНОВ Г.С.

доктор юридических наук, профессор
Рецензия на учебник «Криминология», подготовленный
доктором юридических наук, профессором Алаухановым Е.О.

В 2013 году в юридической науке нашей республики произошло знаменательное и историческое событие – в г. Санкт-Петербурге (Российская Федерация) в издательстве «Юридический центр Пресс» был издан учебник «Криминология» (38 п.л., 608 стр.) известного казахстанского ученого-криминолога, доктора юридических наук, профессора, члена Союза писателей и журналистов Республики Казахстан Есбергена Оразулы Алауханова. Учебник стал очередным шагом, ранее им издавалась в России монография, тема: «Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений» (2005 год). Рецензентами учебника выступили выдающиеся ученые в области уголовного права и криминологии – доктор юридических наук, профессор О.Н. Ведерникова (судья Верховного суда Российской Федерации) и доктор юридических наук, профессор К.Р. Абдрасулова (заведующая кафедрой криминологии Ташкентского юридического института).

По устоявшейся традиции структура учебника представлена в двух частях: Общая и Особенная. В содержание Общей части учебника включены: предмет, система, методология криминологии, история ее становления и развития, преступность и ее основные характеристики, причины преступности, личность преступника, организация и методика изучения преступности, прогнозирование и предупреждение преступности, понятие и общая характеристика виктимологии, как одного из направлений криминологии (девять глав).

В Особенную часть учебника вошли шестнадцать глав, рассматривающих криминологическую характеристику отдельных видов и групп преступлений, в т.ч. организованная, коррупционная, женская, воинская, корыстно-насильственная, экономическая, пенитенциарная, неосторожная и др., отдельная глава рассматривает международное сотрудничество в области борьбы с преступностью, особенности организации сотрудничества стран СНГ в борьбе с преступностью.

Следует особо отметить, что наш коллега проявил авторский и порой оригинальный подход к решению некоторых проблем криминологии, изложенные в настоящем учебнике. Так, например, затрагивая проблему причинности в криминологии автор, на наш взгляд, справедливо отмечает, что она является общеправовой проблемой и студенты должны ее освоить не по учебнику криминологии, а по специальной литературе.

Совершенно справедливы высказывания автора и о том, что каждый ученый видит проблему преступности и преступника соответственно своей специальности и создает «свою» теорию о ней, ее причинах и людях, совершивших преступления.

Исследуя развитие криминологии в СССР, в т.ч. и в Казахстане, профессор А.О. Алауханов подчеркивает, насколько труден и непрост был путь развития и признания криминологии, как науки – от полного непризнания, отвержения, объявления лже наукой до признания в качестве теоретической основы, как для законодательства, так и для практики борьбы с преступностью.

При раскрытии криминологической характеристики преступлений автором приводятся статистические данные по республике о состоянии, структуре, динамике различных преступлений, конкретные практические рекомендации по их предупреждению.

Кроме того, свое логическое отражение в учебнике профессора Е.О. Алауханова нашли труды, как зарубежных, так и отечественных ученых и экспертов, среди них, Н.М. Абдиров, Н.А. Агыбаев, У.С. Джекебаев, С.Х. Жадбаев, Е.И. Каиржанов, И.И. Рогов, Г.Р. Рустемова, Н.Н. Турецкий и др.

Безусловно, отдельные положения научного труда, на наш взгляд, порой наталкивают специалистов на проблемы творческой дискуссии, в частности, соотношение социального и биологического в личности преступника; социально-психологический механизм совершения конкретных преступлений;

- роль конкретной жизненной ситуации в совершении преступления; понятие и классификация виктимности.

Но, как нам представляется, актуальность затронутых автором сложных криминологических вопросов является ярким достоинством самостоятельности профессора Е.О. Алауханова, как ученого, как автора более чем 20 монографий и учебников в области криминологии.

Особо выделим то обстоятельство, что рецензируемая работа автором посвящена его учителям и наставникам – доктору юридических наук, профессору, академику АЕН РК, Заслуженному деятелю науки и техники РК Елегену Изтлеуовичу Каиржанову и доктору юридических наук, профессору Юлдашу Мустафаевичу Каракетову.

В целом, учебник дает глубокие теоретические знания и пропагандирует криминологические знания. В целом, труд написан по-настоящему творчески, является фундаментальным и приносит значительный вклад в уголовно-правовую и криминологическую науку современного Казахстана.

Издание учебника профессора Е.О. Алауханова «Криминология», в большой степени, выдвигает авторитет казахстанской криминологии на международный уровень и станет всеобщим признанием заслуг многих поколений казахстанских криминологов, сложившихся за последние тридцать лет.

Следует только приветствовать выход Е.О. Алауханова на международную арену и пожелать ему в год его 55-летия со дня рождения продолжить неустанную работу по пропаганде криминологических знаний в нашей стране, не забывая слова знаменитого поэта «...И вечный бой, покой нам только снится!».

Не случайно в предисловии к учебнику наши уважаемые коллеги – российские ученые – доктора юридических наук, профессора З.С. Зарипов и С.Я. Лебедев отмечают, что учебник отличается логической завершенностью идеи, новизной взглядов и перспективой дальнейшего исследования.

Безусловно, изданный учебник, подготовленный профессором Е.О. Алаухановым для студентов и магистрантов (докторантов), преподавателей юридических факультетов, специалистов в области уголовного и пенитенциарного права, криминологии, а также всех заинтересованных лиц найдет широкое применение среди ученых и практиков.

АГЫБАЕВ А.Н.

доктор юридических наук, профессор КазНУ им.аль-Фараби, заслуженный деятель Казахстана
ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЙ ТРУД ПО КРИМИНОЛОГИИ

Недавно в Санкт-Петербурге издательством «Юридический центр-Пресс» издан учебник доктора юридических наук, профессора Е.О. Алауханова «Криминология» с объемом 42 п.л. Работа посвящена 20-летию независимости Республики Казахстан. Преступность и причины, ее порождающие всегда явились объектом пристального внимания человечества, которое постоянно ищет пути и средства эффективной борьбы с этим социальным явлением. На этой стезе особая надежда возлагалась на государство. Однако со временем стало понятно, что государство самостоятельно не в состоянии решить все возникающие сложные проблемы, что ведущая роль принадлежит обществу и его гражданским институтам. В своем выступлении на заседании Совета Безопасности Республики Казахстан 18 июня 1993 года Президент страны Н.А. Назарбаев отмечал, что «нужно ... поднять на борьбу с преступностью трудовые коллективы, широкую общественность, весь народ, средства массовой информации. Такой опыт у нас был накоплен». Люди разных профессий во все времена задумывались над истоками преступности, над тем, какие вну-

тренние или внешние силы заставляют человека нарушать уголовно-правовые запреты, даже под угрозой наказания. Естественно, что все они осмысливали вопросы преступности в контексте своего времени и его требований, на том уровне знания, который они застали или которого достигли собственными усилиями.

Как известно, непременным условием успешной борьбы с преступностью является понимание ее детерминантов. Криминология – это наука о борьбе с преступностью, ее детерминантов, которая должна опираться на современные реальности и возможности предупреждения преступлений.

Автор учебника, известный ученый, много работавший в области уголовного права и криминологии, в своем труде постарался изложить разные взгляды и позиции, но при обязательном условии, что они важны, даже необходимы для понимания того, что такое преступность и как с ней бороться.

В учебнике на базе современных подходов к структуре и содержанию криминологий рассматриваются предмет, система, методология и история криминологии, задачи и перспективы ее развития. Анализ преступности, личности преступников, причин и условий преступлений дается как в общем плане, так и применительно к конкретным видам преступлений.

С тех же позиций рассматривается проблема предупреждения преступности. Специально исследованы определенные виды преступности:

преступления против здоровья человека, корыстно-насильственная, организованная, коррупционная, экономическая, рецидивная, женская, пенитенциарная, воинская преступность, преступность террористического характера, преступный оборот наркотиков, международное сотрудничество в области борьбы с преступностью.

Учебник отличает оригинальный подход автора к решению некоторых проблем криминологии, в ней приводятся статистические данные и привлекается огромное количество научных и литературных источников. Книга написана доступным, образным языком и рекомендована для студентов, магистрантов, преподавателей юридических вузов и специалистов в области криминологий, а также для работников суда, прокуратуры и других правоохранительных органов, интересующихся проблемами предупреждения преступности. Настоящий учебник является фундаментальным трудом в области криминологии.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»

Халықаралық ғылыми журналы
Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.
Мемлекеттік қайта тіркеу №17778-Ж 03.07.2019 ж.
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз 2009 ж.
Халықаралық қайта тіркеу: eISSN 2788 – 6875, Париж, мамыр 2021 ж.
Басылым ай сайын шығады.

Международный научный журнал
Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009 г.
Гос. перерегистрация №17778-Ж 06.03.2019 г.
Международная регистрация: ISSN 2073 – 333X, Париж, март 2009 г.
Международная перерегистрация: eISSN 2788 – 6875, Париж, май 2021 г.
Периодичность издания ежемесячно.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған **заңтану, филология, педагогика, өнертану** ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

Мақалада отандық (Қазақстандық) авторлардың еңбектерін міндетті түрде қолдану керек. Сонымен қатар «Қазақстанның ғылым мен өмірі» журналының алдыңғы сандарында жарияланған авторлардың мақалаларына сілтеме жасауға кеңес беріледі.

Автор мақала жазу барысында өз еңбектеріне сілтемені азырақ жасап, басқа маңызды ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасағаны жөн.

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10» июля 2012 года №1082 рекомендован для научных публикаций.

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: **юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.**

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы.

Материалы редакцией не возвращаются.

В статье необходимо использовать труды отечественных (Казахстанских) авторов. При этом рекомендуется содержать ссылки на статьи авторов, опубликованных в предыдущих номерах международного журнала «Наука и жизнь Казахстана».

Самоцитирование в статье при написании автором научной работы допускается в наименьшем количестве.

Рекомендуется обратить внимание на значимые научные труды ученых мира.

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ

Халықаралық ғылыми журнал


№1 (156) 2021 жыл

Бас редактор:

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов


Басуға 15.03.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/8. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Көлемі 29,5 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №217

Редакция мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы 113 үй
web-site: naukaizhzn.kz, e-mail: nauka-zan@mail.ru



В ведущих учебных заведениях России презентованы научные издания- учебники, монографии, вышедшие в Казахстане под редакцией «Заслуженного деятеля Казахстана» д.ю.н., профессора Е.О. Алауханова.

Презентация прошла в Московской государственной юридической академии, в Московском университете МВД России и Рязанской академии права и управления ФСИНМЮРФ; Правовой академии МЮ РФ, а также 28 мая 2009 г, в МГУ имени М.В. Ломоносова с участием проф. Е. Каиржанова. Есберген Оразович – завкафедрой Судебной власти и у г, процесса КазНУ им. аль-Фараби, член союза писателей Казахстана, член Российской криминологической ассоциации, пт редактор международного журнала «Наука и жизнь Казахстана». Профессор О. Стар ков отмстил, что новый учебник «Криминология» отличает оригинальный подход автора к решению некоторых проблем криминологии, приводятся статистические данные и привлекается большое количество научных и литературных источников. Книга написана живым, образным языком, И том числе в книге «Криминология», подготовленной под редакцией профессора И.Рогова и профессора Е.Алауханов, появились новые гавы – «Бытовая преступность», «Медицинская преступность» и «Криминотеология», чем отличается от других учебников стран СНГ. Ученые России отметили, что подобные презентации учебников, посвященных криминологической науке казахстанских ученых, не проводились уже на протяжении двух десятков лет, Своими грудами, подчеркнули они, профессор Е. Алауханов укрепляет международное научное сотрудничество.



Журналға «Қазпочта» бөлімшелер арқылы жазылу индексі 74191

